

«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕ АҚ

ӘОЖ 502.521:502.175:549.28

Қолжазба құқығында

**КУРГАНБЕКОВ ЖАНГЕЛДИ НУРУМБЕТОВИЧ**

**Түркістан облысы аймағында көкөністерді өсіруде топырақ-өсімдік жүйесіндегі ауыр металдардың миграциялануын және трансформациялануын зерттеу**

6D060800-Экология

философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған диссертация

Ғылыми кеңесші:  
Т.ғ.к., доцент Утебаев А.А.  
М.Әуезов атындағы ОҚУ

Шетелдік ғылыми кеңесші:  
Б.ғ.д., профессор Мухамедов Р.С.  
Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының Генетика және өсімдіктер эксперименттік биология институты

Қазақстан Республикасы  
Шымкент, 2025

## МАЗМУНЫ

<b>НОРМАТИВТІК СЛТЕМЕЛЕР</b> .....	<b>4</b>
<b>ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР</b> .....	<b>5</b>
<b>БЕЛГІЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР</b> .....	<b>6</b>
<b>КІРІСПЕ</b> .....	<b>7</b>
<b>1 ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ТАРАЛҒАН АУЫР МЕТАЛДАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАЙ-КҮЙІН ТАЛДАУ</b> .....	<b>14</b>
1.1 Ауыр металдардың қоршаган ортаға түсү көздері .....	14
1.2 Өсімдіктердегі ауыр металдар: тусуі, тасымалдануы, өсімдік бойымен таралуы.....	17
1.3 Топырақтағы ауыр металдар.....	21
1.4 Ауыр металдардың өсімдіктердің өсуіне әсері.....	28
1.5 Топырақтағы химиялық элементтердің мүмкін шектік шоғыры және олардың мөлшерінің зияндылық көрсеткіштері бойынша шекті деңгейлері.....	30
1.6 Ауыр металдардың өсімдіктерге түсүін азайту әдістері.....	31
1 бөлім бойынша қорытынды.....	36
<b>2 ЗЕРТТЕУ НЫСАНЫ, ОЛАРДЫҢ СИПАТТАМАЛАРЫ ЖӘНЕ ТАЛДАУ ӘДІСТЕРИ</b> .....	<b>37</b>
2.1 Түркістан облысының топырақ-климаттық сипаттамалары.....	37
2.2 Түркістан облысы шарттарындағы «топырақ – өсімдік» жүйесінің сипаттамасы.....	43
2.3 Топырақ, көкөніс және өсімдік үлгілерін талдаудың индуктивті байланысқан плазмалық масс-спектрометриялық әдісі.....	46
2.4 Топырақтағы фосфор мен калийдің жылжымалы түрлерін анықтаудың Мачигин әдісі.....	50
2.5 Органикалық заттардың үлесін анықтаудың Тюрин әдісі ЦИНАО модификациясында.....	52
2.6 Физикалық саз фракциясын анықтаудың Качинский әдісі.....	54
2.7 Су сорғысының pH анықтаудың потенциометриялық әдісі.....	57
2.8 Нитритті азотты анықтаудың ионометриялық әдісі.....	59
2 бөлім бойынша қорытынды.....	61
<b>3 ТОПЫРАҚ-ӨСІМДІК ЖҮЙЕСІНДЕГІ АУЫР МЕТАЛДАРДЫҢ МИГРАЦИЯЛАНУЫ ЖӘНЕ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАНУЫ</b> .....	<b>63</b>
3.1 Ауыр металдардың топырақтағы және ауыл шаруашылық дақылдарындағы трансформациялануы.....	63
3.2 Түркістан облысы шарттарында «топырақ-өсімдік» жүйесіндегі химиялық элементтердің миграциялануы.....	64
3.3 Қазақстанның оңтүстік аймағындағы ауыр металдардың көкөніс және жемістерге шоғырлануын зерттеу.....	68
3.4 Түркістан облысының шаруашылық алқаптарындағы ауыр	

3.5	металдардың трансформациялануы мен миграциясы.....	73
	Созақ ауданы бойынша ауыр металдардың миграциялық қасиеттерін зерттеу.....	96
	3 бөлім бойынша қорытынды.....	105
<b>4</b>	<b>ТОПЫРАҚ-ӨСІМДІК ЖҮЙЕСІНДЕГІ АУЫР МЕТАЛДАРДЫҢ КӨКӨНІС ДАҚЫЛДАРЫНА ЫҚПАЛЫН ТЫҢАЙТҚЫШТАРМЕН РЕТТЕУ.....</b>	<b>106</b>
4.1	Көкөніс дақылдарындағы ауыр металдарды биотестілеу.....	106
4.2	Құрғақ массаның жинақталу динамикасы және топырақтағы ауыр металдар шоғырына тәуелді картоптың өнімділігі.....	118
4.3	Ақжелкен өсімдіктерінің ауыр металдарды сініруіне фосфор тыңайтқыштарының ықпалы.....	119
4.4	Топырақтағы ауыр металдардың мөлшеріне тәуелді өсімдіктердің өнімділігін органикалық тыңайтқыштармен реттеу.....	123
4.5	Жылышайда өсірілетін көкөністердегі ауыр металдардың мөлшерін органикалық тыңайтқыштармен реттеу.....	126
	4 бөлім бойынша қорытынды.....	132
<b>5</b>	<b>ТОПЫРАҚТАҒЫ ЖӘНЕ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ ДАҚЫЛДАРЫНДАҒЫ АУЫР МЕТАЛДАРДЫ ЖИНАҚТАУ ПРОЦЕСІН МАТЕМАТИКАЛЫҚ МОДЕЛЬДЕУ.....</b>	<b>134</b>
	5 бөлім бойынша қорытынды.....	151
<b>6</b>	<b>ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИМДІЛІГІН ЕСЕПТЕУ.....</b>	<b>153</b>
	Қорытынды.....	156
	<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБІЕТТЕР ТІЗІМІ .....</b>	<b>158</b>
	ҚОСЫМША - А.....	174
	ҚОСЫМША - Б.....	182
	ҚОСЫМША - В.....	183

## **НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**

- МЕМСТ 17.4.1.02.–83 - Табиғатты қорғау. Топырақ. Ластануды бақылауға арналған химиялық заттардың жіктелуі
- МЕМСТ 16263–70 - Метрология. Терминдер және анықтамалар
- МЕМСТ 17.4.3.01–83 (СТ СЭВ 3847–82) - Табиғатты қорғау. Топырақ. Сынама алуға қойылатын жалпы талаптар
- МЕМСТ 17.4.3.03–85 (СТ СЭВ 4469–84) - Табиғатты қорғау. Топырақ. Ластаушы заттарды анықтау әдісіне қойылатын жалпы талаптар
- МЕМСТ 13.586.3–83 - Астық. Сынаманы қабылдау ережелері және іріктеу
- МЕМСТ 17.4.2.01–81 - Табиғатты қорғау. Топырақ. Санитарлық жағдайдың көрсеткіштерінің номенклатурасы
- МЕМСТ 17.4.1.03–84 - Табиғатты қорғау. Топырақ. Химиялық ластанудың терминдері мен анықтамалары
- МЕМСТ 17.4.4.02–84 - Топырақ. Химиялық, бактериологиялық, гельминтологиялық талдауға арналған сынамаларды іріктеу және дайындау әдістері
- МЕМСТ 27662–87 - Өсімдік текті мал азықтары. Сынама алу әдістер
- МЕМСТ 17.4.3.06–86 (СТ СЭВ 5301–85) - Табиғатты қорғау. Топырақ. Химиялық заттардың әсер етуі бойынша топырақтың жіктелуіне қойылатын жалпы талаптар
- МЕМСТ 4517–75 (СТ СЭВ 435–77) - Реактивтер. Талдауда пайдаланылатын қосалқы реактивтер мен ертінділерді дайындау әдістері
- МЕМСТ 4212–76 (СТ СЭВ 810–77) - Реактивтер
- МЕМСТ 8.507–84 - Агрехимиялық нысандарға талдау жүргізу әдістері

## ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Жалпы ластану	<ul style="list-style-type: none"><li>- үлкен аумаққа таралған өсімдіктерді қорғауға арналған химиялық құралдармен, органикалық және бейорганикалық тыңайтқыштармен, суармалы ақпа сулармен ластану, сондай-ақ өнеркәсіптік, транспорттық және т.б. қалдықтармен ластану</li></ul>
Топырақтың химиялық ластануын бақылау	<ul style="list-style-type: none"><li>- топырақтың химиялық ластануының тағайындалған нормалар мен талаптарға сәйкестігін тексеру</li></ul>
Топырақтың химиялық ластану мониторнигі	<ul style="list-style-type: none"><li>- нақты деңгейлерді бақылауды, болжамдық деңгейлерді анықтауды, ластанудың нақты және болжамды деңгейлерінің салдарын бағалауды, топырақтың ластану көздерін анықтауды қамтитын тұрақты бақылаулар жүйесі</li></ul>
Топырақтың жергілікті химиялық ластануы	<ul style="list-style-type: none"><li>- топырақтың бір немесе бірнеше ластаушы көздердің әсерінен аймақтық химиялық ластануы</li><li>- топырақтың табиғи химиялық құрамына сәйкес келетін топырақтағы химиялық заттың мөлшері</li></ul>
Топырақтағы химиялық заттың фондық құрамы	
Топырақты ластаушы химиялық заттың миграциясы	<ul style="list-style-type: none"><li>- топырақты ластайтын химиялық заттың одан табиғи ортаның басқа нысандарына және кері қарай көлденең және (немесе) тік қозғалуы</li></ul>
Топырақты ластаушы химиялық заттың транслокациясы	<ul style="list-style-type: none"><li>- топырақты ластайтын химиялық заттың өсімдікке берілуі</li></ul>
Топырақты ластаушы химиялық заттың шекті рұқсат мөлшері	<ul style="list-style-type: none"><li>- қоршаған ортаға және адам денсаулығына жеке зардалтарды қоса алғанда, тікелей немесе жанама әсер етпейтін топырақты ластаушы химиялық заттардың максималды массалық үлесі</li></ul>
Сынама	<ul style="list-style-type: none"><li>- шешім қабылдау үшін бақыланатын үлгіден алынған бөлшектенбейтін өнімнің мөлшері</li></ul>
Нүктелік сынама	<ul style="list-style-type: none"><li>- горизонттағы бір жерден немесе топырақ профилінің бір қабатынан алынған, сол горизонтқа немесе қабатқа тән материал</li></ul>
Изотахофорез (ИТФ)	<ul style="list-style-type: none"><li>- иондарды олардың электр өрісіндегі қозғалғыштығы бойынша типтерге бөлу әдісі. ИТФ кезінде иондардың барлық түрлері бір бағытта миграцияланады, тепе-тендік күйінде болатын және бір бағытта қозғалатын аймақтардың жиынын құрайды</li></ul>

## **БЕЛГІЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР**

ААБ	- ацетатты-аммонийлі буферлі
ИБП МС	- индуктивті байланысқан плазмалық масс-спектрометрия
БЖК	- биологиялық жұтылу коэффиценті
ЕПА	- етпептонды агар
ЗӨ	- зертханалық өнү
ИТФ	- Изотахофорез
КА	- картопты агар
КТБ	- Колония тұзуші бірлік
ҚК	- қатынас коэффиценті
МРД	- максималды рұқсат деңгейлер
Мың га	- мың гектар
1М	- 1 моль
NPK	- кешенді түйіршіктелген минералды тыңайтқыш, үш микроэлементтен тұрады: азот (N), фосфор (P) және калий (K)
ӨЭ	- өсу энергиясы
ӨФА	- өсімдік фотосинтетикалық аппараты
ПК	- полярлық коэффиценті
ТЖК	- табиғи жұтылу коэффиценті
УИ	- уыттылық индексі
ШРК	- шекті рұқсатты концентрация
ФУИ	- факторлық уыттылық индексі
ТДМ	Тұрақты даму мақсаттары

## **КІРІСПЕ**

### **Қарастырылатын ғылыми мәселенің қазіргі жай-күйін бағалау.**

Қоршаған ортаны қорғау және экологиялық даму – еліміз үшін алдыңғы кезекте тұрған мәселе. Бұкіл өркениетті әлем жұртшылығы осы мәселемен айналысада. Бізге де мұндай жаппай үрдістен шет қалуға болмайды.

Қазақстанның ұлттық саябақтары мен басқа да табиғат байлықтарын заңдық және нормативтік тұрғыдан қорғап, бұл салада құқық бұзған азаматтарды қылмыстық және әкімшілік жауапқа тарту тәртібін қатайту керек.

Мектептер мен жоғары оқу орындарында өскелен үрпаққа экологиялық тәрбие беру ісіне жеткілікті назар аудару қажет. Қоғамда экологиялық құндылықтарды орнықтыруға үндейтін «Birge – taza Qazaqstan» экологиялық акциясын жүйелі түрде өткізу тұрған жөн (2020 ж. 1 қыркүйектегі жолдауы).

Қазақстанда кен өндіру өнеркәсібі жақсы дамығаны баршаңызға белгілі. Осы сала ұлттық экономиканың өсімін қамтамасыз ететін сенімді табыс көзі болып келеді. Болашақта да солай болуға тиіс. Көптеген металдың әлемдік нарықтағы бағасы бұрын-соңды болмаған деңгейге жетті. Соған қарамастан ірі өндіріс орындарына жақын тұратын жұрттың наразылығы күшейіп барады. Олар экология нашарлап, денсаулыққа зиян келтіріп жатқанын айтЫп, шағымдануда. Жұмысшылардың өндірісте мертігуі және қазаға ұшырауы көп болып кетті. Үкімет кәсіпорындардың технологиялық және экологиялық ахуалын, денсаулық сақтау жүйесін жақсарту үшін батыл шаралар қабылдауы қажет. Сондықтан ірі өндіріс кәсіпорындары 5 жыл сайын технологиялық және экологиялық аудит жасауы керек. Бұл талап инфрақұрылым саласындағы кәсіпорындарға да қойылуға тиіс (2023 ж. 1 қыркүйектегі жолдауы).

Тұрақты даму мақсаттары (ТДМ) - бұл кедейлік пен аштықты жоюға, теңсіздік пен әділетсіздікке қарсы тұруға, жер шарын қорғауға және барлық адамдар үшін бейбітшілік пен гүлденуді қамтамасыз етуге бағытталған әлемде қабылданған мақсаттар. 2030 жылға дейін 17 негізгі бағыттар тандалды, олардың жүзеге асырылуы елді өмірдің барлық негізгі салаларының тұрақты дамуына және осы әлемдегі әрбір адамға қатысты жаһандық мәселелерді шешуге жетелейді. ТДМ-ын енгізу және оған қол жеткізу процесі БҰҰ өкілдері тараپынан да, Қазақстан Республикасының үкіметі тараپынан үнемі бақыланады. ТДМ-на тиімді жету үшін ведомствоаралық және тұрақты дамудың мақсаттық индикаторлары жөніндегі сарапшылар тобы (ТДМ - ИСТ) БҰҰ-ға мүше әр мемлекет үшін осы көрсеткіштерді мемлекет меншігіне айналдыру мүмкіндігі бар ғаламдық көрсеткіштер жүйесін жасады. Бұгінгі күні Қазақстанның ТДМ-на қол жеткізу мониторинг жүйесі 280 индикаторды қамтиды, оның 205-і ғаламдық, ал 75-і ұлттық индикаторлар. 17 тұрақты даму мақсаттары негізінде 15-ші мақсатында айқын көрініп тұрғандай. Құрлық экожүйелерін қорғау және қалпына келтіру және олардың оңтайлы пайдаланылуына жәрдемдесу,

ормандарды оңтайлы пайдалану, шөлөйттенумен күрес, жердің азу процесін тоқтату және кері бұру және биоәртүрлілікті жоғалту процесін тоқтату.

Урбандалған аумақтарда антропогендік және техногендік факторлардың әсерінен экологиялық тепе-теңдік бұзылған. Алып қалалардың аяқ қабаты мен жер қабығының ластануына қатысты ғаламдық экологиялық мәселелердің бірі – ауыр металдармен ластану болып табылады, ауыр металдардың үлкен бөлігі атмосфераға антропогендік әрекеттердің нәтижесінде түседі. Жер үсті экожүйелеріне қатысты әр түрлі улылықта бола отырып, ауыр металдар химиялық-физикалық немесе биологиялық деградацияға ұшырамайды, топырақтың беткі қабатында жиналыш, өсімдіктің тамырымен жұтуына қолжетімді болады. Ауыр металдардың көпшілігі өсімдіктің қалыпты тіршілігі үшін қажетті химиялық элемент болып табылмайды, сонымен қатар, оларды белсенді түрде жұта отырып, улылық қасиетін өз бойында ұзаққа сақтай алады, сол арқылы ауыр металдардың кері әсерлері өсімдіктер мен оның өнімдеріне өтеді.

Жоғары сапалы ауыл шаруашылық өнімдерінің қажетті мөлшерін алу – әлемдік ауылшаруашылығы ғылым үшін ең маңызды және ең күрделі мәселелердің бірі болып отыр, себебі қазіргі уақытта топыраққа техногенді жүктеме күрт өсіп кетті. Мысалы, тек металтургиялық кәсіпорындардың жұмысының өзінен жыл сайын 150000 т мыс, 121500 т мырыш, 90000 т қорғасын топыраққа түседі; мұнай мен газды жағу арқылы жылына 3600 т қорғасын, 2100 т мыс, 7000 т мырыш, 1600 т сынап топыраққа түседі. Саны түрақты түрде өсіп отыратын автокөлік құралдары пайдаланылған газбен бірге 260000 т қорғасын шығарады [1]. Ауыр металдар ақызыздарды коагуляциялау қабілетіне байланысты көптеген физиологиялық процестерді баяулатқыш болып табылатыны белгілі. Сондықтан, қазіргі уақытта қоршаған ортаны ластағыштардан қорғау интенсивті технологияларды қолдану арқылы экологиялық таза ауыл шаруашылығы өнімдерін көп мөлшерде алу қажеттілігімен тығыз байланысты.

Экологиялық антропогендік жүйелердің күрт нашарлауы ғылыми техникалық прогрессің қажетті деңгейінің төмендігінен болып табылады және ол жиі назарға алынуда. Биосфераны ластаушылардың ішінде сапаны бақылау қызметінің қызығушылығын тудырып отырған факторлардың бірі – топыраққа жиналыш жатқан ауыр металдардың үлесі. Бұл, негізінен ауыр металдардың биологиялық белсенділіктеріне байланысты. Кәсіпорындар мен автокөліктердің газды-шанды шығарылымдары улы заттардың қуатты техногенді ағындарын түзеді, соның ішіне ауыр металдар топырақ пен өсімдіктің бетіне қонып, оларды ластайды. Ауыр металдар топырақта жылдам жиналады және оны жою үшін ұзақ уақыт қажет.

Соңғы онжылдықта әлемдік өнеркәсіптің қарқынды дамуына байланысты қоршаған ортаның ауыр металдармен ластануы есті. Сондықтан ауыр металдардың қоршаған ортадағы мөлшерінің артуы қазіргі заманың маңызды экологиялық мәселесіне айналды [2]. Ауыр металдарға тығыздығы 5 г/см<sup>3</sup>-ден асатын және атомдық массасы 40-тан жоғары химиялық

элементтер жатады. Ауыр металдардың қатарынан сілтілік және сілтілік-жер металдары алынып тасталады, ал қалған элементтердің барлығы (Менделеев кестесінің 2/3 бөлігі) осы санатқа жатады [3].

Әдебиет көздерінде өте қауіпті токсиканттардың миграциялық қабілеті, олардың табиғи ортада жиналудының сандық параметрлері, сондай-ақ осы процесске әсер ететін факторлар туралы қарама қайшы деректер жиі кездеседі. Бірақта, қазіргі уақытқа дейін ластанған топырақтарды детоксиациялау бойынша ешқандай ұсыныстар жоқ. Топырақтың қышқылдығына байланысты қолданып жүрген әдістердің бірі – ізбестеу (әктеу). Ол топырақтың химиялық және физикалық қасиеттерін күрт өзгерте отырып, ауыр металдардың ауылшаруашылық өсімдіктеріне түсіне кедергі келтіріп, тосқауылын жасайды.

Аталған мәселенің шешімі осы жұмыстағы «топырақ – өсімдік» жүйесіндегі химиялық элементтердің трансформациялық және миграциялық қасиеттері, дақылдағы құрғақ массаның жиналу динамикасы, топырақтағы және ауыл шаруашылық дақылдардың құрамындағы ауыр металдардың мөлшеріне байланысты органикалық тыңайтқыштардың дақыл өнімділігіне әсер етуі бойынша соңғы үш жылда (2019-2022 жж.) зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Диссертациялық жұмыс тақырыбын зерттеу барысында Түркістан облысы ауылшаруашылық алқаптарындағы «топырақ-өсімдік» жүйесіндегі ауыр металдардың трансформациялануы мен миграциялану қасиеттері, сонымен қатар магистральды жолдардың бойында ауыр металдардың жиналуы мен таралу мүмкіндіктерін анықтауға негізделген ғылыми зерттеу нәтижелерінің болмауы жұмыстың орындалуына **негіз бола алады**.

Ауылшаруашылық көкөніс дақылдарының тұқымдарына ауыр металдарды биотестілеу, сонымен қатар ауыр металдардың шофырына тәуелді құрғақ массадағы олардың жиналу динамикасын анықтау бойынша жүргізілген зерттеу нәтижелері ғылыми жұмысты орындауда **bastapқы мәлімет** болып табылады.

Ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу қажеттілігіне «топырақ-өсімдік» жүйесіндегі ауыр металдардың трансформациялануы мен миграциялану сипатын зерттеу, сонымен қатар топырақ қабатындағы ауыр металдардың таралу заңдылықтарын зерттеу маңыздылығы **негізде бола алады**.

**Жоспарланған жаңалықтың ғылыми-техникалық дәрежесі туралы мәлімет.** Өсімдік өсуінің тежелуі - ауыр металдардың өсімдіктерге уыттылығының ең маңызды және оңай анықталатын (тіпті көзбен қарау арқылы) көріністерінің бірі. Әртүрлі түрлермен (сорттармен, генотиптермен) жүргізілген көптеген зертханалық және егістік тәжірибелер ауыр металдардың әсерінен өсімдіктерде тамырлар мен өркендердің сыйықтық өлшемдері азайып, биомассасының жинақталу заңдылықтарына негізделген ғылыми жаңалықтарда жинақталған [4-6].

**Ғылыми зерттеу жұмыстарын метрологиялық қамсыздандыру туралы мәліметтер.** Диссертацияның түсіндірме жазба мәтінінде

заңнамалық метрология бойынша халықаралық үйымының ресми терминологиясы қолданылған. Тәжірибелік ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу үрдістерінде инженерлік және зерттеушілік мақсаттағы дәлдік санаттарына және «Өлшемдер бірегейлігін қамтамасыз ету заңына» сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында эксплуатациялау кезеңінде мемлекеттік тексерістен өткен құрылғылар мен аспаптар қолданылды. Тәжірибелік сынақ зерттеу жұмыстарында «Өлшемдер бірегейлігін қамтамасыз ету заңының» талаптарына сәйкес өлшемдерді орындау әдістемесі қолданылды. Графикалық және функционалдық тәуелділіктерде СИ жүйесіне сәйкес өлшем бірліктері қолданылды.

**Мәселенің өзектілігі.** Микроэлемент терминінің бекітілген анықтамасы жоқ, себебі ол жер бетінде аз таралған элементтерге қатысты (0,1%-дан аз) да, тірі заттардың құрамындағы элементтерге қатысты да қолданыла береді [6, б.340]. Микроэлементтерді із элементтері деп те атайды (ағылшын тіліндегі әдебиеттерде – trace elements), ал олар өмірлік маңызды процестер үшін қажет болған кезде – қоректенудің микрокомпоненті (micronutrients) немесе биогенді микроэлементтер деп аталады. Өсімдіктегі ауыр металдар ретінде анықталатын элементтер көбінесе осы санатқа жатқызылады. Мысалы, кадмий секілді сирек кездесетін элемент «із элементтеріне», ал өсімдіктердің жақсы өсуі мен дамуы үшін микромөлшерде қажетті Zn, Cu, Mo – «қоректенудің микрокомпоненттеріне» жатқызуға болады [7-10].

Осындай санатқа жататын элементтердің қатарын (Pb, Ni, Sn, Mn, Co, Hg) «ауыр металдар» тобына біріктіру ең алдымен олардың өсіп келе жатқан технофильділігіне байланысты болады. Осы элементтердің биосферадағы геохимиялық циклы тірі заттың «жұмысымен» және антропогендік саламен анықталады [11]. Қазіргі уақытта ауыр металдардың биосфераға антропогендік жолмен тұсуі табиғи жолмен тұсуден асып кеткен [12]. Адам әрекетінің әсерінен осы элементтердің табигаттағы геохимиялық ағынының өсуі олардың поллютантардың жеке кластарына бөлінуінің себебіне айналды, себебі олардың биосфера дағы концентрациясы артқан сайын ауыр металдардың тірі ағзалардағы концентрациясы да артты. Мысалы, қорғасынның адам ағзасына тұсуі пневмосклероз, жүрек гипертрофиясы, бауыр циррозы сияқты ауыр ауруларды тудыруы мүмкін [13]. Никельдің қосылыстары адамның денсаулығы үшін үлкен қауіп тудырады, себебі олар жасушалық және субжасушалық деңгейде әсер етеді және онкогендер деңгейінде өзгеріс әкеледі [14]. Биогенді микроэлемент – мырыш – 1-ші қауіптілік санатындағы химиялық зат, ал мыс пен молибден – 2-ші санатта [15].

Осылайша, токсикологиялық зерттеулерде ауыр металдар деп – атомдық массасы 40-тан жоғары, көбіне сирек немесе шашыраңқы санатқа жататын, адамның өмір сүру ортасы үшін қауіпті болып табылатын химиялық элемент-металдардың тобымен түсіндіріледі. Бұл терминнің экологиялық мағынасы бар, себебі қоршаған ортаның ластануы мәселелері

бойынша жүргізілетін зерттеулерде ауыр металдардың өзіндік ерекшелігіне қарамастан, бірегей топ ретінде қарастырылады [16].

Көптеген ауыр металдар өсімдіктер үшін қажетті болмағандығына қарамастан, өсімдіктер оларды белсенді түрде сініре алады, олар жинала келе, қоректену тізбегі бойынша адам ағзасына түседі [17]. Металдардың қауіптілігін арттыратын тағы бір ерекшелігі – олар шоғырлану қасиетіне ие және улылық қасиетін ұзак уақыт бойына сақтайды, яғни ауыр металдардың түсу жылдамдығына қарағанда, шығу жылдамдығы бояу жүреді [18].

Зерттеу нәтижелері бойынша антропогендік жолдармен топырақ қабатына түсетін ауыр металдардың экологиялық ауыртпалық мәнінің өзгеру заңдылықтары әрқашан сақталмайтыны анықталды; «Топырақ-өсімдік» жүйесіндегі ауыр металл элементтерінің таралу заңдылықтары зерттелді; Биотестілеу жолыменен ауыр металдардың өсімдік дақылдарындағы мөлшерлері анықталды; Топырақ құрамындағы ауыр металдардың шоғырына тәуелді түрлі өсімдіктердің құрғақ массаны жиналуы мен өнімділік динамикасы зерттелді. Жоғарыда аталған зерттеу нәтижелерінің жиынтығы қажетті экологиялық нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік берді.

Қазіргі уақытта ғылыми түрғыда негізделген және сәйкесінше зерттеудердің болмауына байланысты, ауыр металдардың топырақ қабатында, өсімдіктерде таралуы көрсеткіштерін мүмкін шектік шоғырынан төмендету бойынша ұсыныстар жасау өзекті болып табылады.

Жұмыстың негізі, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарына сәйкес, ҒЗЖ Б-11-04-07 «Транспорттагы және өндірістегі жаңа экологиялық қауіпсіз технологиялар және мониторинг» және 2025 жылға дейін арналған ғылыми-зерттеу жұмыстары МБ-16-04-08: Қазақстанның оңтүстік өңірінің тұрақты дамуы және жасыл технологиялары тақырыптарымен байланысты.

**Зерттеу нысаны мен әдістері.** Оңтүстік өңіріміздің ауылшаруашылық алқаптарындағы «топырақ-өсімдік» жүйесіндегі ауыр металдар зерттеу нысаны болып табылады.

Зерттеу сынамалары ретінде «топырақ-өсімдік» жүйесіндегі ауыр металдардың миграциялану үрдісі, өсімдіктер өнімділігінің ауыр металдардың шоғырына тәуелділігі.

Әдістемелік база ретінде «топырақ-өсімдік» жүйесінде миграцияланған ауыр металдардың мазмұнын биотестілеу жолымен зерттеу әдістері қабылданды.

**Жұмыстың мақсаты:** Түркістан облысы автокөлік тас жолдарының маңында және халық шаруашылығына маңызды нысандарға жақын өсірілетін ауыл шаруашылығы өсімдіктерінде ауыр металдардың жиналуы мен олардың таралу процестерін зерттеу, өсірілетін ауылшаруашылық өнімдерінің экологиялық сапа көрсеткіштерін анықтау.

Алға қойылған мақсатқа жету үшін келесідей **міндеттер** шешілді:

- Түркістан облысы ауылшаруашылық алқаптарындағы «Топырақ – өсімдік» жүйесіндегі жалпы химиялық элементтердің трансформациялануы мен миграциясын зерттеу;
- Облыс аймағындағы магистральды жолдардың бойында ауыр металдардың жиналу және таралу зандалықтарын айқындау;
- Өсімдік дақылдары мен тұқымдарындағы ауыр металдардың таралуын биотестілеу;
- Зертханалық жағдайларда өсімдіктердің ауыр металдарды жүтуына фосфорлы тыңайтқыштардың әсерін анықтау;
- Ауылшаруашылық жағдайларда топырактағы ауыр металдар мөлшеріне байланысты құрғақ массаның жиналу динамикасын және картоптың өнімділігін анықтау;
- Топырақ пен ауыл шаруашылығы дақылдарындағы ауыр металдардың трансформациялануын анықтау;
- Мыс иондарын сінірудің тәжірибелік зерттеу жұмыстарын математикалық моделін жасау.

**Жұмыстың ғылыми жаңалығы** келесілермен қорытындыланады, Түркістан облысының ауылшаруашылық алқаптарындағы «Топырақ-өсімдік» жүйесіндегі ауыр металдардың трансформациялануы мен миграциялану қасиеттері және Түркістан облысының жағдайларында магистральды жолдар бойының ауыр металдармен ластану деңгейі мен, олардың жиналуы және таралу мүмкіндіктері зерттелді, сондай-ақ топырактағы және ауыл шаруашылығы өнімдеріндегі ауыр металдардың трансформациялануы анықталды.

### **Жұмыстың практикалық құндылығы.**

Түркістан облысы өңірінің шаруашылық алқаптарының өсімдіктерінде және топырақ құрамында химиялық элементтердің сандық және сапалық көрсеткіштері тұрғысынан ғылыми зерттелген экологиялық таза өнімнің сапасы туралы маңызды ақпарат жок. Диссертация жазу барысында Қазақстанның онтүстік өңірінің ауыл шаруашылығы алқаптарындағы топырактың құрамы, оның қаралатын алқаптардағы элементтердің жинақталуы мен көші-қон қасиеттерінің маңыздылығы ғылыми тұрғыдан терең зерттелген, ал топырактың ауыр металдармен ластану деңгейі мен өнім алу сапасының көрсеткіштерінің іс жүзіндегі маңызы зор.

**Ғылыми нәтижелерді іс жүзінде апробациялау.** Көкөніс дақылдарының тұқымдарындағы ауыр металдардың улылық дәрежесіне қарамастан енгізілген минералды тыңайтқыштардың тиімділігін анықтау бойынша жүргізілген зерттеу нәтижелері «ТЕНИЛ» ШК кәсіпорындарына сынаудан өткізілді (қосымша А). Бұл жағдайда, МЕМСТ 17.4.3.06–86 (СТ СЭВ 5301–85). Табигатты қорғау. Топырақ. Химиялық заттардың әсер етуі бойынша топырактың жіктелуіне қойылатын жалпы талаптарына сәйкестігін салыстыру кезінде оң нәтижелерге қол жеткізілді.

Сонымен қатар, ғылыми зерттеу нәтижелері жоғары оқу орындарының студенттері мен магистранттарына, ізденушілеріне «Элементтер

миграциясының аккумуляциясы», «Биохимия және экотоксикология», «Экологиялық химия» және «Қоршаған ортаның химиясы» пәндері бойынша оқу үрдісіне енгізілді (қосымша Б).

Техногендік аймақтардағы және ауылшаруашылық алқаптарындағы миграцияланған ауыр металдардың «топырақ-өсімдік» жүйесіндегі экологиялық ауыртпалығын төмендету заңдылықтарынан жинақталған ғылыми тұжырымдамалардың, ұсыныстар мен қорытындылардың негізділігі мен шынайылығы зертханалық және агрономдірістік шарттарда алынған авторлық зерттеу нәтижелерімен расталған.

### **Қорғауға ұсынылатын ғылыми қағидалар:**

- Оңтүстік өңірдегі ауылшаруашылық егістік алқаптарының «топырақ-өсімдік» жүйесіндегі ауыр металл элементтерінің трансформациялануы мен миграциялану ерекшеліктері;
- аймақтағы негізгі автокөлік тас жолдарына жақын территорияларының ауыр металдармен ластану деңгейлері, олардың жинақталуы мен таралу заңдылықтары;
- ауылшаруашылық өсімдік дақылдарындағы, олардың тұқымдарындағы ауыр металдарды биотестілеу нәтижелерінің көрсеткіштері;
- зертханалық шарттарда түрлі өсімдіктердің ауыр металдарды сініру көрсеткіштеріне фосфорлы тыңайтқыштардың ықпал ету қасиеттері;
- топырақ құрамындағы ауыр металдардың мөлшеріне тәуелді құрғақ массаның жинақталу және өнімділіктің өзгеру динамикасы;
- топырақ пен ауылшаруашылық дақылдарындағы ауыр металдардың трансформациялану көрсеткіштері.

**Ғылыми жарияланымдар.** Диссертация тақырыбы бойынша 17 ғылыми жұмыс халықаралық және республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда жарияланды, 2 мақала халықаралық Scopus мәліметтер базасына енгізілген журналда, 2 мақала ҚР Ғылым және жоғары білім саласындағы бақылау комитетінің тізбесіне енетін басылымда, 13 мақала халықаралық конференциялар басылымдарында жарияланған ғылыми мақалалар жарияланған.


**Диссертациялық жұмыстың қолемі мен құрылымы.** Диссертация кіріспеден, 6 тараудан, жалпы қорытындыдан, қолданылған әдебиеттер тізімінен тұрады. 189 беттен тұратын диссертациялық жазба 54 суретті және 51 кестені қамтыған. Сілтеме жасалған әдебиеттер тізімі 212.

# 1 ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ТАРАЛҒАН АУЫР МЕТАЛДАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАЙ-КҮЙІН ТАЛДАУ

Ауылшаруашылық алқаптарындағы топырақ және өсімдік жамылғыларындағы экожүйенің өзгерісі жалпы элементтердің миграциялану қасиеттерімен танылады және орасан зор техногендік жүктеме салдарынан урбандалған аумақтардағы экологиялық жағдайдағы өзгеруін сипаттайтын сенімді көрсеткіш болып табылады.

## 1.1 Ауыр металдардың қоршаған ортаға тұсу көздері

Ауыр металдардың қоршаған ортаға тұсу көздерін әдетте 1-ші суретте көрсетілгендей табиғи және техногенді деп бөледі [19].



Сурет 1 – Қоршаған ортаға ауыр металдардың тұсу сұлбасы

Жерусті экожүйесінде ауыр металдардың табиғи көзі - топырақ жамылғысын құрайтын тау жыныстары. Жер қыртысында ауыр металдар белгілі бір металл топтарына біріктіріліп, көп мөлшерде табиғи химиялық қосылыстардың – сульфаттарды, сульфиттерді, фосфаттарды, карбонаттарды, оксидтерді және т.б. түзеді. Құрамына ауыр металдар кіретін минералдардың мөлшері 16 (Hg) мен 200 (Pb, Cu) аралығында болады [3, 6.87]. Топырақ түзуші жыныстардың құрамы топырақтың құрамындағы қорғасынның, мырыштың, кадмийдің мөлшерін анықтайтын басты фактор болып табылады [20].

Топырақтағы ауыр металдардың табиғи деңгейі олардың құрамындағы минералдар мен топырақ түзуші жыныстарға ғана емес, жер бедері мен климатқа да байланысты болады. Топырақтағы ауыр металдардың мөлшері мен қозғалысына, сондай-ақ, желдену, топырақ түзу, өсімдік жамылғысының әртүрлілігі әсер етеді.

Заманауи өнеркәсіптің қарқынды дамуымен байланысты техногенез процестері: көмір қазу, металлургия, химия өнеркәсібі, энергетика – осылардың барлығы ауыр металдардың қоршаған ортаға түсү көздері болып табылады [21-24]. Ауаның ластануы көмір мен басқа да жанғыш пайдалы қазбаларды жағу кезінде, сондай-ақ өндірістік кәсіпорындардың қалдықтары арқылы жүреді.

Отынды жаққан кезде қалдықтар барлық жерге таралады [25]. Тұсті металдар мен рудаларды өндіреу кәсіпорындарынан шығатын кадмийдің, мырыштың, мыс пен қорғасынның қалдықтары атмосфераға шығарылатын барлық қалдықтардың 60-80%-ын құрайды. Машина жасау кәсіпорындарының маңындағы шаңнан – 2800 мг/кг қорғасын, ал цемент өндіру кәсіпорындарының маңындағы шаңнан – 1400 мг/кг қорғасын табылған [26].

Топырақ пен өсімдіктердің ауыр металдармен ластануына көлік құралдары да үлкен үлес қосады. Құрамында қорғасын бар бензинде пайдалану атмосфераға шығарылатын қорғасынның 60-70%-ын құрайды [27]. Автоқозғалысы белсенді автотрассаның маңында қозғалыстың қарқындылығына байланысты, ені 50-100 м, кейбір жағдайларда 300 метрге дейінгі қашықтық ластанады. Бұл элементтің негізгі мөлшері 10-15 метр аралығындағы топыраққа шөгеді және 10 см-ге дейінгі терендікте концентрацияланады. Нәтижесінде, автомагистраль жанындағы топырақтағы қорғасынның мөлшері фондық мәннен ондаған, кей жағдайларда жүздеген есе көп болуы мүмкін. Автокөліктен шықкан қолданылған газдың құрамында басқа да ауыр металдар кездеседі: кадмий, кобальт, хром, мыс, мырыш, темір, молибден [28-30].

Қоршаған ортаны ауыр металдармен ластау көздерінің бірі өндірістік қалдықтар үйінділері мен тау-кен өнеркәсібінің үйінділері болып табылады. Шлактың құрамы кәсіпорындардың технологиясына байланысты болады. Кейбір европалық елдерде үйінділер алғып жатқан аумақтар жалпы аумақтың 7%-ға дейінгі құрайды. Лебединский ТБК-ның өнеркәсіптік алаңының маңында (Белгород облысы) технологенді аномалиялар түзілуде, мұнда топырақтағы Fe, Cu, Zn жиынтық мөлшері қалыпты шамадан 2-3 есеге асып кеткен. Думчин үйінді қорының құрамында (Мценск ауданы, Орлов облысы) 3,5% қорғасын, 1,2% мырыш және 1,1% мыс бар [31,32].

М.Н. Кузнецов және т.б. авторлардың еңбектерінде тұсті металлургия кәсіпорындарының қалдықтарының үйінділерінің табиғи экожүйе мен агроценозға кері әсерлері көрсетілген. Ауыр металдардың топыраққа түсүінің антропогендік көздерінің ішінде – агротехникалық шаралар да бар: суару, шашу арқылы тығайтқыштарды, пестицидтерді енгізу [28, б.20].

Минералды тыңайтқыштарды пайдалану кезінде топыраққа 6-15 кг минералды тыңайтқыш енгізу барысында топырақтың құрғақ массасының 7-225 мг/кг мөлшерінде қорғасын енгізіледі [33]. Минералды тыңайтқыштардың құрамындағы кадмийдің мөлшері құрғақ массада 0,3-179 мг/кг құрайды. Фосфорлы тыңайтқыштарда кадмийдің мөшері айтарлықтай аз болғанымен, оны жыл сайын пайдалану арқылы ауыл шаруашылық өнімдеріндегі мөлшері 10 г/га жетуі мүмкін [34].

Ауыл шаруашылығында пайдаланылатын ағын сулар да топырақты ауыр металдармен ластаушы көздердің қатарына жатады. Кадмий, мырыш, мыс және басқа кейбір элементтер көбіне тыңайтқыш ретінде ағын суларды пайдалануды шектейтін негізгі токсиканттарға айналады. Мысалы, ағын сулардың қалдықтарындағы кадмий мөлшері 90 мг/кг құрғақ салмақты құрайды, ал мырыш 6000 мг/кг құрайды, бұл жалпы қабылданған ШРК нормадан 1,5-3,0 есе көп [35].

Осылайша, химизация құралдары агроэкожүйенің жағдайына әсер ететін басты фактор және ауыл шаруашылық ландшафттарының топырағына ауыр металдардың тұсу каналы болып табылады.

Агроценоздардың ауыр металдармен ластануының жалпы көрінісіне өсімдіктерді қорғау құралдарының қосқан үлесі туралы әртүрлі көзқарастар бар. М.М. Овчаренко [36] агроөсімдіктерінің қорғаныс шаралары кезінде бұл препараттарды тұтыну аз болғандықтан, олар ластану көзі ретінде айтарлықтай қауіп төндірмейді деп санайды.

Сонымен қатар ауыл шаруашылығы алқаптарының жалпы ассортиментінде бау-бақша агроценоздары пестицидтердің көптігімен ерекшеленеді. Жеміс өсімдіктерін зиянкестер мен аурулардан қорғау жүйесі құрамында мыс бар препараттармен (мыс трихлорфенолаты, мыс оксихлориді, мыс сульфаты және т.б.) кезекті өндеуден тұрады. Құрамында мырыш бар компоненттерге Полирам жатады [37]. Фунгицидтердің құрамындағы мыстың жылдық дозасы бір маусымда 13 кг/га құрайды. Ағаштарды өндеу кезінде фунгицидтердің басым бөлігі (сүйкітық көлеміні 90%-ына дейін) топырак бетіне шөгіп қалады. Жыл сайын құрамында мыс бар фунгицидтермен өнделетін Крым бақшаларында топырақтағы мыстың мөлшері шекті шамадан 2-6 есе асып кеткен және 40-180 мг/кг құрайды [38].

Бау-бақша ретінде 50 жылдан астам уақыттан бері қолданылып келген ГНУ ВНИИСПК (Орлов облысы) бақшалық массивінде топырақтағы мыстың мөлшері фондық көрсеткіштен 3-6 есе асып кеткен [39]. Тамбов облысының бау-бақша шаруашылығында 5 жылдың ішінде сілтілі топырақтағы Cu, Pb және Ni мөлшері 20-30%-ға артқаны туралы деректер бар [22, б.16]. 1995 жылдан бері Краснодар өлкесіндегі бақшалардың топырағындағы мыстың жоғары концентрациясы байқалады, оның үстіне топырақтағы мыстың ШРК 1,5-2 есе артуы жемістегі мыстың да айтарлықтай артуына алып келген [40].

Жидек дақылдарының шаруашылық участкерлерінде және әуескөй бағбандардың участкерлерінде жидек өнімдерінің ауыр металдармен ластануы кең таралуына байланысты, ең үлкен қауіп атмосферадан техногендік жауын-

шашын және автокөлік шығарындылары, сондай-ақ құрамында ауыр металдар бар пестицидтер тудырады. Л.А. Изерская және т.б. авторлардың [25, б.87] мәліметтері бойынша бау-бақша участкерінің топырағындағы Cu, Zn және Pb мөлшері фондық көрсеткіштерден 4-55 есе асып кеткен.

## 1.2 Өсімдіктердегі ауыр металдар: түсуі, тасымалдануы, өсімдік бойымен таралуы

Өсімдіктердің ауыр металдарды сініру мүмкіндігінің негізгі екі көзі – бұл топырақ пен ауа (атмосфера) [41-42]. Сәйкесінше бұл элементтердің өсімдіктің бойына түсуі де – тамыр арқылы топырақтан және жапырақ арқылы атмосферадан болады.

Ауыр металдардың өсімдікке тамыр арқылы түсуі: иондардың концентрация градиентіне сәйкес жасушаға пассивті (метаболикалық емес) тасымалдануы және концентрация градиентіне қарсы жасушаның белсененді (метаболикалық) сінірілу процесін айтамыз [43]. Ауыр металдардың тамыр жүйесі арқылы сінірілуі физикалық-химиялық абсорбация арқылы іске асады, сондай-ақ жасуша қабырғасының белсененді аймақтары мен апопласт арқылы металл иондарының метаболикалық емес байланысуының есебінен болады [44,45]. Cd, Zn, Cu және басқа кейбір металдар тамырға адсорбация алмасу процестерінің нәтижесінде түседі [46].

Ауыр металдардың өсімдікке пассивті және белсененді механизмдер арқылы түсу қатынасы осы элементтердің топырақтағы концентрациясына тәуелді болады. Металдардың мөлшері фондық деңгейде болған жағдайда негізгі түсу белсененді метаболитикалық жұту арқылы жүретіні туралы деректер бар [47]. Ал, егер сыртқы ортадағы металдардың концентрациясы фондан бірнеше есе асып кетсе, сініру процесі метаболитикалық емес сипатқа ие болады және тамырдың еркін кеңістігіндегі катиондардың диффузиясының нәтижесі болып табылады [48]. Cd, Br,Cs иондарын өсімдік өте онай сініреді, ал Ba, Ti, Se – әлсіз сінірілетіні анықталған. Серегин және Иванов [48, б.615] Pb өсімдікке түсетінін және жер асты тамырларына басқа ауыр металдарға қарағанда баяурақ тасымалданатынын атап өткен.

Тамыр жасушасының қабықшасының сыртқы бетіндегі ауыр металдардың концентрациясын төмендететін механизмдердің көмегімен металдардың өсімдіктердің тамырына түсуін реттеуге болады. Нәтижесінде жасушаға металдардың азырақ мөлшері түседі. Сонымен, Морель және басқа авторлар [49] жүгері тамырының ұштарынан бөлінетін шырышпен Cd<sup>2+</sup> байланысуы оның плазмалеммадағы концентрациясын төмендететінін көрсетті.

Қоршаған ортадағы элементтердің концентрациясымен бірге өсімдіктердің ауыр металдарды сініру қарқындылығына метаболитикалық процестер үлкен әсерін тигізеді. Өсімдіктің минералды қоректенуінің мәні бойынша ауыр металдарды екі топқа бөлуге болады:

1) өсімдіктің метаболизмі үшін аз концентрацияда қажетті (Fe, Cu, Zn, Mn), егер олардың көлемі белгілі бір деңгейден асып кетсе, улы болады;

2) өсімдіктің метаболизміне қатыспайтын металдар (Pb, Cd, Hg), олар ете тәмен концентрацияларда да улы болып есептеледі [50].

Ауыр металдардың өте көп мөлшерде атмосферадан түсуі жағдайында токсиканттарды жапырақтардың қабылдауы (фолиарлыгы) өсімдік ағзасының ластануында маңызды рөл атқара бастайды. Арпа, сәбіз, қырыққабат, қара бидай және бидай сияқты дақылдармен жүргізілген зерттеулер өсімдіктегі кадмийдің жалпы мөлшерінің 20-60%-ы металдармен ластанған жауын-шашын арқылы жапырақтарға түсуі мүмкін екенін көрсетті [51]. Өнеркәсіптік кәсіпорындардың жанында кадмий мен мырыштың жапырақтарда сінірліуі олардың тамыр арқылы қабылдаудынан асып кетуі мүмкін [52].

Жапырақтардың ауыр металдар катиондарын сініру процесі екі сатыдан тұрады:

1) иондардың сірқабық (кутикула) арқылы метаболитикалық емес сінірліуі;

2) иондардың плазмалық мембранның арқылы жасушалардың протопластарына алмасуы, яғни олардың концентрация градиентіне қарсы жиналуы [53].

Ауыр металдардың катиондары негізінен жапыраққа саңылауары және сірқабық арқылы енеді, әрі қарай олар тамырға, сабаққа және өсімдіктің басқа органдарына тасымалдануы мүмкін [54-56].

Ауадағы металдардың концентрациясы, жауын-шашын мөлшері, сондай-ақ өсімдік жапырақтарының анатомиялық және морфологиялық сипаттамалары жапырақтардың ауыр металдарды қабылдау үлесін анықтайтын маңызды факторлар болып табылады. Тәмен концентрацияда қорғасынның жапырақтарға нашар енетіні және олар арқылы нашар қозғалатыны анықталған [57]. Эпидермис және сірқабық бұл жағдайда сенімді барьерлер болып табылады. Лепнева және Обухов ауа 50%-ға дейін қорғасынмен ластанған жағдайда, жапырақ арқылы өсімдікке өтуі мүмкін екендігін хабарлайды [58].

Жапырақтардың ауыр металдарды сініру қабілеті олардың құрылышының ерекшеліктеріне де байланысты болады. Беті ісіңкі немесе кедір-бұдырлы жапырақтар атмосферадан металдарды қарқындырақ қабылдайды [59]. Сірқабық пен эпидермистің биохимиялық құрамы мен құрылышының ерекшеліктері өсімдік жапырақтарының ауыр металдарды жинауы бойынша түрлік ерекшеліктерін түсіндіреді [60].

Атмосферадан жапыраққа түсетін аэрозольдер мен шаңның құрамындағы металл қосылыштары жапырақтың бетінде үйінді қүйінде тұрады және оның бір бөлігі жаңбыр суымен жуылдып кетуі мүмкін [61-62]. Әр түрлі элементтер үшін жуылу әсері де әр түрлі.

Мысалы, қорғасын кадмиймен салыстырғанды атмосфералық жауынмен жапырақтың бетінен оңай жуылады [63]. Ауыр металдардың өсімдікке түсуі күрделі процесс болып есептеледі, ол бірнеше факторлардың кешеніне байланысты: эдафитті, экологиялық, биологиялық.

Металдар тамыр немесе жапырақ арқылы өсімдікке енүі қауіпті ластанудың тәуекелін күштейтеді, бұл өсімдік үшін де, сондай-ақ қоректік тізбектегі басқа да ағзалар, соның ішінде адам ағзасы үшінде қауіпті.

Ауыр металдардың иондары тамырда келесі жолмен қозғалады, алдымен – екі сатылы сіну, әрі қарай апопласт және симпласт бойынша эндодермаларға және базальды участкерге дейін тасымалданады [64].

Ауыр металдардың өсімдіктің орталық өзегіне өтуі Каспари белдікшелері әлсіз дамыған жас эндодермалар арқылы, сондай-ақ кей жағдайларда эндодермадағы протопласт мембранны арқылы өтеді деп саналады. Металдар тамырдан жоғары өсімдік сабактарына ксилема арқылы транспирациялық токпен тасымалданады [65]. Ауыр металдар өсімдікте катиондар түрінде [66], сондай-ақ әр түрлі кешенді қосылыстар түрінде, мысалы – амин қышқылдарымен (аспарагин, глутамин, гистидин) [67], болмаса органикалық қышқылдармен (лимон қышқылы, фумар қышқылы, малон қышқылы) тасымалдануы мүмкін. Өсімдіктердегі ауыр металдардың алыс қашықтыққа тасымалдануы донор-акцепторлы органдар жүйесіндегі флоэма тамырлары арқылы да жүзеге асатыны анықталды.  $109\text{Cd}$  және  $65\text{Zn}$  изотоптарының флоэмді тасымалдануы бидай өсімдігінде табылады: яғни, жапырағынан гүлі мен жемісіне, жапырақтан жапыраққа немесе тамырға [68]. Әр түрлі өсімдіктер металдарды әр түрлі жылдамдықта сіңіреді және тасымалдайды, және бұл өсімдік тіндері бойынша жиналуы мен таралуының түрлік ерекшеліктерін анықтайтын себептердің бірі болып табылады [69].

Ауыр металдардың өсімдіктердің жер үсті сабактары арқылы тасымалдау жолындағы қуатты тосқауыл – тамыр жүйесі болып табылады. Апопластикалық тасымалдау тосқауылына іргелес меристемалық жасушалары мен эндодермасы бар протодермалық жасушалардың қабаты, ал симпластикалық тасымалдаушы тосқауыл апикальды меристеманың орталық бөлігінің жасушаларынан тұрады [70-73]. Тамыр жүйесімен бірге, өсімдіктерде ауыр металдардың байланысы болуы мүмкін басқа да физиологиялық тосқауылдар бар. Бұл тосқауылдар тамыр – сабак және сабак – репродуктивті бөлімдерінің шекарасында орналасқан [74].

Сыртқы ортада ауыр металдардың концентрациясы артқан кезде олардың концентрациясы тамырларында ғана емес, жер беті бөлімдері – сабактары мен жапырақтарында да артады. Сәйкесінше, тамырдың жасуша мен ұлпа деңгейінде қызмет көрсететін қорғаныс механизмдері мен тосқауылдары ауыр металдардың өсімдіктің сабағына өтуіне толығымен кедергі жасай алмайды. Орта есеппен алғанда (өсімдіктің түріне байланысты) өсімдіктің жер беті бөлігінде тамырға қарағанда ауыр металдарды 10-15, кейбір мәліметтер бойынша 200 есе аз болады [75]. Біржылдық өсімдіктердің сабактарындағы мырыштың, қорғасын мен кадмийдің мөлшері 6-35%-ды құрайды, кейбір жағдайларда – 46%-ға дейін жетеді [76].

Ауыр металдар бірнеше авторлардың зерттеулері көрсеткендей, генеративті органдар мен тұқымдарға ауысуға қабілетті [77]. Дегенмен, генеративті органдарда ауыр металдардың көлемі, әдетте, төмен болады [78].

Мысалы, күріштің 20 сортында дәндегі қорғасынның мөлшері жапырақтарда, сабактарда және тамырларға қарағанда 2 есе төмен болған және күрғақ салмақта 0,46-дан 2,68 мг/кг-ға дейін өзгеріп отырған [79].

Өсімдіктің репродуктивті органдарында ауыр металдардың үлесінің аз болуы туралы екі көзқарас бар. Көптеген зерттеушілер [58, б.3642; 69, б.1138; 80] мұны арнайы қорғаныс механизмнің жұмысымен түсіндіреді. Екінші көзқарасты жақтаушылар жемістердегі ауыр металдардың көлемінің аз болуының себебі – репродуктивті фаза салыстырмалы түрде кеш басталады, ал жемістер, тиісінше, вегетативті органдарға қарағанда аз уақыт бойы металдардың артық концентрациясына ұшырайды деп есептейді [81].

Мәдени өсімдіктердің әртүрлі органдарында ауыр металдардың жинақталу деңгейіндегі елеулі айырмашылықтар тәжірибелік қызығушылық тудырады, өйткені олар ластанған жерлерде өсіру үшін аз ластанған тауарлық өнімдері бар дақылдарды таңдауға мүмкіндік береді.

Ауыр металдардың органдар бойынша таралу сипаты ең алдымен металдардың қасиеттеріне және өсімдіктердің түрлік ерекшеліктері бойынша анықталады [82]. Өсімдіктердің түрі мен сұрыпты олардың органдары арқылы ауыр металдардың таралуы бойынша ерекшеленеді, бұл металл иондарын тамырдың сіңіруі мен оның сабаққа өту ерекшеліктерімен байланысты. Кейбір авторлардың пікірінше, ауыр металдардың өсімдікте таралуы негізінен олардың жиналудына емес, генотипіне байланысты болады.

Жалпы, өсімдіктің органдарындағы ауыр металдардың үлесі бойынша кему ретімен келесі қатар қалыптасады: тамыр → сабақ → жапырақ → жеміс немесе тұқым [83].

Өсімдіктердің түрлері үшін бұл қатар өзгеруі мүмкін. Өсімдіктердің түрлерінің көпшілігі ауыр металдарды негізінен тамырға жинаиды.

Бойына ауыр металдарды жинау қабілетіне байланысты өсімдіктерді үш топқа бөлуге болады:

- 1) аккумуляторлар – ауыр металдардың топырақтағы мөлшері аз немесе көп екендігіне қарамастан, оларды жер үсті органдарына жинаиды;
- 2) индикаторлар – металдың концентрациясы оның қоршаған ортадағы мөлшерін көрсетеді;
- 3) ерекше – қоршаған ортадағы металдардың концентрациясы жоғары және тамырға жиналғанына қарамастан, ол металдардың сабаққа тусуі шектелген [84].

Әр түрлі қауымдастық тобына жататын өсімдіктер ауыр металдарды жинау қабілеті бойынша бір-бірінен ерекшеленеді. Өсімдіктің түріне байланысты олардың құрамындағы ауыр металдар бірнеше есе өзгеруі мүмкін (100 немесе одан көп). Жабайы өсімдіктерге қарағанда мәдени өсімдіктер металдарды өздеріне аз сіңіреді. Топырақтағы ауыр металдардың концентрациясы бірдей болғанына қарамастан, өсімдіктердің түріне, бір түрдің ішіндегі сұрыптарына байланысты олар әр түрлі мөлшерде жиналуды мүмкін [46, б.452; 85]. Мысалы, техногендік ластану жағдайында жапырақты ағаштардың (қайың, шетен) барлық өсімдік органдарындағы мырыш, кадмий

және қорғасынның мөлшері қылқан жапырақты ағаштарға (қарағай) қарағанда айтарлықтай жоғары [86]. Көкөніс дақылдарын кадмиймен ластанған топырақта өсіргенде салат, шпинат, балдыркөк және қырыққабат жапырақтарындағы металдың концентрациясы қызанақ, жүгері, бұршақ және асбұршақ жапырақтарына қарағанда жоғары болған [87].

### 1.3 Топырақтағы ауыр металдар

Топырақтағы ауыр металдар мөлшері, көптеген зерттеулер анықтағандай, аумақтың күрделі геологиялық даму тарихымен және бастапқы тау жыныстарының құрамына байланысты болады [88]. Тау жыныстарының үгілу өнімдерімен ұсынылған топырақ түзуші жыныстардың химиялық құрамы, бастапқы тау жыныстарының химиялық құрамымен алдын ала анықталады және гипергеннің түрлену жағдайларына байланысты болады. Соңғы онжылдықта адамның табиғи ортадағы антропогендік әрекеті ауыр металдар көші-қон процесіне қатты әсер етті. Техногенездің әсерінен қоршаған ортаға түсетін химиялық элементтердің саны олардың табиғи түсү көлемінен асып түседі. Мысалы, табиғи көздерден жаһандық Pb шығарындылары жылына 12 мың тоннаны, ал антропогендік шығарындылар 332 мың тоннаны құрайды [89]. Табиғи көші-қон циклдарына енгізілген антропогендік ағындар, ластаушы заттар қалалық ландшафттың табиғи компоненттеріне тез таралуына әкеледі, мұнда адамның араласуы сөзсіз. Құрамында ауыр металдар бар ластаушы заттардың мөлшері жыл сайын артып келеді, табиғи ортаға зиян келтіреді, экологиялық тепе-тендікті бұзады және адам денсаулығына кері әсер етеді [64, 6.630; 65, 6.660; 66, 6.336; 90]. Ластаушы заттардың әсері элементтердің атмосфераға түсу көзі ондаған шақырымға созылады. Осылайша, атмосфераға шығарындылардың жалпы көлемінің 10-30% мөлшеріндегі металдар өнеркәсіптік кәсіпорыннан 10 және одан да көп шақырым қашықтықта таралады. Сонымен қатар, өсімдіктердің аралас ластануы байқалады, ол жапырақтардың бетіне аэрозольдер мен шаңды тікелей түсүінен және топырақта ұзак уақыт бойы ластанған атмосферадан топырақта жинақталған ауыр металдардың тамырға сініруінен тұрады [91]. Келесі мәліметтерге сәйкес, адамның антропогендік белсенелілігінің көлемі туралы айтуға болады: техногендік қорғасынның үлесі - 94-97% (қалғаны - табиғи көздерден), кадмий - 84-87%, мыс - 56-84.%, никель-66-75%, сынап-58% және т.б. Мұндағы элементтердің әлемдік антропогендік ағынының 26-44% - ы Еуропа елдеріне тиесілі, бұл көрсеткіштің 28-42%-ы бұрынғы КСРО елдерінің Еуропалық аумағына тиесілі. Атмосферадан ауыр металдардың техногендік тусу деңгейі әлемнің әртүрлі аймақтарында бірдей емес және игеріліп жатқан кен орындарының болуына, тау-кен және өнеркәсіп салаларының даму дәрежесіне, көлікке, аумақтардың урбанизациясына және т. б. байланысты өзгереді.

Әр түрлі өнеркәсіптердің ауыр металдар әмиссиясының әлемдік ағынын зерттеу көрсетті: 73% мыс және 55% кадмий мыс пен никель өндірісімен айналысатын кәсіпорындарға тиесілі; сынаптың 54% әмиссиясы

көмір жағудан шыққан; 46% никель – мұнай өнімдерін жағудан туындаған; 86% қорғасын – атмосфераға автотранспорттардан шығады [92]. Ауыр металдардың бір бөлігін қоршаған ортаға ауыл шаруашылығы алып келеді, мұнда пестицидтер мен минералды тыңайтқыштар қолданылады, соның ішінде суперфосфаттардың құрамында хром, кадмий, кобальт, мыс, никель, ванадий, мырыш және т.б. көп мөлшерде кездеседі.

Химиялық, ауыр және атом өнеркәсібінің құбырлары арқылы атмосфераға шығарылатын элементтер қоршаған ортаға айтарлықтай әсер етеді. Атмосфераның ластануындағы жылу және басқа электр станцияларының үлесі 27%, қара металлургия кәсіпорындарының үлесі 24,3%, құрылыс материалдарын өндіру және қайта өңдеу кәсіпорындарының үлесі 8,1% құрайды [93]. Ауыр металдар (сынапты қоспағанда) негізінен аэрозольдердің бөлігі ретінде атмосфераға шығарылады. Металдар жиынтығы және олардың аэрозольдердегі мөлшері өнеркәсіптік және энергетикалық қызметтің мамандануымен анықталады. Көмірді, мұнайды және тақтатасты жағу кезінде осы түрлерінің құрамындағы элементтер түтінмен бірге атмосфераға шығарылады. Сонымен, көмірде церий, хром, қорғасын, сынап, күміс, қалайы, титан, сондай-ақ уран, радий және басқа металдар бар [84, б.926].

Қоршаған ортаны ластаушылардың тағы бірі – алып жылу орталықтары. Жыл сайын көмірдің өзін жаққан кезде атмосфераға шығарылатын сынаптың мөлшері табиғи биогеохимиялық циклдан 8700 есе, уран – 60 есе, кадмий – 40 есе, иттрий мен цирконий – 10 есе, қалайы – 3-4 есе алдын асып кетеді. Атмосфераны ластайтын кадмий, сынап, қалайы, титан және мырыштың 90%-ы көмірді жағу кезінде түседі. Бұл көмірді пайдаланатын энергетикалық кәсіпорындар атмосфераны ең көп ластаушылар болып табылатын Бурятия Республикасына айтарлықтай әсер етеді. Солардың ішінде (жалпы шығарылым бойынша) Гусиноозерская ГРЭС – 30% және ТЭЦ-1 Улан-Удэ қаласы – 10%-ды құрайды [94].

Сурет 3 – Топырақ құрамындағы салмағы бойынша (%) салыстырмалы мөлшері жоғары элементтер

Жетісай топырағының басқа жерлердің топырағынан тағы бір айырмашылығы 1 жылда бір жерден 2 рет кейде 3 рет өнім алуға болады. Ол топырақтың қүштілігінен және де ауа райының қолайлылығынан.

Мұндағы, 1 алқап - Жетісай қаласына жақын егіс алқаптары, 2 алқап - қаладан қашық егіс алқаптары, 3 алқап – Сырдарьяға жақын егіс алқаптары [162, б.289].

Топырақтың гранулометриялық құрамы оның агрономиялық қасиеттеріне қатты әсер етеді. Құмды және құмды саз топырақ жеңіл топырақ деп аталады. Мұндай топырақтардан су тез өтіп, оңай буланып кетеді. Мұндай топырақтың ылғалдылығы тәмен, бірақ оның құрамында ауа көп. Топырақтың беттік қабаты жылдам қызады және салқындалылады. Бұл топырақтан қоректік заттар оңай жуылады. Органикалық заттар жылдам минерализацияланады. Сондықтанда, механикалық құрамы жеңіл топырақтарға органикалық тыңайтыштарды көп мөлшерде, ал минералды тыңайтқыштарды аз мөлшерде ендіру керек. Жеңіл және орта сазды топырақтар орташа ауыр. Олар салыстырмалы түрде оңтайлы физикалық қасиеттерге ие және суды жақсы байланыстырады, бірақ олар сондай-ақ ауамен толығымен қаныққан. Жақсы қалпына тез келеді. Қалыпты өсімдік өміріне арналған қоректік элементтер жеткілікті түрде қамтиды. Олардың органикалық қалдықтары гумусты тез қалыптастырады.

Ауыр қоқысты, сазды топырақ – ауыр болады. Олар тығыз болғандықтан судың өтуі жай, бірақ көп мөлшерде ылғал сақтап тұрады, ауаны жеткілікті өткізбейді, сондықтан өсімдіктердің қол жетімділігі тәмен болады. Бұл топырақ тым ылғалды, сұық. Сонымен қатар олар қатты сығылады, ал кептірілген кезде олардың бетінде жарық пайда болады. Балшық топырақтарында көптеген қоректік заттар бар, бірақ өсімдіктер оларды әрқашан қолдана алмайды.

Осылайша, топырақтың гранулометриялық құрамы негізінде, оның құнтарлылығын анықтайды, ол өз кезегінде көптеген маңызды физикалық және физика-химиялық қасиеттеріне байланысты. Көптеген практикалық мәселелерді шешу кезінде топырақтың механикалық құрамы туралы ақпарат қажет, яғни, тыңайтқыштарды таңдау және қолданудың мөлшерлері мен

әдістерін, топырақ құрамындағы әк мөлшерін, себу мен өңдеу уақыттары мен әдістерін, егістік және ауыл шаруашылық техникасын таңдау, тұқым мен дәнді дақылдарды егу терендігі анықтау, отырғызу және т.б. білу қажет.


Топырақтың механикалық құрамы жеңілдеуі мүмкін, бірақ мұндай жағдайда жер қыртысына ауа өтуі, яғни топырақтың дем алуы ауырлайды. Табиғи жағдайларда белгілі бір фитоценоздардың пайда болуы топырақтың механикалық құрамымен байланысты. Құмды алқапты жерлерде әдетте қарағай, қызылша, қауын, қарбыз сияқты жылу мөлшерін көбірек қажет ететін өсімдіктерге ыңғайлы болғаны мен шырша, емен, қара өрік, шие және т.б. құмды топырақта тұра алмайды.

Агрокожайлерде барлық өсірілген өсімдіктер топырақтың механикалық құрамына бірдей жауап бермейді. Жеңіл механикалық құрамдас топырақтарда, лупиндер, сұлы, қара бидай және картоп жақсы дамиды (бұл топырақтардағы соңғы түйнекке жоғары дәмділік береді) [162, 6.291].

Мақтаарал ауданы Жетісай өңірінің егістік алқаптарындағы топырақ құрамындағы химиялық элементтердің мөлшері анықталды, олардың қандай өсімдіктер үшін, қолайлы жағдай туғызатын мүмкіндіктерін, әр жерден алынған топырақ үлгілерінің айырмашылығы мен химиялық элементтердің сандық және сапалық мөлшері арқылы жердің құнарлығына баға берілді. Осы мақсатта, Мақтаарал ауданының үш түрлі алқаптық топырақ үлгілерінің химиялық құрамы беріліп, Жетісай өңірінің топырағының оттегі мөлшерінің қажетті мөлшерден кем еместігін және кремний мөлшеріне қарай құмды топырақты екендігін білуге болады. Яғни, топырақ жеңіл, күн энергиясынан өсімдікке қажетті жылу мөлшерін қамтамассыз ету мүмкіндіктері жоғары, ол дегеніміз топырақтың қуаттылығы жоғары, өнімді бір емес екі рет алуға қуаттылығы жетеді.

## 2.2 Түркістан облысы шарттарындағы «топырақ – өсімдік» жүйесінің сипаттамасы

Зерттеу нысаны ретінде Шымкент – Сарыагаш - Абай магистралінің бойындағы топырақтар және көкөніс өсімдіктері, Арыс және Созақ аудандарының «топырақ-өсімдік» жүйесіндегі ауыр металдардың трансформациялануы және миграциялану қасиеттерін, сондай-ақ жергілікті базарлардан алынған және жылыжай шаруашылықтарынан жиналған көкөністер мен жемістер пайдаланылды (сурет 4 және 5) [163].



Сурет 4- Зерттеу сынамалары алынған нысанды аймақтар



а



б



в



г



д



е

а – топырақтан үлгі алу; б, в, г – үлгілерді талдауға дайындау; д, е – жылыштай шаруашылықтарынан үлгі алу

Сурет 5– Зерттеу сынамаларын талдауға дайындық жұмыстары

Ауыр металдардың өсімдіктерде жиналу дәрежесін бағалау биологиялық жұтылу коэффицентінің (БЖК) негізінде өсімдіктің жер үсті бөлігіндегі металл мөлшерінің топырақтағы элементтің жалпы мөлшеріне қатынасы ретінде, сондай-ақ өсімдіктегі ауыр металдар құрамының оның топырақтағы жылжымалы формаларының мазмұнына қатынасымен берілген қатынас коэффиценті (КК) арқылы жүргізіледі. Өсімдіктердің ауыр металдармен ластануына төзімділігі КК мәні мен тамыр жүйесіндегі элементтер мөлшерінің өсімдіктің жер үсті бөлігіндегі олардың мөлшеріне қатынасының қосындысы ретінде есептелді [163, б.164].

Ауыр металдармен ластануына қатысты «топырақ – өсімдік» жүйесінің тұрақтылығы топырақтағы ауыр металдардың жылжымалы түрлерінің жиналуы және олардың өсімдіктің ағзасына енүі КК мәнімен бағаланып, сипатталады. Топырақ құрамынан As, Cd, Pb, Cu, Zn, Cr, Al, Fe, Mn, Na, Ca, Mg, K, Р әр түрлі формаларын экстракциялау кезінде, келесі фракциялар алынды: оңай алмасатын, карбонатты, органикалық, Fe-Mn гидрооксиддері және оларға адсорбцияланған элементтер, ерімейтін қалдықтар [139, б.394]. Оңай алмасатын фракциядағы элементтер өсімдіктер үшін жылжымалы және қолжетімді; карбонаттармен, топырақтағы органикалық заттармен және Fe, Mn оксидтерімен, гидроксидтерімен байланысқан элементтердің жылжымалығы төмен және топырақтың pH, Eh және кейбір басқа да параметрлері өзгерген кезде, босап шығуға қабілетті элементтердің қоры болып табылады. Жылжымалығы төмен және өсімдіктер үшін, қолжетімсіз элементтер, ерімеген қалдықта жинақталады, сонымен қатар олар әлсіз еритін минералды түрде болады.


### **2.3 Топырақ, көкөніс және өсімдік үлгілерін талдаудың индуктивті байланысқан плазмалық масс-спектрометриялық әдісі**

Индуктивтік байланысқан плазмалық масс-спектрометриялық әдіс атомдық иондану көзі ретінде индуктивті байланысқан плазманы пайдаланатын масс-спектрометрия әдісі болып табылады. Бұл әдіс талданатын заттан газ фазасында алынған элементтік оң зарядталған иондардың масса-заряд қатынасын ( $m/z$ ) тікелей өлшеуге негізделген [164].

Плазма радиожиілікті генераторына қосылған индуктордан аргонның жоғары жиілікті электромагнитті сәулеленуді жұтуы есебінен арнайы оттықта түзіледі. Оттық индукторға саптамамен орналастырылған. Индукторға жоғары қуат кернеуін (700-1600 Вт) бергенде, оттықта генератор жиілігімен сәйкес жиілікпен (72 немесе 40 МНц) айнымалы электромагниттік өріс пайда болады. Иондаудың негізгі көзі – аргон атомдарынан электрондарды алып тастайтын арнайы электрод пен индуктор арасындағы үшқын разряды.

Магниттік өріспен ұсталған және ұдетілген электрондар тізбекті реакция түрінде жаңадан түсетін газдың одан әрі иондануын туындатады. Индуктивті катушканың электромагниттік өрісінің әсерінен электрондардың энергиясын арттыру процесі индуктивті байланыс деп аталады. Аргонның

Эсер ету ионизациясы газды аргон атомдарынан, электрондарынан және аргон иондарынан тұратын плазмаға айналдырады. Плазма индуктивті қосылу процесі арқылы алаудың ішінде өзін-өзі ұстайды. Индуктивті байланысқан плазма негізінде тороидті пішінді өте жарқын алау ретінде пайда болады. Индуктивті байланысқан плазманың бұл бөлімі индукциялық аймақ деп аталады – индукциялық катушкадан плазмаға радиожиілікті энергиясының индуктивті берілуі орын алатын аймақ (сурет 6).



Сурет 6 – Плазмалық оттықтың құрылымы

Индуктивті байланысқан плазманың ерекшелігі – үлгінің аэрозольді индукция аймағы арқылы плазманың ортасына енгізу, нәтижесінде үлгі компоненттері, соның ішінде талданатын зат, дәйекті түрде ерітіледі, буға айналады, атомизацияланады және иондалады (сурет 7). Анықталатын заттың иондарын жоғары температуралы плазмамен салыстырмалы түрде ұзақ уақыт бойы қоршау басқа иондау әдістеріне қатысты материалық интерференцияның төмендігін тудырады [164, б.14].




Сурет 7 – Масс-спектроскопиялық талдау әдісінің мысалы

Иондар атмосфералық қысымда болатын плазмадан конустар жинағы арқылы масс-спектрометрдің вакуумдық бөлігіне тасымалданады. Интерфейстің артында иондық оптика орналасқан. Иондық оптиканың негізгі функциялары: плазма ағынынан талданатын иондарды алу және олардың осыткі шоғырлануы; интерфейстен массалық анализаторға дейінгі ион ағынының басқарылатын қозғалысын ұйымдастыру; электрондардан, бейтарап бөлшектерден және фотондардан ион ағынын босату; матриналық интерференцияның әлсіреуі және қос зарядты және көп атомды иондар санын азайтуы; ион жолын ластанудан қорғау.

Масс-анализатор, әдетте төрт полюсті, магниттік немесе уақыттық жүйесі,  $m/z$  қатынасына байланысты үлгі компоненттерінің иондарын бөледі. Бөлінгеннен кейін белгілі  $m/z$  мәні бар иондар детекторға жіберіледі, онда иондар ағыны электрлік сигналдарға айналады. Үлгідегі талданатын заттың мөлшері уақыт бірлігінде электр импульстарын тудыратын иондар санына байланысты анықталады [164, б.14].

Құрылғы келесі негізгі компоненттерден тұрады (сурет 8).

- үлгілерді енгізу жүйесі;
- радиожиілікті сигналдардың генераторы;
- плазмалық алау;
- интерфейс;
- иондық оптика, иондық линзалар;
- масс-спектрометр;
- детектор;
- мәліметтерді өндөу блогы.



Сурет 8 – Аспаптың принципиалды сұлбасы

Индуктивті байланысқан плазмалы құрылғының негізгі сипаттамалық ерекшелігі екі жақын массаны бөлу тиімділігі. Магниттік, секторлық және уақыттық масс-спектрометрлері төрт полюсті аспаптармен салыстырғанда жақсы селективтілікпен ерекшеленеді.

Топырақ құрамындағы ауыр металдарды анықтау үшін сынамаларды дайындау әдісі.

*Ерітінділерді дайындау.*

Ерітінділерді дайынауды тартпа шкафта жүргіздік.

Мырыштың массалық концентрациясы 1000 мг/см<sup>3</sup> болатын *негізгі мырыши ерітіндісін дайындау*: сыйымдылығы 1000 см<sup>3</sup> өлшегіш колбаға 1,000 г металл мырышты салып, оны 20 см<sup>3</sup> 50%-дық азот қышқылында ерітеді, және өлшемге дейін азот қышқылының концентрациясының белгісі 1 моль/дм<sup>3</sup> ( $\text{HNO}_3$ ) дейін жеткізеді. Мырыш сульфатының 7-сулы негізгі ерітіндісін дайындаған кезде аналитикалық таразыда 4,398 г тұзды өлшеп, оны 0,001 М құқірт қышқылында ерітеді және сол қышқылмен ерітіндінің көлемін 1 дм<sup>3</sup>-ге дейін жеткізеді. Ерітінділер жабық шыны немесе полиэтилен бөтелкеде 1 жылға дейінгі мерзімде сақталады. Негізгі мырыш ерітіндісінен жұмыс ерітінділері дайындалады.

Массалық концентрациясы 1000 мг/см<sup>3</sup> болатын *негізгі мыс ерітіндісін дайындау*: Сыйымдылығы 1000 см<sup>3</sup> өлшегіш колбаға 3,929 г мыс сульфаты құйылады және құрамында 1 см<sup>3</sup> концентрлі құқірт қышқылы бар бидистилденген суда ерітіледі, ерітіндінің көлемі 1 дм<sup>3</sup> немесе 3,798 г мыс нитриті ( $\text{Cu}(\text{HNO}_3)$  г – 3 $\text{H}_2\text{O}$ ) дейін жеткізіледі және сыйымдылығы 1000 см<sup>3</sup> өлшегіш колбаға салынады. 250 см<sup>3</sup> бидистилденген суды қосып, мұқият шайқап, үлгіні ерітеді. Алынған ерітіндіні ( $\text{HNO}_3$ ) = 1 моль/дм<sup>3</sup> концентрацияда азот қышқылымен сүйылтып, көлемін 1 дм<sup>3</sup>-ке дейін жеткізеді. Ерітінділерді жабық полиэтилен (шыны) бөтелкеде 1 жылдан аспайтын мерзімде сақтайды. Негізгі мыс ерітіндісінен жұмысшы және градуирлеу ерітінділері дайындалады. Концентрациясы 100 мг/дм<sup>3</sup> мыстың жұмысшы ерітіндісін дайындау: 10 см<sup>3</sup> мыстың негізгі ерітіндісін пипеткамен сыйымдылығы 100 см<sup>3</sup> өлшегіш колбаға құяды, сыйымдылығы 5 см<sup>3</sup> цилиндр арқылы 0,5 см<sup>3</sup> 50% азот қышқылын қосады, ерітінді бидистилденген сумен белгіге дейін жеткізіледі. Ерітінділер дайындалған күні қолданылады.

Массалық концентрациясы 1000 мг/см<sup>3</sup> болатын *негізгі кадмий ерітіндісін дайындау*: Сыйымдылығы 1000 см<sup>3</sup> өлшегіш колбаға 1,1423 г кадмий оксидін ( $\text{CdO}$ ) салады. Сыйымдылығы 50 см<sup>3</sup> цилиндр арқылы 20 см<sup>3</sup> 50% азот қышқылын құяды және үлгіні ерітеді, белгіге дейін  $\text{HNO}_3$  1M ерітіндісімен жеткізеді. Егер негізгі ерітіндіні құқіртқышқылды кадмийден дайындаса, онда 2,2810 г тұзды құрамында 0,5 см<sup>3</sup> концентрленген құқірт қышқылы бар суда ерітеді және ерітінді бидистилденген сумен 1 дм<sup>3</sup> дейін жеткізіледі. Ерітінділерді жабық полиэтилен (шыны) бөтелкеде 1 жылға дейінгі мерзімде сақтауға болады.

Массалық концентрациясы 1000 мг/см<sup>3</sup> болатын *негізгі қорғасын ерітіндісін дайындау*: Сыйымдылығы 1000 см<sup>3</sup> өлшегіш колбаға 1,000 г металл қорғасынды салады, үлгіге концентрациясы  $\text{HNO}_3=1$  моль/дм<sup>3</sup> болатын 50 см<sup>3</sup> азот қышқылын қосады, үлгіні ерітіп, бидистилденген сумен белгіге дейін жеткізіледі. Қорғасын нитратынан қорғасынның негізгі ерітіндісін дайындаған кезде, тұзды алдымен 100-105°C температурада тұрақты салмаққа дейін кептіреді. Салқындағаннан кейін 1,600 г тұзды 1 см<sup>3</sup> концентрлі азот қышқылы бар суда ерітеді, ал ерітіндінің көлемін

дистилденген сумен 1 дм<sup>3</sup> дейін жеткізеді. Ерітінділерді пластик қақпағы бар жабық ыдыстарда сактайды.

Массалық концентрациясы 100 мг/см<sup>3</sup> болатын мыстың жұмыс ерітіндісін дайындау: Сыйымдылығы 100 см<sup>3</sup> өлшегіш колбаға пипеткамен 10 см<sup>3</sup> негізгі мыс ерітіндісін салады және буферлік ерітіндімен ацетатты-аммонийлі белгіге дейін жеткізеді. Ерітіндіні дайындаған күні пайдаланады.

Массалық концентрациясы 100 мг/см<sup>3</sup> болатын кадмийдің (I) жұмыс ерітіндісін дайындау: Сыйымдылығы 100 см<sup>3</sup> өлшегіш колбаға пипеткамен 10 см<sup>3</sup> негізгі кадмий ерітіндісін құяды және экстракциялаушы ерітіндімен 100 см<sup>3</sup> дейін жеткізеді.

Топырақ, көкөніс және өсімдік сынамаларын индуктивті байланысқан плазмалық масс-спектрометрияда ауыр металдарды анықтау бойынша әдістемелік көрсетілімдерге [165] сәйкес жүргізілді.

Өсімдік үлгілеріндегі ауыр металдардың мөлшерін анықтау мақсатта, индуктивті байланысқан плазмалық масс-спектрометрия аспабына өсімдік үлгілерін дайындау әдісі.

Майдаланған 0,1-0,2 г мөлшердегі өсімдік үлгілерін фторопластикалық цилиндрге салып, үстінен 1 см<sup>3</sup> концентрленген азот қышқылын құйып, бетін зертханалық қабықшамен жауып, 115° С температураға дейін қыздырылған термоблокқа 0,5-1,0 сағ –қа салып қойдық, зерттеліп жатқан үлгіміз толық ерігенше ұстап тұрдық. Алынған мөлдір ерітіндіні сыйымдылығы 250 см<sup>3</sup> полипропиленді пробиркеге ауыстырыдық. Зерттеліп жатқан үлгіні фторопластикалық цилиндрден деионизирленген сумен 3 қайтара шая отырып, пробиркаға ауыстырылды. Пробиркадағы белгіленген мөлшерге дейін, деионизирленген сумен толтырылды. Пробирка аузын зертханалық қабықшамен жауып, жақсылап араластырылып, ары қарай талдауға жіберіледі.

## 2.4 Топырақтағы фосфор мен калийдің жылжымалы түрлерін анықтаудың Мачигин әдісі

Әдіс топырақтан фосфор мен калийдің жылжымалы түрлерін аммоний карбонатының 1% ерітіндісімен (рН – 9) топыраққа 1:20 ерітінді қатынасында алуға негізделген. Органикалық заттармен боялған сығындылар фосфорды анықтау алдында түссіздендіріледі. Бұл әдіс карбонатты топырақтардағы фосфор мен калийді анықтау үшін, стандарт ретінде қабылданған [166].

Сығындыны дайындау. Сыйымдылығы 200-250 см<sup>3</sup> колбаға 5 г кептірілген топырақ салып, 100 см<sup>3</sup> 1% аммоний карбонатының ерітіндісін қосып, қақпағын бекітіп, роторда 5 мин шайқаймыз. Содан кейін колбаны термостатқа 18-20 сағат салып, 23-27° С температурада ұстаймыз. Сусpenзия араластылады және бұктелген сұзгі қағазы арқылы сүзіледі. Фильтраттың бірінші бөлігі жойылады. Фильтрат мөлдір түсті болуы қажет.

Фосфорды анықтау. 15 см<sup>3</sup> фильтрат 50 см<sup>3</sup> өлшегіш колбаға құйылады, 35 см<sup>3</sup> Б реактиві қосылады және 10 мин кейін (Б реагентін қосқаннан кейін

2,5 сағат ішінде) 600-750 нм аймағында максималды өткізгіштігі бар қызыл жарық сұзгісінде колориметрияланады.

Сығындыны түссіздендіру. Егер сығынды органикалық заттармен боялған болса, ол түссіздендіріледі. 15 см<sup>3</sup> сығындыны ыстыққа төзімді шыны ыдысқа құйып, 2 см<sup>3</sup> 30% күкірт қышқылы мен калий перманганатының қоспасын қосып, қайнаған сэттен бастап 2 мин қайнатады. Салқындағаннан кейін 36 см<sup>3</sup> бояғыш Б реактиві қосылады. 10 мин кейін (2,5 сағ кешіктірмей) ерітінді колориметрияланады.

Калийді анықтау түссіздендірілген сығындының аликвоты бойынша жалындық фотометрдің көмегімен жүзеге асырылады.

### Реактивтер.

1. Аммоний карбонатының 1% ерітіндісі. 10 г тұзды өлшеп алғып, оны 1 дм<sup>3</sup> дистилденген суда ерітеміз. Алынған ерітіндінің pH 9 болуы керек. Егер pH 9 жоғары болса, аммоний карбонатын, ал төмен болса концентрлі аммиак қосамыз. Ерітінді шоғыры 0,1Н HCl ерітіндісімен метилоранждың қатысында титрлеу арқылы тексеріледі. Аммоний карбонатының рұқсат етілген шоғыры 1,05% құрайды.

2.-30% күкірт қышқылы мен калий перманганатының қоспасы. Ыстыққа төзімді ыдыстағы 835 см<sup>3</sup> дистилденген суға 165 см<sup>3</sup> концентрлі қышқыл құяды. 17,5 г калий перманганатын 1 л дистилденген суда ерітеміз. Калий перманганатының алынған ерітіндісінің 2,5 бөлігіне 30% күкірт қышқылының 1 бөлігін қосамыз. Реактив талдау күні дайындалуы тиіс.

3.-Фосфор мен калийдің стандартты ерітінділері Кирсанов әдістемесінде көрсетілгендей дайындалады, тек ғана 0,2 Н HCl ерітіндісінің орнына 1% аммоний карбонатының ерітіндісі қолданылады. Фотоэлектрлік колориметрді калибрлеуге арналған фосфорды салыстыру шкаласын дайындаған кезде жұмысшы шкаласы бар колбалардан 50 мм өлшемді колбаларға 15 см<sup>3</sup> синама ерітінділерін алғып, Б реактиві бар ерітіндісі бар белгіге жеткіземіз.

Калийдің эталондық ерітінділеріне шкала дайындалған кезде 500 см<sup>3</sup> өлшемді колбалар қолданылады. Шкалаларды құруға арналған бастапқы шешімдердің көлемдері 6-шы және 7-ші кестелерде көтірілген [166, б.3].

Кесте 6 - Мачигин әдісі бойынша фосфордың жылжымалы формасын анықтау шкаласы

№	Көрсеткіш	Үлгілі ерітінді нөмері						
		1	2	3	4	5	6	7
1	Бастапқы фосфат ерітіндісінің көлемі, см <sup>3</sup>	0	2,5	5,0	7,5	10,0	15,0	20,0
2	Үлгілі ерітінділердегі P <sub>2</sub> O <sub>5</sub> шоғыры, мг/500см <sup>3</sup>	0	0,25	0,5	0,75	0,10	0,15	0,20
3	Салыстыру ерітінділердегі P <sub>2</sub> O <sub>5</sub> шоғыры, мг/50см <sup>3</sup>	0	0,0075	0,0150	0,0225	0,030	0,045	0,060
4	Топырақтағы P <sub>2</sub> O <sub>5</sub> мазмұны, мг/кг	0	10	20	30	40	60	80

Кесте 7 - Мачигин әдісі бойынша калийдің жылжымалы формасын анықтау шкаласы

№	Көрсеткіш	Үлгілі ерітінді нөмері						
		1	2	3	4	5	6	7
1	Бастапқы KCl ерітіндісінің көлемі, см <sup>3</sup>	0	1	3	5	10	20	30
2	Үлгілі ерітінділердегі K <sub>2</sub> O шоғыры, мг/1000см <sup>3</sup>	0	1,0	3,0	5,0	10,0	20,0	30,0
3	Топырактағы K <sub>2</sub> O мазмұны, мг/кг	0	20	60	100	200	400	600

## 2.5 Органикалық заттардың үлесін анықтаудың Тюрин әдісі ЦИНАО модификациясында

Әдіс органикалық заттарды күкірт қышқылындағы калий бихроматының ерітіндісімен тотықтырып, кейіннен фотоэлектроколориметрдің көмегімен органикалық заттардың мазмұнына эквивалентті үш валентті хромды анықтауға негізделген [167].

Әдіс хлоридтің массалық үлесі 0,6% жоғары үлгілерге және органикалық заттардың массалық үлесі 15% жоғары үлгілерге қолданбалы емес.

Екі жақты сенімділік ықтималдылығы үшін талдау нәтижелерінің салыстырмалы қателігінің шекті мәндері Р = 0,95 пайызбен:

20 – органикалық заттардың массалық үлесі 3% дейін;

15 – органикалық заттардың массалық үлесі 3-5% аралығында;

10 – органикалық заттардың массалық үлесі 5-15% аралығында.

Сынамаларды іріктеу зерттеу мақсатытарына сәйкес МЕМСТ 28168, МЕМСТ 17.4.3.01 және МЕМСТ 17.4.4.02 негізінде жүргізіледі.

Ұнтақталған топырақ үлгісінен 3-5 г болатын сынама алынады. Үлгілерді ұнтақтау алдында қарапайым көзге көрінетін ыдырамаған қоспалар мен өсімдік қалдықтары пинцетпен алынып тасталады. Сондан кейін үлгі толығымен ұнтақталады және диаметрі 0,25 мм елекten өткізіледі. Ұнтақтау үшін фарфордан, болаттан және басы қатты материалдардан жасалған кели ұнтақтағышы қолданылады.

Хром қоспасын дайындау 40,0±0,1 г майда ұнтақталған калий бихроматын 1 дм<sup>3</sup> өлшеуіш колбаға салып, көлемін белгіге дейін жеткіземіз, суда ерітіледі және фарфор ыдысқа құйылады. Дайындалған ерітіндіге 1 дм<sup>3</sup> концентрлі күкірт қышқылын 10-15 мин аралықпен 100 см<sup>3</sup> дейін порциялармен қосамыз. Ерітіндісі бар ыдыс әйнекпен жабылып, толығымен салқыннатылады. Ерітіндіні күнгірт шыны ыдыста сақтаймыз.

Талдау үшін топырақ үлгісінің массасы 8 кестеге сәйкес органикалық заттардың есептік құрамы негізінде анықталады. Топырақ үлгілері 1 мг аспайтын қателікпен өлшенеді және сөрелерде орнатылған пробиркаларға салынады. Үлгілерге 10 см<sup>3</sup> хром қоспасы қосылады. Әрбір пробиркаға

шыны таяқша салынып, үлгі хром қоспасымен мұқият араластырылады. Содан кейін, пробиркалар орналасқан штативтерді қыздыру үшін, су моншасына саламыз. Су моншасындағы судың деңгейі пробиркалардағы хром қоспасының деңгейінен 2-3 см жоғары болуы керек. Суспензияны қыздыру ұзақтығы су моншасына пробиркаларды батырганнан кейін, су қайнаған сәттен бастап 1 сағатты құрайды. Пробиркалардың ішіндегісін 20 мин сайын шыны таяқшалармен араластырып отырамыз. 1 сағаттан кейін пробиркалары бар сөрелер салқын суы бар су моншасына салынады. Салқындағаннан соң пробиркаларға  $40 \text{ cm}^3$  су құйылады. Пробиркалардағы суспензияларды мұқият араластырылады және қатты бөлшектердің тұнбасы мен ерітінділердің жоғарғы бөлігін толығымен тазарту үшін тұндыруға қалдырамыз. Суспензиядағы тұнбаны қағаз сүзгіден сүзбелеп алыш, суспензияны бөліп аламыз [167, 6.3].

Эталондық ерітіндіні дайындау.  $10 \text{ cm}^3$  хром қоспасын тоғыз пробиркаға құйып, талданатын үлгілермен бірге қыздырылған су моншасына 1 сағат қыздырылады. Салқындағаннан кейін пробиркаларға 9-шы кестеде көрсетілген мөлшерде дистилденген судың және тотықсыздандырыш ерітіндінің қажетті мөлшері құйылады. Ерітінділер мұқият араластырылады.

Кесте 8 - Талдауға алынатын топырақ үлгісінің массасы

№	Органикалық заттардың массалық үлесі, %	Талдауға алынатын үлгі массасы, мг
1	2 дейін	500 – 700
2	2 – 4	250 – 350
3	4 – 7	100 – 200
4	7 жоғары	50 – 100

Кесте 9 - Ерітінді қоспаларының мөлшері

Ерітінді сипаттамасы	Қосылыс ерітіндісінің нөмері								
	1	2	3	4	5	6	7	8	9
Су көлемі, $\text{cm}^3$	40	38	36	32	30	25	20	15	10
Тотықсыздандырыш ерітіндінің көлемі, $\text{cm}^3$	0	2	4	8	10	15	20	25	30
Салыстыру ерітіндісіндегі тотықсыздандырыш көлеміне эквивалентті органикалық заттың массасы, мг	0	1,03	2,07	4,14	5,17	7,76	10,3	12,9	15,5

Талданған үлгідегі органикалық заттардың массасы калибрлеу қисығының көмегімен анықталады. Калибрлеу графигін түрфызу кезінде абсцисса осі бойымен эталондық ерітіндідегі тотықсыздандырыштың көлеміне сәйкес келетін органикалық заттардың миллиграммдағы массасы, ал ордината осі бойынша сәйкес аспаптың көрсеткіші сыйылады.

Органикалық заттың массалық үлесін ( $X$ ) пайызбен төмендегі формула бойынша анықтаймыз:

$$X = \frac{m \cdot K}{m_1} \cdot 100 \quad (1)$$

мұндағы:  $m$  – талданатын үлгідегі органикалық заттың массалық үлесі, мг;

$K$  – тотықсыздандырылған шоғырына түзету коэффициенті;

$m_1$  – сынама массасы, мг;

100 – пайызға қайта есептеу коэффициенті.

## 2.6 Физикалық саз фракциясын анықтаудың Качинский әдісі

Топырақтың қатты фазасы түрлі өлшемді бөлшектерден тұрады, оларды механикалық элементтер немесе гранулалар деп атайды. Топырақтағы механикалық элементтердің салыстырмалы мазмұнын механикалық немесе гранулометриялық құрамы, ал олардың сандық мөлшерін анықтау гранулометриялық немесе механикалық талдау деп аталағы [168].

МЕМСТ 27593-88 «Топырақ. Терминдер мен анықтамаларға» сәйкес, гранулометриялық құрам дегеніміз – фракциялары бойынша біріккен топырақтағы механикалық элементтердің мазмұны.

Механикалық элементтер өлшемдеріне тәуелді түрлі фракцияларға бөлінеді. Өлшемі 0,1 мм төмен топырақтың барлық элементтерінің жиынтығын физикалық саз деп атайды, ал 0,01 мм жоғары бөлігін физикалық құм деп атайды.

Фракциялық құрамды дала шарттарында жуықтамалы түрде сыртқы түрлі бойынша немесе зертханалық шарттарда «ылғал» және «құрғақ» әдістермен анықтауға болады. Бұл әдістер топырақ құрылымын жақсартуда, ауылшаруашылық дақылдарының өсімін арттыру үшін қолайлы топырақ ортасын жасауда қолданылады.

Құрғақ әдіс топырақтың бір қысымын алақанға алып, саусақтармен мұқият үгітуге негізделген. Механикалық құрамы үгіту кезіндегі сезіну бойынша анықталады. Құрғақ қүйіндегі сазды топырақтар саусақтар арасында қын үгітіледі, бірақ үгітілген қүйінде біркелкі жұқа ұнтақ түрінде сезіледі. Сусазды топырақтар құрғақ қүйінде үгіту кезінде жұқа ұнтақ қүйіне келеді, саусақтармен сезінген кезінде аздаған құмды бөлшектер байқалады. Құмды топырақтар тек ғана құмды дәндерден тұрады, аздаған мөлшерде шаңды және сазды қоспасы болады.

Ылғалды әдіс кезінде топырақ үлгісі қамыр тәрізді күйге дейін ылғалданырылады, бұл кезде топырақтар ең жоғарғы иілгіштік күйге ие болады. Соңан соң, алақанда ысқылап дөңгелек шар және одан қалыңдығы шамамен 3 мм бау жасаймыз. Алынған бауды бұрай отырып, диаметрі 2-3 см сақина жасаймыз. Топырақтың механикалық құрамына байланысты «ылғалды» талдаудың көрсеткіштері әртүрлі болады. Борпылдақ құмды топырақтан шар жасалмайды; біріктірілген құмдар үшін ол онай ыдырайды; құмды саздарда оның беттігі кедір-бұдырлы болады; сусаздарда – тегіс

беттікті болады; саздыларда – тегіс, жылтыр беттікті болады. Құмдардан бау мүлдем түзілмейді; жеңіл сусаздарда бау түзіледі, бірақ сегменттерге бөлініп кетеді; орташа саздақтар үздіксіз бауға бейім, бірақ сақинаға оралған кезде тілімдерге бөлінеді; ауыр саздар – бүтін бау түзіледі, бірақ сақинаға оралған кезде жарылып кетеді; саздардан бүтін бау түзіле отырып, сақинаға оралған кезде жарылып кетпейді.

Фракциялық құрамды дәл анықтау үшін топырақты немесе топырақ құраушыларының механикалық элементтерінің барлық топтарының санын табу үшін зертханалық әдістер қолданылады.

Құмды және ірі түйіршікті топырақтардың фракциялық құрамын зерттеу кезінде құмды сазда сирек електі әдіс қолданылады. Топырақ үлгілері әртүрлі саңылаулары бар елеуіштер жинағы арқылы елекten өткізіледі: 10; 5; 2; 1; 0,5; 0,25; 0,1 мм. Елеуіштерде ұсталған топырақтың әрбір үлесі өлшенеді және топырақтың жалпы массасына қатысты пайызы есептеледі. Бөлшектерінің өлшемі 10-0,5 мм дейінгі топырақ үлгілеріне фракциялық талдау жүргізу кезінде елеуді жуусыз, ал 10-0,1 мм дейін сумен жуу арқылы елеуді жүргізеді.

Сазды топырақтарды фракциялық құрамдарын 0,1 мм төмен бөлшектер үшін зерттеудің гидрометриялық және пипеткалық әдістері қолданылады. Бұл әдістер бөлшектердің тұсу жылдамдығы мен олардың өлшемдері арасындағы байланысқа негізделген. Егер топырақ сусpenзиясын араластырып, оны тыныш күйде қалдырамыз, ол жерде араласқан бөлшектер біртіндеп тұнбаға тұседі. Үлкен және ауыр механикалық элементтер тезірек тұнбаға тұседі, яғни уақыт өте келе сусpenзияның тығыздығы мен механикалық құрамы өзгереді [168, 6.3].

Гидрометриялық әдіспен цилиндрге тұндырылған сусpenзияның тығыздығы белгілі бір аралықпен ареометрмен өлшенеді. Ареометрмен өлшенетін тығыздық сусpenзияның құрамындағы таразыланған бөлшектердің мөлшеріне тәуелді. Есептеу формулаларын немесе номограмманы пайдалана отырып, белгілі бір аралықтарда тығыздықтың азаю мәндерін алғаннан кейін белгілі бір өлшемдегі бөлшектердің пайыздық үлесі анықталады.

Пипеткалық әдіс әртүрлі уақыт аралықтарында цилиндірдің белгілі бір терендігінен сусpenзия үлгілерін алуды қамтиды. Талдау жүргізу үшін топырақ сусpenзиясын араластырады және белгілі бір уақытқа қалдырады, содан кейін арнайы пипеткамен қажетті терендіктен сусpenзия үлгісі алынады. Мұндай үлгіде белгіленген тұндыру уақытында тұнбаға тұсіп үлгермен бөлшектер ғана болады. Сусpenзияны тұндыру басталғаннан бастап үлкен аралықтармен пипеткамен алынған кейінгі үлгілермен кішірек бөлшектер алынады. Кептірілген үлгілердің массасын анықтау және тандалған бөлшектердің мөлшерін анықтау арқылы топырақ үлгісіндегі осы бөлшектердің пайызы анықталады.

Топырақтың фракциялық құрамын анықтаудың Н.А. Качинский бойынша пипеткалық әдісі кеңінен таралған.

Әдіс топырақ бөлшектерінің суға тұсу жылдамдығы мен олардың диаметрі арасындағы қатынасқа негізделген. Топырақтың ірі элементтері майда түріне қарағанда тұнбаға тезірек түседі. Әртүрлі диаметрлі бөлшектердің тұну жылдамдығын біле отырып, араластырудан кейін қатаң белгіленген уақыттан кейін берілген терендеңдіктен осы бөлшектері бар топырақ сусpenзиясының үлгісін алуға және олардың құрамын анықтауға болады.

Талдау барысы. Ең алдымен топырақты талдауға дайындау керек (С.И. Долгова, А.И. Личманова модификациясы).

1. Диаметрі 1 мм елкен өткізілген 10 г ауалы құрғақ топырақты 0,01 г дәлдікке дейін өлшеп, диаметрі 10-12 см фарфор ыдысқа саламыз.

2. Әрбір 10 г топырақ үшін цилиндрдің көмегімен натрий пирофосфатының 4% ерітіндісін өлшеп аламыз: женіл гранулометриялық құрамды карбонатты емес, тұзды емес, құрамында гипс жоқ топырақтар үшін – 5 см<sup>3</sup>, ауыр сусазды, сазды және карбонатты топырақтар үшін – 10 мг, тұзды және гипс мазмұндайтын топырақтар үшін – 20 см<sup>3</sup>.

3. Топырақ үлгісін тамшылатып, берілген топыраққа тиісті көлемдегі 4% натрий пирофосфатының ерітіндісін қамыр тәріздес күйге дейін сулаймыз және мұқият, баспай, резеңке ұшы бар пестикпен 10 мин ысқылаймыз.

4. Цилиндрдегі қалған натрий пирофосфатын фарфор ыдысына құйып, дистилденген су қосылады және қоспаны сусpenзияға айналғанша пестикпен араластырамыз.

5. Алынған сусpenзияны диаметрі 0,25 мм тесіктері бар елек арқылы талдау үшін 1 дм<sup>3</sup> шыны цилиндрге қоямыз. Барлық топырақ цилиндрге ауысқанша топырақты судың жана бөлігімен араластыруды жалғастырамыз.

6. Елкете қалған фракцияны (өлшемі 1-0,25 мм бөлшектер) фарфор ыдысына жуылады, содан кейін оны сумен декантациялау арқылы алғын ала өлшенген басқа фарфор ыдысқа ауыстырамыз, сүян тұндырып, бөліп аламыз. Ідистағы қалдықты құм моншасында буландырамыз, кептіргіш шкафта 105°C температурада тұрақты салмаққа дейін кептіреміз. Төмендегі формуласының көмегімен топырақтағы 1-0,25 мм фракцияның мөлшерін анықтаймыз [168, б.3].

$$x = A \cdot 100 / C \quad (2)$$

мұндағы:  $x$  – фракция мөлшері (өлшемі 1-0,2 мм бөлшектер), %;

$A$  – фракция массасы, г;

$C$  – топырақтың абсолютті құрғақ сынамасы, г;

100 – 100 г топыраққа қайта есептеу коэффициенті.

Цилиндрдегі сусpenзия көлемін дистилденген сумен 1 дм<sup>3</sup> дейін жеткізіп, пипетка әдісімен қалған фракциялардың құрамын талдаймыз.

Сынамаларды алу белгілі бір аралықта механикалық элементтердің әртүрлі топтары үшін әртүрлі терендеңдіктегі көлемі 20 см<sup>3</sup> арнайы пипеткамен жүргізіледі (кесте 10).

## Кесте 10 - Топырақ бөлшектерінің сынамасын алу шарттары

№	Бөлшектер диаметрі, мм	Пипеткан ы батыру терендігі, см	Тұрлі температурада суспензияны тұндыру уақыты		
			15°C	20°C	25°C
1	0,05 және одан төмен	25	2 мин 10 с	1 мин 55 с	1 мин 43 с
2	0,01 және одан төмен	10	21 мин 45с	19 мин 14 с	17 мин 06 с
3	0,005 және одан төмен	10	1 сағ 26 мин 59 с	1 сағ 16 мин 55 с	1 сағ 8 мин 25 с
4	0,001 және одан төмен	7	25 сағ 22 мин	22 сағ 26 мин	19 сағ 57 мин

Есептеулерді жүргізу кезінде соңғы фракцияның массасынан (0,001 мм төмен) суспензиядағы пептизатордың құрамына сәйкес түзету алынып тасталады (20 см<sup>3</sup> пипетка көлемімен ол 0,016 г немесе 1,6%).

Сынама алынатын фарфор ыдыстар алдын ала аналитикалық таразыда өлшеніп дайындалады.

Сынамаларды алу тәртібі:

- суспензияның температурасын өлшеу;
- тұндыру уақытын анықтау;
- цилиндрді араластырып 1 мин бойында жоғары-төмен шайқау;
- уақытты белгілеу;
- тұндыру уақыты біткенге дейін 30 с бұрын пипетканы цилиндрге салып, оны белгіленген терендікке мұқият түсіреміз;
- фарфор ыдысқа сынаманы дәл уақытында алу;
- пипетканы шаю, жуу сүйн сол ыдысқа жинау;
- үлгіні кепкенге дейін буландырамыз, кептіргіш шкафта 105°C температурада кептіреміз, эксикаторда салқындатамыз, аналитикалық таразыда өлшеміз [168, б.3].

Талдау нәтижелерін келесі формула бойынша есептейміз:

$$x = A \cdot V \cdot 100 / b \cdot c \quad (3)$$

мұндағы:  $x$  – фракция мөлшері, %;

$A$  – сынама массасы, г;

$V$  – цилиндрдегі суспензия көлемі, см<sup>3</sup>;

$B$  – алынған сынама көлемі, см<sup>3</sup>;

$c$  – топырақтың абсолютті құрғақ сынамасы, г;

100 – пайызға қайта есептеу коэффициенті.

Нәтижелері бойынша топырақтың гранулометриялық құрамы Н.А. Качинский, оны графикалық түрде циклограмма түрінде немесе профильдік әдіспен де ұсынуға болады.

### 2.7 Су сорғысының pH анықтаудың потенциометриялық әдісі

Топырақ үлгілері ауалы-құрғақ күйге жеткізіледі, ұнтақталған диаметрі 1-2 мм елекten өткізіліп, қораптарға сақталады. Алдын ала қорапта

шпательмен барлық терендігіне дейін араластырылған топырақ үлгісі алынады. Қораптан топырақ үлгісі тегіс беттікке салынады, мұқият араластырылады және қалындығы 1 см аспайтын қабатқа жазылады. Талдауға үлгілер кем дегенде бес нұктеден алынады. Сынаманың салмағы 30 г [169].

0,01 моль/дм<sup>3</sup> (0,01 н) шоғырлы хлорлы калий ерітіндісін дайындау. 500°C температурада тұрақты салмаққа дейін қыздырылған 0,746 г калий хлориді 0,001 г дәлдікке дейін өлшеніп, сыйымдылығы 1000 см<sup>3</sup> колбаға салынады. Дистилденген сумен ерітіледі және белгіге дейін толтырылады. Дайындалған ерітінді мұқият араластырылады.

Топырақтың сулы сығындысын дайындау. 0,1 г дәлдікке дейін топырақ үлгісінің 30 г сынамасы алынып, конусты колбаға саламыз. Сынамаға 150 см<sup>3</sup> цилиндрмен дистилденген су құяды. Су мен топырақты 3 мин бойы араластырғышпен араластырамыз және тұндыруға 5 мин қалдырамыз.

Пропорционал салмақтағы экстрагентті қолданған жағдайда, үлгінің салмағын 25-30 г алуға рұқсат етіледі.

Топырақ сынамасының массасы мен дистилденген судың көлемін арақатынасын 1:5 және өлшеу қателігі 2% аспайтын шарттарда өлшеуді пропорционалды түрде өзгертуге болады.

Дайындалған топырақ суспензиясының бір бөлігі 15-20 см<sup>3</sup> көлемде сыйымдылығы 50 см<sup>3</sup> химиялық стаканға құяды. Су мен топырақты 3 мин бойы араластырғышпен араластырамыз және тұндыруға 5 мин қалдырамыз.

pH-метр көрсеткіштерін реттеуді стандарт-титрден дайындалған pH 4,01, 6,86 және 9,18 тең үш буферлі ерітінді бойынша орындаімyz. Құрылғының көрсеткіштерін өлшенетін ортаға электродтарды батырғаннан кейін, өлшеу құралының дрейфі өзгергеннен кейін кем дегенде 1,5 мин кейін қабылдаймыз. Жұмыс барысында құрылғының көрсеткіштерін pH 6,86 тең буферлі ерітіндінің көмегімен тексеріп отырамыз.

Талдау нәтижесі ретінде бір анықталған мән қабылданады. Талданатын суспензияның салыстырмалы электр өткізгіштігін (X) төмендегі формула бойынша есептейміз:

$$X = a \cdot C \cdot k \quad (4)$$

мұндағы: a – суспензияның өлшенген электр өткізгіштігі, мСм;

C – кондуктометриялық ұяшықтық константасы, см<sup>-1</sup>;

k – анықтамалық кесте бойынша анықталатын 25°C температура кезіндегі өлшенген электр өткізгіштігі үшін температуралық түзету коэффициенті.

Суспензияның тығыз қалдығының талданатын үлгідегі массалық үлесін (X<sub>1</sub>) пайызбен келесі формула бойынша есептейміз:

$$X_1 = \frac{(m - m_1) \cdot 500}{25} \quad (5)$$

мұндағы: m – қалдығы бар ыдыстың салмағы, г;

$m_1$  – бос ыдыстың салмағы, г;

500 – пайызға қайта есептеу коэффициенті;

25 – суспензия сынамасының көлемі, см<sup>3</sup>.

Таңдамалы статистикалық бақылаумен қайталанатын талдаулардың арифметикалық орташа нәтижелерінен алғынған сенімді ықтималдықпен рұқсат етілген Р = 0,95 салыстырмалы ауытқулар келесіні құрайды:

11% - салыстырмалы электр өткізгіштігін анықтау кезінде 0,3 мСм/см;  
7% - 0,3 мСм/см жоғары;

Тығыз қалдықтың массалы үлесі 30% кезінде – 0,1 – 0,3%; 10% кезінде – 0,3 – 1,0%; 7% кезінде – 1,0% жоғары;

pH өлшеу кезінде 0,2 тең.

Суспензияның катион-аниондық құрамын толық талдау кезінде нәтижелердің дұрыстығын катион мен аниондардың баламалары, сондай-ақ катион мөлшерінің репродукциялары, сондай-ақ катиондар мөлшерінің репродукциялық мөлшері бойынша, қайталама талдаулардағы жалпы аниондар мен иондар мөлшерінің соммасымен бағаланады [169, б.3].

Сенімді ықтималдық Р = 0,95 кезінде катиондардың жалпы соммасының орташа арифметикалық санынан, анондар соммасынан немесе қайталама талдаулардағы топырақтағы иондардың жалпы санынан 100 г топырақтағы рұқсат етілген ауытқулар (Х) төмендегі формула бойынша анықталады:

$$X = \sqrt{\sum \varepsilon_i^2} \quad (6)$$

Мұндағы:  $\varepsilon_i$  –  $i$ -ші ион үшін қайталама талдау кезіндегі рұқсат етілген орташа арифметикалық ауытқу, моль 100 г топыраққа.

Егер рұқсат етілген ауытқулар салыстырмалы пайызбен нормаланған болса, оның абсолютті мәнін  $\varepsilon_i$  келесі формуламен анықтаймыз:

$$\varepsilon_i = \frac{a_i \cdot V_i}{100} \quad (7)$$

Мұндағы:  $a_i$  – топырақтағы  $i$ -ші ионға эквивалент заттың мөлшері, моль 100 г;

$V_i$  –  $i$ -ші ионды анықтау кезіндегі рұқсат етілген ауытқу, %;

100 – пайызды жүзден бөлікке қайта есептеу коэффициенті.

## 2.8 Нитритті азотты анықтаудың ионометриялық әдісі

Топырақ үлгілері табиғи ылғалдылық жағдайында болады, бірақ олар таңдалғаннан кейін 5 сағаттан аспайтын жағдайда талданады немесе 40°C дейінгі температурада кептіру арқылы ауада құрғақ қүйге дейін жеткізіледі. Үлгілерді табиғи ылғалдылық жағдайында 1-5°C температурада екі күннен артық емес сақтауға рұқсат етіледі, одан кейін оларды талдау немесе қайта кептіру қажет [170].

Ауада құрғақ қүйдегі сынаммалар ұнтақталып, диаметрі 1-2 мм електен өткізіледі және қораптарға салынады. Талдаулар үшін сынама қораптан шпательмен алынады. Топырақты қораптың барлық терендігіне дейін араластырып аламыз. Үлгі тегіс беттікке салынып, мұқият араластырылады. 1 см аспайтын қабатта жазылып, талдау үшін бес нүктеден кем дегенде 20 г сынама алынады.

Массасы 20,0 г топырақ үлгілері 0,1 г артық емес дәлдікке дейін өлшенеді және конустық колбаларға салынады. Үлгілерге 50 см<sup>3</sup> экстракциялық ерітінді қосылады. Үлгі мен ерітінді электромеханикалық араластырғышта немесе шайқағышта 3 мин бойында араластырылады. Алынған суспензиялар нитраттарды анықтау үшін қолданылады.

Өлшеу алдында нитрат электродты тазартылған сумен мұқият шайылып, дистилденген суда 10 мин ұсталады.

Нитратты тікелей анықтау кезінде құрылғы 4 және 2 тең нитраты бар эталондық ерітінділермен, бақылау үшін 3 тең нитрат ерітіндісі арқылы реттеледі. Бұл жағдайда нитрат мәндерінің ауытқуы номиналдан 0,02 бірліктен аспауы керек.

Милливольтпен өлшенген кезде электрод жұбы төменгі шоғырдан бастап эталондық ерітінділерге батырылады. Құрылғыны калибрлеуден кейін электродтар дистилденген сумен мұқият жуылады, сүзгі қағазымен сұртіледі және суспензиядағы нитраттарды анықтау басталады.

Өлшеу алдында суспензиялар араластырылады. Электрод жұбы суспензияға батырылады және аспап көрсеткіштерінің елеулі ауытқуы тоқтағаннан кейін 1 мин ерте емес мәні жазылып алынады.

Құрылғы көрсеткіштері жұмыс күні ішінде кемінде үш рет анықтамалық шешімдерді пайдаланып тексеріледі, әр жолы анықтамалық шешімдердің жаңа бөліктері қолданылады. Талданатын ерітінділер мен эталонның температурасы бірдей болуы керек.

Нитратты тікелей өлшеу кезінде топырақтағы азот нитратының миллиондаған бөліктегі массалық үлесі нитрат мәніне негізделген конверсиялық кесте арқылы анықталады.

Милливольтпен өлшеу кезінде эталондық ерітінділердегі нитратты анықтау нәтижелері бойынша сызықтық масштабта калибрлеу графигі құрастырылады. Анықтамалық ерітінділердің мәндері абсцисса ось бойымен, ал сәйкес құрал көрсеткіштері ордината осы бойымен сызылады. Талданатын суспензиялардың нитраттық мәндері калибрлеу графигінен анықталады.

Калибрлеу графигін түрғызған кезде масштаб абсцисса осынің ұзындығы 20 см, ал ордината осы 15-20 см болатында етіп таңдалады. Калибрлеу графигін түрғызу бір реттік анықтау нәтижелері бойынша жүргізіледі [170, 6.3].

Табиғи ылғалдылық жағдайында үлгілерді талдау кезінде талдау нәтижесі топырақтағы ылғалдылықтың массалық үлесін және өзара әрекеттесетін экстракциялық ерітінді көлемінің ұлғаюын ескеретін K<sub>1</sub> және

$K_2$  коэффициенттеріне көбейте отырып, құрғақ күйге дейін формуулалар арқылы қайта есептеледі:

$$K_1 = \frac{100}{100-W} \quad (8)$$

мұндағы:  $W$  – талданатын топырақтағы ылғалдың массалық үлесі, %.

$$K_2 = \frac{100}{\frac{W}{100-\frac{2,5}{2,5}}} \text{ немесе } K_2 = \frac{250}{250-W} \quad (9)$$

мұндағы:  $W$  – талданатын топырақтағы ылғалдың массалық үлесі, %.

2,5 – топырақ үлгісі массасының және экстракциялық ерітінді көлемінің қатынасы.

Топырақтағы ылғалдың пайыздық массалық үлесі ( $W$ ) үлгіні термостатта ( $105 \pm 5^\circ\text{C}$ ) температурада 6 сағат кептіру арқылы анықталады және келесі формула бойынша есептеледі:

$$W = \frac{m-m_1}{m-m_2} \cdot 100 \quad (10)$$

мұндағы:  $m$  – кептіруге дейінгі бюкспен бірге үлгінің массасы, г;

$m_1$  – кептіруден кейінгі бюкспен бірге үлгінің массасы, г;

$m_2$  – бос бюкстің массасы, г;

100 – пайызға қайта есептеу коэффициенті.

Құрғақ топырақтағы азот нитраттарының массалық үлесін ( $X_1$ ) миллиондық бөлшектерге қайта есептеу формуласы:

$$X_1 = X \cdot K_1 \cdot K_2 \quad (11)$$

мұндағы:  $X$  – ылғалды топырақтағы азот нитраттарының массалық үлесі,  $\text{млн}^{-1}$ .

Талдау нәтижесі бір анықтаудың мәні ретінде қабылданады. Талдау нәтижелері бірінші ондық белгіге дейін дөңгелектенген миллиондағы бөліктермен көрсетіледі.

Селективті статистикалық бақылаумен қайталанатын талдаулар нәтижелерінің орташа арифметикалық мәнінен екі жақты сенімді ықтималдылығы  $P = 0,95$  рұқсат етілген салыстырмалы ауытқулар: топырақтағы азот нитраттарының массалық үлесі 20% кезінде  $10 \text{ млн}^{-1}$ ; 15% кезінде –  $10 \text{ млн}^{-1}$  жоғары.

## 2 бөлім бойынша қорытынды

Бастапқы зерттеу нысандарының және олардың негізгі сипаттамаларын анықтаудың заманауи зерттеу әдістері мен құралдары таңдалды. Түркістан облысы территориясы бойынша топырақ-өсімдік жүйесінің, топырақ-климаттық көрсеткіштерінің сипаттамалары жүргізілді. Таңдалған үлгілерден сынамаларды алу ережелері, талдау әдістерінің негізі, жүргізу реті, қажетті реактивтер мен аспаптар тізімі, талдау нәтижелерін өндеу жолдары келтірілген.

Индуктивті байланысқан плазмалық масс-спектрометриялық әдісімен зерттеу нысаны ретінде таңдалған топырақ және өсімдік үлгілерінің құрамындағы ауыр металдардың мөлшерін зерттеуге мүмкіндік береді.

Мачигин әдісі бойынша топырақтағы фосфор мен калийдің жылжымалы түрлерін анықтау нәтижелері, сондай-ақ мырыш пен кадмий ауыр металдарының қозғалыс үрдісіне жанама әсер ететінін көрсетеді.

Тюрин әдісі бойынша анықталған органикалық заттар әктің қатысында топарықтағы ауыр металдармен кешенді қосылыстар түзетіні анықталды.

Качинский әдісімен анықталған физикалық саздың, яғни топырақтың гранулометриялық құрамы ауыр металдардың таралуында маңызды рөл атқаратынын көрсетті.

Потенциометриялық әдіс негізінде топырақтағы ауыр металдардың жылжымалылығына әсер ететін сулы ортаның pH анықтауға мүмкіндік береді. pH жоғарылаған сайын ауыр металдар кешенді қосылыстар түрінде тұнбаға тұседі.

### **3 ТОПЫРАҚ-ӨСІМДІК ЖҮЙЕСІНДЕГІ АУЫР МЕТАЛДАРДЫҢ МИГРАЦИЯЛАНУЫ ЖӘНЕ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАНУЫ**

#### **3.1 Ауыр металдардың топырақтағы және ауыл шаруашылық дақылдарындағы трансформациялануы**

Сорбция кинетикасын зерттеу вулкандық тектен шыққан алюмосиликаттар болып табылатын табиғи цеолитте жүргізілді, оның құрамында сілтілі және сілтілік жер металдарының оксидтері, сондай-ақ басқа металл қосылыстары (темір, титан және т.б.) бар. Цеолит қаңқасында цеолит қаңқасымен қатты байланыспаған натрий, калий, кальций, магний катиондарының болуы оларды ерітіндідегі катиондармен алмастыруға мүмкіндік береді. Біздің жағдайда бұл сілтілік және сілтілік жер металдары үшін үлкен сорбциялық қабілеті бар ауыр металдардың мыс және хром катиондары. Ион алмасуы жүреді. Өдебиеттер көрсеткендей, ион алмасу қоршаган ортаға зиянды компоненттерді сініруде үлкен рөл атқарады. Бұл процесс күрделілігімен сипатталады және әрқайсысы шектеуші болуы мүмкін жеке кезеңдерге бөлінуі мүмкін. Бұл кезеңдерге мыналар жатады [171]:

1) конвективті масса алмасу есебінен цеолит түйіршіктерінің сыртқы бетінен сұйық ортадан компоненттерді ( $\text{Cu}$ ,  $\text{Cr}$ ) тасымалдау; инженерлік экологияда бұл процесті конвективті масса амасу немесе масса бери деп атайды;

2) цеолиттің сыртқы бетінде шоғырланған  $\text{Cu}^{2+}$  және  $\text{Cr}^{3+}$  катиондарының цеолит дәндеріне диффузиясы; процесс молекулалық диффузиямен жүреді және гидродинамикаға тәуелді емес; процестің еркін кезеңі болып табылады;

3)  $\text{Cu}^+$  немесе  $\text{Cr}^{3+}$  катиондарының және сілтілік, сілтілік-жер металдардың арасындағы химиялық реакция; бұл кезең осы реакцияның төмен белсендерінен энергиясымен, айтарлықтай жылдамдығымен сипатталады; кинетиканы талдау кезінде бұл кезең іс жүзінде ескерілмейді;

4) цеолит түйіршіктерінің ішіндегі сілтілік және сілтілік-жер элементтерінің (қарсы иондар деп аталады) бөлінген иондарының сыртқы бетінен ішкі диффузиясы және олардың сыртқы бетіндегі концентрациясының жиналуы;

5) сыртқы бетінен ерітіндінің негізгі массасына қарсы иондардың конвективті массалық ауысуы.

6) химиялық тұрғыдан үшінші кезеңді жазуға болады, мысалы,  $\text{Na}^*$  конусын  $\text{Cu}^*$  катиондарымен алмастыру кезінде (тәндеу 12):



Тәжірибелік зерттеулердің негізінде біз орындаған есептеулер және олардың ренгенофлуоресцентті анализаторындағы талдаулары сорбцияланған мыстың мөлшері оқшауланған сілтілік және сілтілік жер

металдарының баламалы мөлшерінен көп екенін көрсетті. Бұл сорбция процесіне басқа механизмдер де қатысады деуге негіз береді.

Бірінші кезекте бұл клиноптилолиттің матрицалық құрылымына мыс катиондарының физикалық адсорбциялану механизмі. Матрица құрылымы кремний және алюминий оксидтері  $\text{SiO}$  және  $\text{Al}_2\text{O}_3$  негізделген. Белгілі болғандай, екі компонентте жақсы адсорбенттер болып табылады (силикагель, сазды қосылыстар, алюмоシリкаттар). Оттегінің болуы он зарядталған катиондарды тартатын кері заряд береді. Эрине, барлық байланыстар олармен толтырылмайды, сондықтан катиондар мен ерітінділер сіңіп, цеолит ішінде физикалық адсорбцияланған құрылымдарды жасай алады. Ерітіндідегі қосылыстардың бір бөлігі цеолит денесіне еніп, бетінде орналасқан алмасатын және адсорбцияланатын катиондарға қарағанда ішінде орналасады.

Сорбция процесін жеке кезеңдерге бөлу және әр кезең үшін заңдылықтар орнату мүмкін болмады. Бұл жағдайда барлық кезеңдер бір кезеңге бірігеді және тек екі жұту аймағын бағалау арқылы жүргізіледі: сыртқы – су ерітіндісінің жеке компоненттері сыртқы бетке тасымалданады; ішкі – компоненттерді тасымалдау цеолиттің ішкі құрылымының қеуектеріне түседі. Бұл екі аймақ жұтуудың әр түрлі механизмдерін білдіреді. Сыртқы тасымалдау аймағында адсорбенттің сыртқы бетіне масса алмасу жүреді. Бұл процесс гидродинамикалық жағдайлармен анықталады және ерітіндін араластыру қарқынына байланысты болады. Екінші жағдайда процесс заттың ішкі диффузиялық тасымалдануымен шектеледі және оның негізгі математикалық сипаттамасы молекулалық диффузияның дифференциалдық теңдеуі болып табылады [171, 6.9].

### **3.2 Түркістан облысы шарттарында «топырақ-өсімдік» жүйесіндегі химиялық элементтердің миграциялануы**

Д.И. Менделеевтің периодтық жүйесінің белгілі элементтерінің қандай да бір организмдер үшін физиологиялық рөлін жоққа шығаруға болмайды, әсіресе бұл элементтердің көшпілігі тағам тізбегінің барлық буындарында кездеседі. Техногендік ластану салдарынан топыраққа экологиялық жүктеме артқан сайын, оның ішінде ауыр металдардың өсімдіктерде жинақталуына кедергі келтіретін физиологиялық кедергілердің қызметін қүшейту мақсатында олардың улы концентрациясына өсімдіктер төзімділігінің физиологиялық-агрохимиялық негіздерін зерттеу үлкен маңызға ие. Көбінесе, тірі организмдер химиялық элементтерді құрамына қарамастан, біреуін жинақтай және басқаларын жоя отырып оларды қоршаған ортадада таңдаулы түрде пайдаланады. Өсімдіктердің рөлі элементтердің геохимиялық циклінде де, қоректік тізбектерге ластаушы заттардың түсуінде де маңызды болып табылады. Жоғары өсімдіктердің морфологиялық және физиологиялық қасиеттеріне байланысты ауыр металдарды әртүрлі мөлшерде жинап, олардың топырақтағы концентрациясына әр түрлі қарсылық көрсете алады [172].

Химиялық элементтердің биоқорытылуы көптеген факторларға байланысты. Бір жерлерде өсетін өсімдіктердің әртүрлі түрлері элементтердің әртүрлі концентрациясын жинақтай алады. Шымкент қаласының алюминий зауытының жанында өсірілген тұкті алқа (*Solanum villosum*) мен дәрі шелна (*Sanguisorba officinalis*) элементтердің құрамымен ерекшеленеді (кесте 11).

Кесте 11—Жабайы өсімдіктердегі химиялық элементтердің орташа мөлшері (құрғақ массадағы мг/кг) және биологиялық сініру коэффициенттері

Элемент	зауыттан 500 м қашықтықта		зауыттан 50 км қашықтықта	
	тұкті алқа ( <i>Solanum villosum</i> )	дәрі шелна ( <i>Sanguisorba officinalis</i> )	тұкті алқа ( <i>Solanum villosum</i> )	дәрі шелна ( <i>Sanguisorba officinalis</i> )
Pb	25,6±0,11	4,1±0,3	0,83±0,1	2,3±0,1
Cd	4,1±0,9	0,12±0,01	0,068±0,001	0,01
Zn	197±1,2	20±1,2	17,1±0,9	2,6±0,01
Cu	35,2±1,3	4,1±0,9	3,1±0,01	3,9±0,02
Co	0,8±0,01	0,25±0,01	0,2±0,01	0,26±0,001
Ni	2,7±0,1	1,9±0,02	0,9±0,001	0,8±0,001
Al	840,3±12	235±1,5	365±1,9	209±1,7

Уытты элементтерге төзімділігі жоғары өсімдіктер ретінде тұкті алқа (*Solanum villosum*) оларды «кедергісіз» жинайды. Кестеден көріп отырғанымыздай, жабайы өсімдіктердегі химиялық элементтердің орташа мөлшері техногендік аймақтан қашықтығы бойынша айтарлықтай ерекшеленеді. Алюминий зауытының маңындағы ауыр металдардың концентрациясы зауыттан 50 км қашықтықтан жиналған сынамалардағы ауыр металдар мөлшерімен салыстырғанда өте жоғары. Техногендік аймақтағы өсімдіктердегі Al концентрациясының жоғарылауы микроэлементтер балансының бұзылуы болып табылады. As және ауыр металдар негізінен өсімдіктердің вегетативті мүшелерінде жиналады, өйткені репродуктивті органдарға улы элементтердің түсүі өсімдіктің ішкі өзін-өзі реттеу механизмдерімен шектеледі. К және Д биофильді элементтері, керісінше, тұкті алқаның (*Solanum villosum*) жидектерінде жиналады, бұл өсімдік мүшелеріндегі маңызды элементтердің таралуының классикалық мысалы болып табылады.

Мақтаарал ауданында орналасқан 20 бау-бақша участкесінде таңдалған дақылдармен жүргізілген зерттеулеріміз әртүрлі туыстастыққа жататын өсімдіктердің ауыр металдарды жинақтау қабілетімен ерекшеленетінін көрсетті (сурет 9-11). Жалпы зерттеу барысында 10 көкөніс түрі (пияз, картоп, сәбіз, қияр, сарымсақ, қырыққабат, қызылша, қызанақ, редис, брокколи), 6 жеміс түрі (алма, шабдалы, құлпынай, карбыз, қауын, жүзім) зерттелінді.


Аталған жемістер мен көкөністердің ауыр металдарды сініру қабілеттері бойынша, салыстырмалы түрде бойына көбірек жинайтын элементтер қатарына: қауын, шабдалы, қарбыз, алма үшін - Zn пен Cu; Құлпынай – Cu, Ni; жүзім үшін – Pb, Cu. Бұлардың барлығы ШРК бойынша асып кетпеген элементтер қатарына: Zn, Cd ғана, ал концентрациясы асып кеткен элементтер қатарына: Cu-қауында, Со – шабдалыда, Ni – құлпынайды, Pb – жүзімде, құлпынай мен алмада. Бұл жемістер мен көкөністердің ауыр металдарды сініру қабілеттерінің көрсеткіштері олардың өміршендік қасиеттеріндегі қандай элементтердің ролінің маңыздылығын көрсетеді. Бұл өсімдік атаулары жердің беткі жоғарғы қабаты болғандықтан өсімдік жүйесіне ауыр металдар жапырақтары арқылы түсінің мүмкіндіктері жоғары. Өйткені қауын, қарбыз, шабдалы жапырақтарының беткі қабаттары тегіс емес, әрі кедір-бұдір ісіңкі келеді, бұл ауыр металдардың сінуіне қолайлышты [171, б.10].

Бұл көкөністерде ауыр металдардың шоғырлану мүмкіндіктері бойынша талдайтын болсақ, аталған көкөністердің басым бөлігі (жасыл бұрыштан басқа, Zn бойынша) Zn пен Cu жақсы сініреді. Олардың активті қатары Zn бойынша қияр > қызанақ > брокколи > қырыққабат. Ал Cu бойынша қияр > жасыл бұрыш > қызанақ > брокколи > қырыққабат. Басқа ауыр металдардың концентрациялары ШРК шамалас, дегенімен ШРК азда болсада асатын элементтер қатарында Cu пен Со – қиярда, Pb – қызанақ пен жасыл бұрышта, Cd, Ni – ШРК аспайды. Бұл көкөністерге ауыр металдардың түсу жолдары тамыр мен жапырақтар арқылы түсу мүмкіндіктері шамалас.


Бұл сыйбада, тамырдан өсетін көкөніс өнімдердің ауыр металдарды жинақтау көрсеткіштері бойынша талдағанда, көптеген өсімдіктер сияқты бойына жақсы сініретін және азық ретінде қажет ететін элементтер Zn пен Cu. ШРК асып түсетін Zn – картоп пен пиязда, Cu – сәбізде. Pb – картоппен қызылшада, Со – картопта, Ni – пияз, картоп, қызылшада. Бұл көкөністерде ауыр металдардың жинақталуы өсімдіктің тамыры арқылы жүреді. Ауылшаруашылық алқаптарының ауыр металдармен ластану процесі топырақтың ластануынан болады.

Бұл көрсеткіш бойынша бақша дақылдары ерекшеленеді, бұл олардың топырақтағы концентрациясының жоғарылауымен тамыр жемістері мен түйнектерге ауыр металдардың апоплазмалық жолмен түсіне байланысты болуы мүмкін. Біздің, зерттеулеріміз бойынша, картоптың құрамында мырыш, қорғасын және мыс элементтері мөлшерінің жоғары болуы, сонымен қатар мыс элементінің сәбіз құрамында жоғары болғандығы анықталды. Сондай-ақ, қызанак, құлпынай және жүзімнің құрамында қорғасын элементінің шекті рұқсат етілген мөлшерден жоғары болды. Қауын жемісінің құрамындағы мыс элементінің, шабдалы, жүзім және қияр жемістерінің құрамындағы кобальт мөлшері ШРК жоғары екендігі тіркелді. Әр түрлі ауыр металдардың мөлшері өсімдіктердің түрлеріне де байланысты болды: мыс пен қорғасын картоп түйнектерімен салыстырғанда тамыр жемістілерде көбірек жинақталды. Кадмийдің орташа мөлшері бойынша зерттелген


дақылдар аз дәрежеде ерекшеленді. Өсімдіктердің элементтік химиялық құрамының ауытқуы әр жағдайда әр түрлі факторлар жиынтығының әсерінен болатыны анық. Шартты түрде бұл факторларды үш үлкен топқа бөлуге болады: генетикалық, экологиялық және жас мөлшеріне [110, б.76]. Микроэлементтер мен ауыр металдар бойынша ассимиляттарды сақтау органдарының химиялық құрамындағы айырмашылықтарды анықтайтын зерттеулер бір түрдің сорттарына қарағанда дақылдар түрлері арасында әлдеқайда жоғары [171, б.12].



Сурет 9 – Жемістер мен көкөністердегі ауыр металдардың концентрациясын анықтау нәтижелері



Сурет 10 – Көкөніс жемістеріндегі ауыр металдардың концентрациясын анықтау нәтижелері



Сурет 11 – Көкөніс жемістеріндегі ауыр металдардың концентрациясын анықтау нәтижелері

Топырақтағы және өсімдіктердегі ауыр металдардың орташа мөлшері уытты элементтердің санитарлық нормаларынан шекті рұқсатты концентрациядан (ШРК) аспады. Өсімдіктердің элементтік құрамына әсер ететін экологиялық факторлар өте көп. Оларға табиғи-топырақ және климаттық жағдайлар, геохимиялық аясына, сондай-ақ, адамның азды - көпті бағытталған қызметі, яғни макро- және микро тыңайтқыштарды қолдану, топырақтың химиялық мелиорациясын жүргізу, қоршаған ортаның техногендік ластануы жатады. Соңғы фактор өсімдіктердегі ауыр металдар құрамының өзгергіштігінде шешуші рөл атқарады [151, б.14].

Микроэлементтер мен ауыр металдар бойынша ассимиляттарды сақтау мүшелерінің химиялық құрамындағы айырмашылықтарды анықтау барысында жүргізілген зерттеулер бойынша бір түрдің сорттарына қарағанда дақылдар түрлері арасында айтарлықтай айырмашылықтар бар екені анықталды.

### 3.3 Қазақстанның оңтүстік аймағындағы ауыр металдардың көкөніс және жемістерге шоғырлануын зерттеу

Әлемдік жаһандану үрдісінде қоршаған ортаны тепе-тендік жағдайында сақталып тұрған кейбір химиялық элементтердің тірі адам ағзасында бірден көбейе түсіү және ағза үшін маңызы бар элементтер мөлшерінің кеміп кетуі байқалуда. Тіршілікке маңызы бар химиялық элементтердің барлығы да тиісті мөлшерден артық болса немесе азайып кетсе адам ағзасына кері әсер ететіні анық. Түркістан облысы аймағындағы кейбір химиялық элементтер қосылыстарының шамадан артық мөлшерде болуы жайлы мағлұматтар ой толғандыратын жағдай.

Облыс аудандарындағы элементтердің (ауыр элементтердің) топырақ пен өсімдіктерде таралуы бойынша экологиялық карта жасау және де

алынған талдау негіздерін ауылшаруашылықта тиімді қолдану мақсатында, Мақтаарап аймағындағы элементтердің (ауыр элементтердің) топырақ пен өсімдіктерде таралуын зерттеп, олардың көкөніс және жемістерге өтуі бойынша алынған талдау қорытындыларын және олардың ғылыми негізdemесі келтірілді [173].

Жетісай қаласы - Мақтаарап ауданының орталығы. Түркістан облысының онтүстік-батыс беткейінде, Сырдария жағалауында орналасқан. Мырзашөлде Достық канал құрлысының жүргізілуіне және мақта, көкөніс шаруашылығын дамытады.

Жетісай қаласының өзінде мақта тазалау, сыра, нан зауыттары, май өндіру цехтары, көкөніс өнімдерін өндейтін т.б. кәсіпорындар жұмыс істейді. Мақтаараптың топырағының түсі құрамына байланысты сұрғылт-сары болып келеді. Топырақ құрамына байланысты өте құнарлы топырақтар қатарына жатады. Құнарлылығының себебі климаттың да керемет ыңғайлы болуында, күн энергиясының мөлшері көп [174].

Мақтаарап ауданында көптеген уақыттар бойы мақта мен көкөністер өсіріліп келген, бірақ соңғы жылдары егістіктер егу өте көптең жолға койылуда. Егістіктер ретінде қауын, қарбыз, орамжапырақ жәнеде әнгелектер, қызанақтар мен қиярлар егіледі т.б.

Бұл зерттеуде бірінші мәселе - Мақтаарап ауданы бойынша топырақтағы ауыр металдардың қоршаған ортадағы жалпы және белсенді мөлшерін анықтау. Екінші мәселе, табиғи обьектілердің ластану деңгейін болжау мақсатында ластаушы заттардың таралуына себеп болатын жағдайларды анықтау. Үшінші кезекте, ластанудың келенсіз әсерлеріне жол бермеу мақсатында ауыр металдарды ғылыми негізделген түрде залалсыздандыру және нормалау [175].

Мақтаарап ауданы бойынша топырақтағы ауыр металдар мен микроэлементтердің көкөніс және жемістерге шоғырлануын зерттеу тақырыптың негізі болды. Бұл мәселені шешу үшін сапалық және сандық анализдер бойынша «Конструкциялық және биохимиялық материалдар» инженерлік бейіндегі сынак аймақтық зертханасы базасын қолдану мүмкіндіктерін пайдаланып, алынған ғылыми негіздерді талдап, алға қойған мақсаттарды орындауға мүмкіндік берді. [176]:

Өсімдіктің жер бетіндегі бөлігіндегі, олардың тамырларындағы және топырақтағы ауыр металдардың жинақталу мөлшері салыстырмалы түрде зерттелді. Зерттеуге алынған топырақ, өсімдік сабактары және олардың тамырлары физика химиялық талдауға арнайы талаптарға сәйкес дайындалып, Varian 820-MS индуктивті плазмамен байланысқан массспектрометрде талдау жасалды. Бұл қондырғыда, заттар мен материалдардағы, ертінділердегі, тамақ өнімдеріндегі, топырақ пен өсімдіктерден және т.б. талдауға алынған үлгілердегі әртүрлі элементтердің мөлшерін анықтауға болады. Зерттеуге алынған үлгілер үш жүйе бойынша топтастырылып, «өсімдік-тамыр-топырақ» жүйесі бойынша элементтердің миграциялық мүмкіндіктері қарастырылды. Мақтаарап аймағы бойынша

Ауыр металдармен ластануы мүмкін аймақтарын және қандай көкөніс және жемістерге металдардың шоғырлануы туралы зерттеу нәтижелері төмендегідей қорытынды жасалды [177].

Жоғарыда айтылып кеткендей, табиғи ортаға ауыр металдардың тұсуінің антропогендік көздерінің негізгісі – көлік болып табылады, атомосфералық шығарындыларының жоғары деңгейінің нәтижесінде, ауыр металдардың қуатты ағынын құрайды. Экологиялық процестердің жетілмеуінің салдарынан, тұтастай атомосфераның ластануына әкеледі, сонымен қатар топырақтың беткі қабаттары және ішкі қабаттарымен бірге өсімдіктерге де кері әсер етеді.

Автокөлік - жол бойындағы топырақтарды негізінен цинк, қорғасын және кадмий секілді ластауыштардың көзі болып табылады. Топырақтың беттік қабаттымен және 25-30 см ішкі қабаттарынан алынған сынамаларға зерттеу жүргізген кезде, экологиялық аномалияның түзілуін және ластауыш көздеріне қатысты нақты тәуелділікті айқындатты (кесте 12).

Кесте 12 – Жол бойындағы топырақтардың құрамындағы ауыр металдардың мөлшері, мг/кг топырақ

Автокөлік жол бойы	Тас жолдан қашықтығы, м					
	2	5	10	150	200	300
	Қорғасын					
5	23	19,5	13,5	9,5	4,52	1,3
10	22	19	13,5	9,4	4,21	1,28
15	23	19,5	13,2	9,65	4,34	1,2
Орташа мәні (K <sub>c</sub> )	22,66±0,4 7	19,33±0,2 3	13,4±0,14	9,52±0,1	4,36±0,1 3	1,26±0,0 4
C	5,69-6,56					
Z <sub>c</sub>	1,45	0,94	0,04	-0,55	-1,3	-1,81
Цинк						
5	19,2	14,7	9,5	9,5	4,32	1,0
10	19,3	14,7	9,34	9,4	4,3	1,01
15	19,0	14,1	9,51	9,65	4,1	1,2
Орташа мәні	19,17±0,1 2	14,5±0,28	9,45±0,08	9,03±0,07	4,24±0,0 9	1,07±0,0 9
C	0,96-1,99					
Z <sub>c</sub>	7,63	5,29	2,77	2,54	0,13	-1,46
Кадмий						
5	0,48	0,31	0,14	0,09	0,05	0,01
10	0,47	0,32	0,16	0,1	0,05	0,01
15	0,47	0,3	0,16	0,08	0,05	0,01
Орташа мәні	0,47±0,00 4	0,31±0,00 8	0,15±0,00 9	0,09±0,00 8	0	0
C	0,62-2,24					
Z <sub>c</sub>	-1,24	-1,5	-1,75	-1,85	0	0

Кесте мәліметтерінен көрініп түрғандай, жол бойындағы топырақтың 2 м-ден 5 м-ге дейінгі аралықта ауыр металдардың мөлшері жоғары екенін көруге болады. Түркістан облысының қоршаған ортаның күйі бойынша


ақпараттық бюллеттень бойынша, қарастырылып жатқан аудан мен ауыр металдардың фондық көрсеткіші (C) осы деректерден алынды [178]. ӘН - 2.1.7.730-99 сәйкес, топырақтың ластануының суммарлық көрсеткіші ( $Z_c$ ) бойынша, 16-дан төмен болса адам денсаулығына әсер ету мүмкіндіктері бар, 16-32 орташа қауіпті, 32-128 қауіпті, және 128-ден жоғары -өте қауіпті деп бағаланады [179]. Кесте нәтижелерінен байқалғандай, Жетісай қаласының топырағының ластану деңгейі төмен.

Мактаарал аудандарда іріктелген балғын жемістер мен көкөністердің құрамындағы ауыр металдар диапазоны мен концентрациясы келесі кестелерде көрсетілген. Нәтижелер ауыр металдардың құрғақ салмағы бойынша анықталған (кесте 13-14, сурет 12-15) [176, б.452].


Жемістер мен көкөністердегі ауыр металдардың (Pb, Cd, Co, Ni, Zn, Cu) ШРК көрсеткішімен салыстырмалы графигінен байқайтынымыз; шабдалыда- Co, Ni, құлпынайды-Ni, жүзімде-Pb, қауында- Zn, Cu артық мөлшерін байқаймыз. Бұл көрсеткіштер жемістер мен көкөністерді ас мәзірі ретінде пайдаланған кезінде ойландыратын нәрсе [176, б.453].

Кесте 13–Жемістер мен көкөністердегі ауыр металдардың концентрациясы (мг/кг)

Өнім	Былғал Дылды- ғы, %	Металдардың концентрациясы, мг/кг					
		Pb ШРК- 0,4	Cd ШРК-0,3	Zn ШРК-10	Cu ШРК-5,0	Co ШРК-0,50	Ni ШРК-1,0
Жемістер мен көкөністер							
Шабдалы	94,0	0,25±0,001	0,02	5,87±0,01	1,87±0,01	1,05±0,02	1,119±0,01
Құлпынай	86,4	0,53±0,01	0,01	1,32±0,05	3,14±0,02	0,272 ±0,03	1,818±0,3
Қарбыз	75,2	0,5±0,00 2	0,03±0 ,002	5,11±0,07	1,19±0,0 01	0,141±0,0 1	0,597±0,0 2
Қауын	91,3	0,25±0,0 1	0,03	8,24±1,2	6,21±1,2	0,340±0,0 3	0,645±0,2
Алма	85,6	0,4±0,00 2	0,06±0,00 1	2,34±0,01	1,50±0,0 9	0,437±0,0 1	1,000±0,3
Жүзім	94,3	1,824±0, 001	0,05	1,33±0,02	2,13±0,0 8	0,521±0 01	0,631±0,0 6



Сурет 12 –Жемістер мен көкөністердегі ауыр металдардың (Pb,Cd,Co,Ni) ШРК көрсеткішімен салыстырмалы графигі




Сурет 13 – Жемістер мен көкөністердегі ауыр металдардың (Zn,Cu) ШРК көрсеткішімен салыстырмалы графигі


Кесте 14 – Көкөністердегі ауыр металдардың концентрациясы, мг/кг

Өнім	Ылғал дылдығ ы, %	Металдардың концентрациясы, мг/кг					
		Pb ШРК-0,4	Cd ШРК-0,3	Zn ШРК-10	Cu ШРК- 5,0	Co ШРК- 0,50	Ni ШРК- 0,25
<b>Көкөністер</b>							
Қызанак	94,0	0,58±0,01	0,27±0,0 3	8,450±0, 01	2,25±0, 02	0,45±0, 1	0,2±0,02
Пияз	86,4	0,21±0,03	0,20±0,01	11,440	1,49±0,3	0,55±0,2	0,32±0,01
Картоп	75,2	0,07±0,001	0,03±0,01	7,540±1,2	0,75±0,01	0,55±0,1	0,25±0,02
Жасыл бұрыш	91,3	0,50± 0,01	0,08±0,0 2	0,092±0, 01	2,97±0, 13	0,34±0, 01	0,19±0,0 3
Сәбіз	85,6	0,26±0,01	0,14±0,01	3,650±0,41	5,11±0,14	0,54±0,4	0,21±0,04
Қияр	94,3	0,12±0,01	0,24±0,04	9,66±0,3	5,75±0,1	0,62±0,3	0,22±0,01

Кестедегі зерттеу нәтижелерінің көрсеткіштерін ШРК мен көкөністердегі ауыр элементтердың концентрациясын салыстырмалы түрде беретін болсақ, онда байқайтынымыз: қорғасын – қызанақ пен бұрышта, мырыш – пиязда, мыс – сәбізben қиярда, кобальт – пияз, картоп, сәбіз және қиярда, ал никель – пиязда артық. Бұл жерден, ауыр элементтерді көбірек жинайтын пиязды айта кету керек.



Сурет 14 – Көкөністердегі ауыр металдардың (Zn,Cu) ШРК көрсеткішімен салыстырмалы графигі



Сурет 15 – Көкөністердегі ауыр металдардың (Pb,Cd,Co,Ni) ШРК көрсеткішімен салыстырмалы графигі

Жемістер мен көкөністердің ауыр металдармен ластануының әсерін бағаламауға болмайды, өйткені бұл азық-түлік адам рационының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Жемістер мен көкөністер дәрумендердің, минералдар мен талшықтардың бай көздері болып табылады, сондай-ақ пайдалы антиоксиданттық әсер етеді. Алайда, ауыр металдармен ластанған жемістер мен көкөністерді тұтыну адам денсаулығына қауіп төндіруі мүмкін, сондықтан тамақ өнімдерінің ауыр металдармен ластануы тамақ өнімдерінің сапасын қамтамасыз етудің маңызды аспектілерінің бірі болып табылады [176, 6.454].

Осы зерттеуде Қазақстандағы өндірістік және нарықтық аландарда жиналған жекелеген жемістер мен көкөністерде анықталған Pb, Cd, Zn, Cu, Со және Ni ауыр металдардың құрамы туралы хабарланады. Жемістер мен көкөністердегі Pb, Cd, Zn, Cu, Со және Ni байқалатын концентрациялары тамақ өнімдерінің ластану деңгейін бағалау үшін 1999 жылы ХДҰ белгілеген ұсынылатын шектермен салыстырылды [180].

«Ауыр металдардың көкөніс өнімдері мен жемістерде жинақталуын зерттеу» зерттеу жұмысы барысында белгілі аймақтағы өндірілетін көкөніс және жеміс өнімдерінің құрамына тәжірибе жасалынып, есептеу жұмысы нәтижесінде өнімдер құрамындағы ауыр металдар мөлшері анықталды.

Анықталған мөлшердің ШРК мен салыстырмалы талдау жүргізілді. Алынған нәтижелерді қорытындылай келе, өнім құрамында кездесетін Hg, Pb, Cu, Cd металдардың зиянды әсері нақтыланып, ағзаға әсері қаралды.

Бұл маңызды нәтиже, себебі адам денсаулығына жемістер мен көкөністерді тұтыну тікелей әсер етеді.

### 3.4 Түркістан облысының шаруашылық алқаптарындағы ауыр металдардың трансформациялануы мен миграциясы

Адамның антропогендік әрекетімен байланысты әлемнің барлық дерлік аймақтарындағы экологиялық жағдайдың күрт нашарлауы тұтынылатын тағамның сапалық құрамына әсер етті. Потенциалды зиянды химиялық заттардың 60-тан 80%-ға дейін адам ағзасына тағам арқылы түсsetіні белгілі.

Химиялық және биологиялық заттар азық-түлік өнімдеріне бір жағынан тірі организмдер арасындағы, екінші жағынан ауа, су және топырақ арасындағы заттардың алмасуын қамтамасыз ететін биологиялық тізбек бойынша да, сонымен қатар ауыл шаруашылығы және өнеркәсіп өндірісінің кезеңдері барлығын қамтитын қоректік тізбек бойынша түседі және жинақталады [181].

Өнеркәсіптің, энергетиканың және көлік коммуникацияларының қарқынды дамуына, тау-кен өндірісінің қарқынды жүргізілуіне, ауыл шаруашылығын белсенді химияландыруға байланысты табиғи ортаның және ең алдымен топырақ пен өсімдіктердің ластану денгейінің күрт өсуі байқалады. Соңғы онжылдықтарда ауыр металдар ең қауіпті ластаушы заттардың қатарында аталды. Экожүйенің құрамдас бөліктерінде олардың миграциясы және қайта таралуы табиғи факторлардың тұтас кешеніне де, техногенездің қарқындылығы мен сипатына да байланысты [182].

Топырақ бетіне техногендік сипаттағы ауыр металдар түседі, олардың әрі қарайғы тағдыры оның химиялық және физикалық қасиеттеріне байланысты. Топырақтан оларды өсімдіктер сіңіреді, содан кейін олар тағамға түседі.

Ауыр металдардың техногендік өзгерген топырақта таралуы қауіптілігі бойынша екінші орында тұрмайтыны, пестицидтерден тәмен және көмірқышқыл газы мен күкірт сияқты белгілі ластаушы заттардан айтарлықтай озып тұрғаны анықталды. Болашақта олар атом электр станцияларының қалдықтары мен қатты тұрмыстық қалдықтардан да қауіпті болуы мүмкін. Металдардың ластануы олардың өнеркәсіп өндірісінде кеңінен қолданылуымен байланысты.

Топырақ ауыр металдар түсетін негізгі орта болып табылады, оның ішінде атмосфера мен су ортасынан. Ол сондай-ақ жер үсті ауасын және одан Дүниежүзілік мұхитқа құятын суларды екінші ретті ластау көзі қызметін атқарады.

Қазақстандағы топырақтың ауыр металдармен ластануының негізгі көздері қара және түсті металургия кәсіпорындары, тау-кен өндеу өнеркәсібі, жылу электр станциялары, көлік және т.б. Осылан байланысты техногендік бұзылған топырақтың ауыр металдармен ластануы, әсіресе ірі қалалар мен өнеркәсіп орталықтары республикадағы өзекті экологиялық мәселелердің біріне айналды. Елдің өнеркәсіптік аймақтарында антропогендік бұзылулар мен топырақтың ластануының айтарлықтай аймақтары бар.

Талдау үшін өсімдіктің барлық мүшелерін қосқанда жасыл масса тандалды. Бұл зерттеу тиімдірек сипаттама алуға мүмкіндік береді, өйткені металдардың өсімдік мүшелері арасында таралуы біркелкі емес. Топырақ сынамасын алу үшін негізгі учаскелер белгіленді, онда топырақ сынамалары конверт әдісімен түбірлік қабаттың 25-30 см-ге дейінгі тереңдігінен алынды. Ауыр металдарды анықтау үшін үлгілердің зертханалық талдауы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің экология кафедрасының

зертханасында және «Конструкциялық және биохимиялық материалдар» инженерлік бейіндегі сынақ аймақтық зертханасында жасалды [183].

Зерттеу нысанының бірі жылышай топырағы мен қызанақ құрамы. Топырақ үлгілеріндегі, өсімдіктер мен қызанақтардағы ауыр металдардың мөлшері атомдық сініру әдісімен анықталды. Сынамаларда әртүрлі қауіптілік класындағы бес ауыр металдың құрамы анықталды: қауіптілік класы I (Pb, Zn, Cd) және қауіптілік класы II (Cu, Cr).

Өсімдіктер мен қызанақтағы ауыр металдардың орташа мөлшерінің топырақтағы орташа мөлшеріне қатынасы ретінде биоаккумуляцияны (биологиялық жинақтау коэффициентін) есептеу келесі формула бойынша жүргізілді:

$$K_c = \frac{C_t}{C_{cp}} \quad (13)$$

мұндағы  $K_c$  – биологиялық жинақтау коэффициенті;

$C_t$  – өсімдіктегі металл мөлшері, мг/кг;

$C_{cp}$  – топырақ жамылғысындағы металл мөлшері, мг/кг.

Зерттеу нысаны жылышай қызанақтары және дақыл өсірілетін топырақ болды.

Топырақтағы және көкөністердегі ауыр металдардың шекті рұқсат етілген концентрациясы (ҚР ШРК стандарттары, 2004 ж.) 15-ші кестеде көтірілген.

Кесте 15– Топырақта және көкөністерде ауыр металдардың шекті рұқсат етілген концентрациясы, мг/кг


Элемент	Қауіптілік класы	ШРК, мг/кг	
		топырақта	көкөністе
Pb (қорғасын)	1	32	0,5
Cu (мыс)	2	3	0,045
Zn (мырыш)	1	23	0,45
Cr (хром)	2	6,0	0,2
Cd (кадмий)	1	0,5-2,0	0,03

Сынамаларда бес ауыр металдар анықталды: Pb, Cu, Zn, Cr, Cd. Талдау нәтижелері 16-шы суретте берілген.

Топырақтағы ауыр металдардың мөлшері бойынша оларды 2 топқа бөлуге болады – ШРК концентрациядан жоғары -Pb (36,1 мг/кг), Zn (29,2), Cd (3,1) ең жоғары рұқсат етілген нормасы тиісінше 32, 23 және 0,5-2,0 мг/кг және төмен – Cu (2,8), Cr (2,1).


Қорғасын мен кадмий ең төменгі концентрацияларда да айқын токсикологиялық қасиеттерді көрсететін және ешқандай пайдалы қызмет атқармайтын металдардың қатарына жатады. Олар өмірлік маңызды да,

пайдалы да емес, бірақ тіпті аз мөлшерде олар дененің қалыпты метаболикалық функцияларын бұзуға әкеледі [183, 6.92].



Сурет 16 – Топырақтағы ауыр металдардың мөлшері, мг/кг


Біздің талдауларымыз бойынша, қызанақ құрамында мырыш, мыс және кадмий ШРК концентрациясының деңгейінен асып кеткенін көрсетті (сурет 17).



Сурет 17 – Қызанақтың өнімдік жемістеріндегі ауыр металдардың мөлшері, мг/кг

17-ші суретте қорғасынның концентрациясы қызанақ жемісінде - 0,6 мг/кг (ШРК - 0,5 тең) кадмий - 0,26 мг/кг, оның көкөніс дақылдарында (ШРК - 0,03 тең) яғни, 8 есе артып кеткені көрсетілген. Сондай-ақ талдаулар мырыштың концентрациясы 7 есе, мыстың концентрациясы 6 есе артқанын көрсетті. Ал мұнда ешқандай хром табылмады.

Ауыр металдарды анықтауды талдау өсімдіктердің ластануына ең көп үлесті мырыш пен қорғасынның – сәйкесінше 12,4 және 8 мг/кг құрайтынын көрсетті (сурет 18).




Сурет 18 – Қызанақ өсімдіктеріндегі ауыр металдардың мөлшері, мг/кг

Мыс пен хромның концентрациясы сәйкесінше 1,3 және 0,3 мг/кг құрайды, ал кадмий – 0,56.

Сондай-ақ биоаккумуляцияны (биологиялық жинақтау коэффициентін) өсімдіктер мен қызанақтағы ауырметалдардың орташа мөлшерінің олардың топырақтағы орташа мөлшеріне қатынасы ретінде есептедік [183, б.93].

Қызанақ өсімдіктері мен жемістеріндегі металл мөлшерінің орташа мәндеріне негізделген биологиялық жинақтау коэффициенттеріне септеу нәтижелері 19-шы суретте көрсетілген.



Сурет 19 – Қызанақ өсімдіктері мен жемістеріндегі биологиялық жинақтау коэффициентінің орташа мәні, мг/кг

19 - шы суретте келтірілген мәліметтерге сәйкес, мыс пен мырыштың ең көп жиналуы өсімдіктерде, ал кадмийдің көп мөлшері қызанақ жемістерінде байқалды. Зерттелетін аумақтағы биологиялық жинақтау коэффициентінің әрбір элементі үшін кему ретімен келесі қатарды құрайды:

Қызанақтарда Cd > Cu > Zn > Pb;

Өсімдіктерде Cu > Zn > Pb > Cr > Cd

Осылайша, топырақтан қызанақ жемістері мен өсімдіктерінің ауыр металдардың сіңіру дәрежесін бағалау үшін алынған мәліметтер, зерттелетін

аумақтың ластанғанын және кейбір элементтердің концентрациясы шекті рұқсат етілген концентрациядан асып түсетінін көрсетеді. Бұл жаңадан жиналған балғын қызанақ пен басқа да көкөністерді азық ретінде пайдалануға болдырмайтын жағдай.

Өсімдіктердің ластануына ең үлкен үлес қосатын мырыш пен қорғасын екені анықталды – сәйкесінше 12,4 және 8 мг/кг. Мыс пен хромның концентрациясы сәйкесінше 1,3 және 0,3 мг/кг құрады. Кадмий – 0,56.

Сондықтан қызанақ тұқымдарының мелиорация кезінде жапырақтарына, сабағына және дақылдың қабығына ауыр металдардың түсіү жинақталған сипатқа ие, яғни, металдарды олардың жемістер мен тұқым дәндерінің ядронында жиналуынан босатады. Осылайша, өсімдіктердің өзін-өзі қорғауды үйімдастыру жүйесі қызанақ тұқымын ластамайды.

Жүргізілген зерттеу жұмыстары топырақтағы жылжымалы суда еритін қосылыстардың құрамындағы ауыр металдардың жоғарғы мөлшерінің жиналуымен құресу үшін өздігінен үйімдастырылатын жүйенің іске қосылу механизмі мен уақытын тексеру қажеттілігі ұсынылды.

Мұндай реакцияның жетекші механизмдерінің бірі қызанақ сабақтарының құрамындағы pH-ның біртіндеп өзгеру процесі болып табылады деп болжам жасалды [183, б.94].

Оңтүстік Қазақстан шаруашылық алқаптары топырағының ауыр металдармен ластануының негізгі көздері техногендік ластануы, агрехимияның өзекті экологиялық мәселелердің біріне айналды. Еліміздің оңтүстік өнеркәсіптік өнірілерінде антропогендік бұзылулар мен топырақтың ластануының айтарлықтай аймақтары бар.

Келесі зерттеу жұмысының негізгі мақсаты, топырақ-өсімдік жүйесінде ауыр металдардың жиналу және таралу процестерін зерттеу, олардың өсімдіктер мен өнімдік жемістерінде биологиялық жиналу коэффиценттерін есептеу арқылы жалпы зерттеліп отырған аймақтың ауылшаруашылығына қолдану мүмкіндіктері мен жарамдылық жағдайларын анықтау. Осы мақсаттағы зерттеу жұмыстар Түркістан облысының шаруашылық алқаптарында жалғасын тапты.

Топырақ сынамалары Шымкент қаласы мен Түркістан облысындағы әртүрлі жерлерден алынды: өнеркәсіп орындарының айналасында (фосфор, цемент, қорғасын зауыттары), Аңысай мен Байжансайдағы полиметалл зауыттарының айналасында, Кентау трансформатор зауытының бойында. Ластану көздері, сондай-ақ эрозия бар-жоғы аймақты барлау, алдын ала тексеру арқылы анықталды [184].

Әртүрлі аумақтар үшін ауыр металды топырақты сынау нәтижелері 16-ші кестеде және 20-25-ші суреттерде көрсетілген. Тәмендегі деректерден көрініп түрғандай, Na, Al, Si, P, S, Ti, C, O, Mg, Ca және Fe сияқты элементтердің мөлшері аландашылық деңгейінен төмен болды.


16-ші кестедегі деректерге сәйкес кейбір элементтер (Al, Si, P, S және Ti) рұқсат етілген деңгейден төмен концентрацияларда табылды ( $p \leq 0,05$ , барлық жағдайларда 10 рет қайталау). Жалғыз ерекшелік - фосфор

зауытынан алынған топырақ үлгісі, онда фосфордың мөлшері нұсқаулық мәннен ( $p \geq 0,05$ ) жоғары екені анықталды. Топырақтағы кремний мөлшерінің аз болуы өсімдіктерде тамыр жүйесінің әлсіздігі, жапырақтың кішкентай мөлшері, кеш гүлденуі, қоршаған ортаның қолайсыз факторларына тәзімділігінің төмендігі, өнімділіктің төмендігі сияқты Si тапшылығы белгілерінің пайда болуына әкеледі. Микроэлементтердің бұл тапшылығы (кесте 16) зерттелетін аймақтарда құнарлылығы төмендеген топырақтар бар екенін және фосфор зауытының айналасындағы фосфор деңгейінің жоғарылауы топырақтың ластануын көрсетеді.


Кесте 16 - Зерттелетін топырақ үлгілеріндегі ауыр металдардың мөлшері, мг/кг

Сынамаларды алу орындары	Ауыр металдардың және микроэлементтердің мөлшері, мг/кг					
	Al	Si	P	Zn	Pb	Ti
Цемент зауыты	3,39±0,17	12,33±0,12	0,08±0,01	0,35±0,01	0,14±0,01	0,23±0,01
Қорғасын зауыты	3,16±0,21	11,75±0,47	0,10±0,01	14±0,02	37±4 2	0,26±0,02
Ашысай полиметалл комбинаты	4,94±0,21	18,39±0,23	-	24,01±0,02	0,74±0,1	0,33±0,02
Байжансай кен орны	5,07±0,18	16,5±1 6	0,06±0,01	22,94±0,01	3,02±0,14	0,34±0,01
Кентау трансформатор зауыты	6,65±0,17	24,24±1, 23	-	2,96±0,03	2,84±0,12	0,46±0,03
Фосфор зауыты	5,06±0,16	16,28±1,7	1,25±0,02	1,41±0,02	0,41±0,08	0,31±0,01
Рұқсат етілген концентрация	-	-	-	23	32,0	-

Cement factory (Tassai)




Сурет 20 – Тассай цемент зауытының маңайындағы топырақ үлгілерінің РЭМ кескіндері



Сурет 21 – Қорғасын зауытының айналасындағы топырақ үлгілерінің РЭМ кескіндері



20-25-ші суреттердегі деректерге сәйкес, зерттелетін 5 аумақтың 4-еүі Na, Mg, K және Ca сияқты металдардың жоғары мөлшерімен ластанған. Атап айтқанда, қорғасын және фосфор зауыттарының айналасында, сондай-ақ автожол дәлізінің бойында (қорғасын зауыты) натрий (Na) мөлшері рұқсат етілген деңгейден жоғары болды ( $p \leq 0,05$ ). Цемент зауытының айналасындағы топырақтағы Na мөлшері рұқсат етілген деңгейден төмен екені анықталды ( $p \leq 0,05$ ). Топырақтағы жылжымалы натрийдің жоғары концентрациясы оның физикалық және химиялық құрамын бұзуы мүмкін [184, б.1989].



Сурет 22 – Фосфор зауытының айналасындағы топырақ үлгілерінің РЭМ кескіндері

element	weighted %
C	14.04
O	43.92
Na	0.76
Mg	1.15
Al	6.65
Si	24.24
P	2.33
S	0.20
K	1.44
Ca	5.52
Ti	0.48
Mn	0.20
Fe	8.25
Cu	0.45
Zn	2.96
Pb	2.84
total	100.00


Notes:




inca

Сурет 23 –Кентау трансформатор зауытының маңайындағы топырақ үлгілерінің РЭМ кескіндері

Әрбір топырақ үлгісінен алынған Mg концентрациясы 0,63% ( $p \leq 0,05$ ) шекті мәннен асты. Магнийдің төмендеуі топырақтағы органикалық құрамының төмендеуімен бірге оның теріс қасиеттерін күшейтуі мүмкін. Ең жоғары Mg концентрациясы қорғасын зауытының айналасындағы аумақтардан алынған топырақ үлгілерінде анықталды ( $p \leq 0,05$ ). Бұл Mg жоғарылауы магний мен кальцийді қолдану арқылы орындалатын висмутты алу тәжірибесімен байланысты болуы мүмкін. Зерттелетін барлық топырақ үлгілерінде Са концентрациясы 1,37% шекті мәннен жоғары екені анықталды ( $p \leq 0,05$ ). Күтілгендей, ең жоғары Са концентрациясы цемент зауытының маңайындағы топырақ үлгілерінен табылды. Кальций әдетте цемент өндірісінде қолданылатындықтан, оның цемент өндіруші қондырғылар айналасындағы концентрациясы жиі жоғарылайды. Са жоғары мөлшері қорғасын зауытынан алынған топырақ үлгілерінен де табылды ( $p \leq 0,05$ ). Топырақта кальцийдің тым көп болуы хлорозға және бордың азаюына әкелуі мүмкін. Артық кальций өсімдіктердің микроэлементтерді қабылдаудың тежейді. Жалпы, өсімдіктердің өсуін күшейту үшін кальций мен магнийдің онтайлы арақатынасы 5:1 болуы керек, бірақ бұл деңгейден төмен екендігі анықталды [184, б.1990].



Сурет 24 – Зерттелетін топырақ үлгілеріндегі металл құрамы (Na және K)



Сурет 25 – Зерттелетін топырақ үлгілеріндегі металл құрамы (Mg және Ca)

Өнеркәсіп орындары мен тас жол жиегінен алынған топырақ үлгілерін талдау, аталған аумақтарда топырақ құнарлығының төмендегенін көрсетеді. Барлық тексерілген үлгілердің ішінде фосфор зауытының айналасындағы аумақтан алынған үлгілерде алюминий, кремний, фосфор, күкірт және калий ең жоғары болды. Сонымен қатар, бұл үлгілерде кальцийдің ең аз мөлшері болды. Бұл тұжырымдар топырақтың ауыр металдармен ластануының алдын алу және азайту үшін пайдалы болуы мүмкін [184, б.1990].

Бұл зерттеуде тек 0-25 см тереңдіктегі топырақтың үстіңгі қабаты жиналғанымен, үлгілер 0-ден 5-ке дейін немесе 0-ден 10 см-ге дейін және басқа зерттеулерде жерді пайдалану әртүрлі аймақтардан алынғанымен, ауыр металдардың салыстырмалы түрде төмен концентрациясы Кентаудағы топырақ жинақталу уақытының қысқаруының және төмен қарқынның нәтижесі болуы мүмкін. Әрине, бұл зерттеудің сынама алу тереңдігі де концентрация деңгейіне әсер етуі мүмкін. Қала топырағындағы орташа концентрациялармен салыстырғанда, фосфор зауыттарының жанындағы топырақ үлгілеріндегі фосфор концентрациялары біршама төмен, бірақ әлемнің басқа бөліктерінде өлшенгенмен салыстыруға болады. Талданған үлгілердегі Ті концентрациясы әдетте Чэнду, Орталық Иордания және Сицилия сияқты кейбір ірі қалалардағы астаналық аудандарды зерттеуде

мәлімделгеннен төмен және әлемнің кейбір басқа бөліктеріндегі өлшенген көрсеткіштермен салыстыруға болады.

Соңғы 5 жылда топырақтың өнеркәсіптік операциялардан туындаған ауыр металдармен ластануына үлкен қызығушылық пайда болды. Мысалы, Чен т.б. [185] Қытайдың Шаньдун провинциясындағы егістік алқаптарындағы әлеуетті улы металдардың кеңістікте таралуына көмір өндірудің әсерін бағалады. Нәтижелер сыналған улы металдардың концентрациясы келесі ретке дейін төмендегенін көрсетті: Cd, Ni, Cr, Zn, Cu және Pb. Цзян және т.б. [186] аккумулятор зауытының жаңында орналасқан ауылда өсірілетін топырақтағы, жер асты суындағы, ауадағы және өсімдіктердегі (бидай мен жүгері) металдардың (Hg, As, Ni, Pb, Cd, Cr, Cu және Zn) концентрациясын қарастырды. Синьсян қаласында (Хенань провинциясы, Қытай). Авторлар кейбір металдар (Cd, Ni және As) өнеркәсіптік көздерден, мысалы, суаруға арналған ағынды сулардан және аккумуляторлық өнеркәсіпте пайда болатын тұнбалардан, ал басқа металдар (Pb және Cr) ауылшаруашылық көздерінен шыққанын анықтады. Чен және т.б. [187] улы элементтердің концентрациясын және таралу ерекшеліктерін зерттеу үшін әртүрлі терендіктерден (0-20, 20-40, 40-60 см) 90 топырақ үлгісін және Қытайдың Хуайнань қаласындағы көмір қалдықтарын мелиорациялау аймақтарынан 120 торлы өсімдік үлгілерін жинады. Топырақтың алдыңғы зерттеулерінде қорғасынның (1800 мг/кг), мырыштың (410 мг/кг), кадмийдің (93 мг/кг) және мыстың (62 мг/кг) жоғары концентрациясы анықталған [188, 189]. Шымкент қорғасын зауытынан 1,5 шақырым жерде жүргізілген зерттеулер зауыттан шығарылатын өндірістік қалдықтардың (майлар, бояғыштар, мұнай өнімдері, фосфаттар, қорғасын, мышьяк және т.б.) әсеріне ұшыраған топырақтарда жарамды деп есептелгеннен 40 есе көп кадмий болатыны анықталды. Далалық өлшемдерге сәйкес [190, 191], күкірт диоксиді және басқа да күкірт қосылыстары сияқты топырақты ластаушы заттар көбінесе босатылған газдармен және күл, әктас шаңы және өнеркәсіптік кәсіпорындардан шыққан ауыр металл бөлшектері сияқты ұсақ бөлшектермен бірге жүреді.

Қазіргі уақытта адамзаттың алдында тұрған көптеген мәселелердің ішінде алғашқы орындардың бірін қоршаған ортаны әртүрлі химиялық заттармен - техногенез өнімдерімен ластау мәселесі алады, олардың көпшілігі топырақта жинақталады. Ластаушы заттардың ішінде ауыр металдар маңызды орын алады. Бұл экологиялық жағдайдың ауырлығының негізгі факторы табиғатты ластаушы және табиғатты бұзатын өндірістердің жоғары шоғырлануы болып қала береді. Қара және тұсті металлургия, химия және тау-кен өнеркәсібі, машина жасау және т.б. басым экологиялық қауіпті салалар болып табылады. Антропогендік топырақтар табиғи топырақтардан химиялық және су-физикалық қасиеттері бойынша ерекшеленеді. Олар құрылым қалдықтарымен, тұрмыстық қалдықтармен араласады, сондықтан олардың табиғи аналогтарына қарағанда сілтілігі жоғары. Ластаушы заттардың негізгі бөлігі атмосфералық жауын-шашынмен қалалық

топыраққа, өндірістік және тұрмыстық қалдықтардан түседі. Әсіресе, топырақтың ауыр металдармен ластануы қауіпті. Түркістан өлкесінің табиғи және антропогендік топырақтарындағы ауыр металдардың (мыс, никель, мырыш, қорғасын) күрамын бағалау үшін оның мөлшері сканерлеуші электронды микроскоптың көмегімен өлшенді. Бұл әдісті келесідей сипаттауға болады. Зондтың (сәуленің) электрондары үлгі материалымен әрекеттеседі және әртүрлі типтегі сигналдарды тудырады: екінші реттік электрондар, кері шағылысатын электрондар, аугер электрондары, рентген сәулелері, жарық сәулеленуі (катодолюминесценция) және т.б. Бұл сигналдар туралы ақпаратты тасымалдаушылар болып табылады. үлгінің топографиясы мен материалы. Өлишеу нәтижелерінен топырақтағы ауыр металдардың ең көп мөлшері ластану көзінің жанында тікелей байқалатынын көруге болады. Біркелкі емес таралу өлишеу орындарында антропогендік фактордың әртүрлі қарқындылығына байланысты болады. Дәл осы қалалар мен оларға жақын аумақтарда өнеркәсіптік өндіріс пен ауыл шаруашылығы аймақтары шоғырланған. Ең айқын ластану Ащысай, Байжансай және Шымкент қаласындағы қорғасын зауытының антропогендік топырағында кездеседі, бұл осы аудандарда дамыған өнеркәсіппен, қарқынды ауыл шаруашылығымен және кең дамыған жол желісімен байланысты [184, б.1991].

Осылайша, қазіргі зерттеулерге сәйкес, Түркістан облысының көптеген аудандарында топырақта ауыр металдардың мөлшері айтарлықтай жоғарылаған. Дегенмен, рұқсат етілген нормативтердің айтарлықтай асып кетуі ірі өнеркәсіптік кәсіпорындарға жақын жерде байқалады, соның негізінде ластану тар локализацияланған деген қорытынды жасауға болады. Негізінен Түркістан облысы аумағында топырақтағы ауыр металдардың мөлшері қалыпты шектерде. Дегенмен, болжамдарға сәйкес, саланың тұрақты өсуі мен жол кептелістерінің артуын ескере отырып, жағдай нашарлауы мүмкін.

Әрбір жиналған топырақ үлгісіндегі Mg концентрациясы шекті мәннен 0,63%-ға ( $p \leq 0,05$ ) асып түсетеңі анықталды. Ең жоғары Mg концентрациясы қорғасын өсімдігіне жақын жерлерден алынған топырақ үлгілерінде анықталды ( $p \leq 0,05$ ). 1,37% шекті мәннен жоғары Ca концентрациясы цемент зауытының жанында зерттелген барлық топырақ үлгілерінде ( $p \leq 0,05$ ), сондай-ақ қорғасын зауытының топырақ үлгілерінде байқалды ( $p \leq 0,05$ ).

Бұл зерттеуде Түркістан облысы мен Шымкентте жүргізілген топырақтың ластану сынақтарының нәтижелері берілген. Кейбір металдар (Na, Mg, K және Ca) 6 сынама алу орнында алынған үлгілерде жоғарылағаны анықталды. Атап айтқанда, Na-ның жоғары концентрациясы қорғасын және фосфор зауыттарының айналасында және магистральдық дәліз бойында жиналған үлгілерде анықталды. Ең жоғары Mg концентрациясы қорғасын зауытынан алынған үлгілерде табылды. Ең жоғары Ca концентрациясы цемент зауытының жанынан алынған үлгілерде анықталды. Кейбір металдар (Al, Si, P, S және Ti) ұсынылған шектерден төмен екені анықталды. Басқа нәрселермен қатар, бұл кірістіліктің төмендеуі қаупін тудырады. Фосфор

зауытының айналасындағы аумақтан алынған сынамалар басқа участекерден алынған үлгілермен салыстырғанда Al, Si, P, S және K бойынша жоғары болды.

Аңысай, Байжансай және Шымкент қаласындағы бұрынғы қорғасын зауытының топырақ үлгілерінде ауыр металдардың (мыс, мырыш, қорғасын) жоғарылауы анықталды, бұл осы аудандарда ірі өнеркәсіптік кәсіпорындардың орналасуымен байланысты. Түркістан облысы бойынша топырақтың ауыр металдармен ластануы картограммасына сүйенсек, Аңысай, Кентау, Фосфор зауыты орташа ластанған аймаққа, ал қорғасын зауыты мен Байжансай жоғары ластанған аймаққа жатады.

Зерттеуге алынған материалдар Арыс және Созақ аудандары, Шымкент қаласына жақын мандағы және Қазығұрт ауданы жылышай кешендерінің бірінің аумақтарында далалық зерттеулер кезінде таңдалды.

Келесі зертеу жұмыстары Арыс ауданында алынған топырақ сынамаларының құрамын зертеу.

Зерттелінетін топырақтың физика-химиялық талдауы, арнайы әдіснамалық талаптарға сәйкес дайындалды, ал талдау көрсеткіштері ретінде төмендегі 17-шы кестеде келтірілді [192].

17-шы кестеде Арыс ауданы бойынша алынған топырақ үлгілерінің құрамындағы мөлшерлік шамасы көп ауыр металдардың көрсеткіші келтірілген.

Химиялық элементтердің белсенді саны Арыс ауданының өндірістік алқаптарынан алынған топырақ үлгілеріндегі ауыр металдардың сандық және сапалық көрсеткіштері бойынша зерттелді. Арыс ауданының Ақдала, Дермене және Арыс қаласы аудандарының топырағында элементтердің жинақталу дәрежесі бойынша осы элементтердің салыстырмалы мөлшері және әрбір элементтің ерекше қасиеттері туралы ақпараттық материалдар ұсынылды.

Кесте 17 - Арыс ауданында алынған топырақ сынамаларының көрсеткіші, мг/кг

№	Сынама атаулары	Ауыр металдардың және микроэлементтердің мөлшері, мг/кг						
		Cu	Co	Cd	Zn	Mn	Cr	Pb
1	Ақдала аймағы	0,43±0,01	0,01±0,001	0,01±0,001	4,08±0,47	2,11±0,17	1,25±0,12	0,25±0,23
2	Дермене аймағы	0,32±0,02	0,01±0,001	0,001	1,60±0,12	0,69±0,01	1,32±0,15	0,39±0,01
3	Арыс қаласы аймағы	0,78±0,01	0,08	0,02±0,001	3,60±0,12	5,44±0,15	1,3±0,8	0,53±0,08
4	ШРКтопырак	3,0	0,1	0,5-2,0	23,0	0,1	6,0	32,0

Ауыр металдардың қаншалықты аз мөлшерде болғанымен, бұл элементтердің адам ағзасына түсіп жинақталуы нәтижесінде олардың ағзага келтіретін теріс әсері, нәтижесінде әртүрлі ауытқулардың пайда болуы, бұл

өз кезегінде аурулардың пайда болуына әкеліп соғады. Зерттеліп отырған аймақтағы топырақ құрамындағы ауыр металдардың салыстырмалы көп мөлшері марганец, мырыш және хром элементтеріне тиесілі. Ең көп тараған Марганецтің саны бойынша -Арыс қаласы аймағы > Ақдала > Дермене ауылдық округі тізбегін құраса, Мырыш - Ақдала > Арыс қаласы аймағы > Дермене округі аймағы бойынша тізбек құрайды. Зерттеліп отырған аймақтардағы хром мөлшері бірдей. Қалған ауыр металдар ШРК деңгейінен аспағанымен, олардың организмге тұсу жылдамдығының тез болуы мен шығу мүмкіндігінің жылдамдығы бояу жүретіндігін ескере отырып олардың қауіптілік дәрежесін айқындауға болады (кесте 18) [192, б.32].

Кесте 18 – Арыс ауданы Ақдала аймағы бойынша ауыр металдардың өсімдікке Кс – биологиялық жиналу коэффицентін есептеу, мг/кг


Элемент	Қауіптілік класы	ШРК, мг/кг			Арыс ауданы (Ақдала аймағы)										
		топырақ	қамыс	Кс	Итмұрын	Кс	Шашратқы	Кс	Алаңұта	Кс	Жантак	Кс			
Pb	1	32	0,5	0,015	<b>0,25±0,01</b>	0,02±0,001	0,08	0,02±0,002	0,08	0,07±0,001	0,28	0,07±0,01	0,28	0,05±0,01	0,2
Cu	2	3	0,045	0,015	<b>0,43±0,02</b>	0,06±0,001	0,140	0,06±0,001	0,140	0,49±0,08	1,39	0,24±0,04	0,558	0,09±0,01	0,209
Zn	1	23	0,45	0,020	<b>4,08±0,12</b>	0,39±0,01	0,095	0,39	0,095	1,1±0,06	0,270	1,62±0,03	0,397	0,3±0,01	0,076
Cr	2	6,0	0,2	0,033	<b>1,25±0,11</b>	0,12±0,01	0,096	0,15±0,01	0,120	0,54±0,01	0,432	0,37±0,01	0,296	0,11±0,01	0,088
Cd	1	0,5-2,0	0,03	0,06-0,015	<b>0,01</b>	0,001	0,100	0,0006	0,060	0,002	0,200	0,015±0,01	1,500	0,0012	0,120
Mn	3	0,1	0,2	2,01	<b>2,12±0,16</b>	0,49±0,02	0,232	2,32±0,12	1,099	2,24±0,14	1,062	0,72	0,341	0,59±0,01	0,280
Co	2	0,1	0,2	2,01	<b>0,01±0,001</b>	0	0	0,039	3,9	0,002	0,2	0,0003	0,3	0,0012	0,12

Сондай-ақ биоаккумуляцияны (биологиялық жинақтау коэффициентін) өсімдіктердегі ауыр металдардың орташа мөлшерін олардың топырақтағы орташа мөлшеріне қатынасы ретінде есептелді [192, б. 34].

**Кс – Биологиялық жиналу коэффициенті**

0,015	ШРК Кс аспаған қауіпсіз жағдайда журуі
<b>0,051</b>	ШРК Кс асқан ағзада жинақталу мөлшеріне қарай қауіпті болады
<b>1</b>	<b>Қауіпті деңгей</b>

Арыс ауданы Ақдала аймағындағы шаруашылық алқаптағы өсімдіктерідегі металл мөлшерінің орташа мәндері негізінде биологиялық жинақтау коэффициенттерін есептеу нәтижелері 26-ші суретте көрсетілген.



Сурет 26- Арыс ауданы (Ақдала аймағы) ауыр металдардың өсімдікке Кс – биологиялық жиналу коэффициенті, мг/кг

Топырақтан ауыр металдардың өсімдіктерге биоаккумуляциялануы Арыс ауданы бойынша Ақдала, Дермене елді мекендері мен Арыс қаласына жақын маңдағы егістік алқаптардағы өсімдік атауларының жалпы массалық түрлерінің сол алқаптардағы ауыр металдардың миграциялануына және олардан алқаптың тазалануына қосатын үлесін биологиялық жинақталу коэффиценті арқылы болжам жасауға болады.

Экологиялық қауіпсіздіктің гигиеналық нормалары арқылы топырақ пен өсімдіктердегі ауыр металдардың қауіптілік деңгейін анықтау және химиялық заттардың шекті рұқсат етілген концентрациясынан асып кету еселігі келтірілді (кесте 19).

#### Кесте 19 – Химиялық заттардың қауіптілік деңгейі

№ п/п	Қауіпті деңгейі	Химиялық заттардың шекті рұқсат етілген концентрациясынан асып кету еселігі
1	Қауіпсіз	<1
2	Қауіпті	1-10
3	Өте қауіпті	10-25
4	Экологиялық апат	>25

B.B. Добровольский [193], сондай-ақ шкала бойынша И.А. Авессаламов [194] егер  $10 > Kc \geq 1$  болса, онда металдар өсімдіктерде жиналышп, соның салдарынан ластанады. Арыс ауданы (Ақдала аймағы) топырақ пен өсімдік арасындағы  $Kc$  – биологиялық жиналу коэффицентінің көрсеткіштеріне сүйене отырып, шаруашылық алқаптардағы ауыр металдардың ластану деңгейінен өсімдік бойына өту арқылы олардың қауіптілік класын байқауға болады.

Осылайша, топырақтан өсімдіктердің ауыр металдарды сініру дәрежесін бағалау үшін алынған мәліметтер зерттелетін аумақтың ластанғанын және кейбір элементтердің концентрациясы шекті рұқсат етілген концентрациядан асып түсетінін көрсетеді. Бұл қауіптілік деңгейі байқалған өсімдіктердің ауыр металдарды жинақтауы  $Kc$  бойынша шашыратқыда Cu (1,39), алабұтада (1,50), итмұрын мен шашратқыда Mn (1,09) және (1,06) сәйкесінше жинақталғанымен  $Kc$  мәлшері ШРК асып кетпеді [192, б.33].

Арыс ауданы Дермене аймағы бойынша егістік алқаптардағы ауыр металдардың жалпы өсімдікке биологиялық жинақталуын талдау негізінде келесі тұжырымдамалар жасалды: зерттеу кезеңінде анықталған ауыр металдардың қауіптілік дәрежелері жоғары Cd (итмұрын өсімдігінен басқа) мен Mn (жамыс пен жантактан басқа) өсімдіктердің барлығы салыстырмалы түрде қауіпті деңгейді көрсетеді. Мұдай салыстырмалы түрде ауыр металдардың өсімдікте жинақталу көрсеткіші бойынша қауіптілік деңгейінде тұрғанын байқаймыз.

Арыс қаласы аймағы тоғыз жолдың торабы болғандықтанда зерттеуге алынған топырақ үлгілері сулы аймаққа, әрі мал жайылымына жақын

болғандықтан Со (итмұрында) жиналуды қауіпті, қалғандары салыстырмалы түрде жинақталу мөлшеріне қарай қауіптілікті көрсетеді (кесте 20, 21).

Кесте 20– Арыс ауданы Дермене аймағы бойынша ауыр металдардың өсімдікке Кс – биологиялық жиналуда коэффицентін есептеу, мг/кг

Элемент	Қауіптілік класы	ШРК, мг/кг			Арыс ауданы (Дермене аймағы)											
		Топырақ	өсімдік	Кс	Топырақ	Қамыс	Кс	Итмұрын	Кс	Шашратқы	Кс	Алабұта	Кс	Жантак	Кс	
Pb	1	32	0,5	0,015	<b>0,39±0,01</b>	0,02±0,001	0,051	0,02±0,001	0,051	<b>0,07±0,03</b>	0,179	<b>0,07±0,006</b>	0,179	<b>0,05±0,006</b>	0,128	
Cu	2	3	0,045	0,015	<b>0,32±0,05</b>	0,06±0,001	0,188	0,06±0,003	0,188	<b>0,49±0,02</b>	1,531	<b>0,24±0,05</b>	0,750	<b>0,09±0,005</b>	0,281	
Zn	1	23	0,45	1,956	<b>1,60±0,02</b>	0,39±0,03	0,244	0,39±0,05	0,244	<b>1,1±0,06</b>	0,688	<b>1,62±0,09</b>	0,013	<b>0,31±0,02</b>	0,194	
Cr	2	6,0	0,2	0,033	<b>1,32±0,02</b>	0,12±0,02	0,091	0,15±0,001	0,114	<b>0,54±0,03</b>	0,409	<b>0,37±0,08</b>	0,280	<b>0,11±0,007</b>	0,083	
Cd	1	0,5-2,0	0,03	0,06-0,015	<b>0,001</b>	0,001	1	0,0006	0,60	0,002	2	<b>0,015±0,001</b>	15	0,0012	1,2	
Mn	3	0,1	0,2	2	<b>0,69±0,01</b>	0,49±0,01	0,710	2,32±0,9	3,362	<b>2,24±0,06</b>	3,246	<b>0,72±0,02</b>	1,043	<b>0,59±0,03</b>	0,855	
Co	2	0,1	0,2	2	<b>0,01</b>	0	0	0,39±0,03	39	0,002	0,2	0,0003	0,3	0,0012	0,12	

Кесте 21– Арыс аймағы бойынша ауыр металдардың өсімдікке Кс – биологиялық жиналуда коэффицентін есептеу, мг/кг

Элемент	Қауіптілік класы	ШРК, мг/кг			Арыс ауданы (Арыс қаласы аймағы)											
		топырақ	өсімдік	Кс	Топырақ	Қамыс	Кс	Итмұрын	Кс	Шашратқы	Кс	Алабұта	Кс	Жантак	Кс	
Pb	1	32	0,5	0,015	<b>0,53±0,03</b>	0,02±0,001	0,038	0,02±0,001	0,038	<b>0,07±0,01</b>	0,132	<b>0,07±0,002</b>	0,132	<b>0,05±0,001</b>	0,094	
Cu	2	3	0,045	0,015	<b>0,78±0,06</b>	0,06±0,002	0,077	0,06±0,009	0,077	<b>0,49±0,06</b>	0,628	<b>0,24±0,07</b>	0,308	<b>0,09±0,001</b>	0,115	
Zn	1	23	0,45	1,956	<b>3,60±0,98</b>	0,39±0,003	0,108	0,39±0,05	0,108	<b>1,1±0,09</b>	0,306	<b>1,62±0,11</b>	0,45	<b>0,31±0,09</b>	0,086	
Cr	2	6,0	0,2	0,033	<b>1,3±0,21</b>	0,12±0,01	0,092	0,15±0,21	0,115	<b>0,54±0,012</b>	0,415	<b>0,37±0,04</b>	0,285	<b>0,11±0,07</b>	0,085	
Cd	1	0,5-2,0	0,03	0,06-0,015	<b>0,02±0,001</b>	0,001	0,05	0,0006	0,003	0,002	0,1	<b>0,015±0,001</b>	0,75	0,0012	0,06	
Mn	3	0,1	0,2	2	<b>5,44±0,98</b>	0,49±0,07	0,090	2,32±0,57	0,426	<b>2,24±0,91</b>	0,412	<b>0,72±0,07</b>	0,132	<b>0,59±0,03</b>	0,108	
Co	2	0,1	0,2	2	<b>0,08±0,01</b>	0	0	0,39±0,05	4,875	0,002	0,025	0,0003	0,004	0,0012	0,015	


Бұл зерттеу нәтижелерінен тұжырымдайтын ой: шаруашылық алқаптардағы жабайы түрде өсетін өсімдіктердің ауыр металдарды өз бойына, яғни жер үсті сабағына жинау қалыпты деңгейден жоғары жүреді деген оймен, онтүстіктің климаттық жағдайының қолайлығын ескере отырып, егіс алқаптарын өндөу жұмыстарын кештетіп жүргізу арқылы, топырақтағы ауыр металл деңгейін төмендетуге болады. Оған қоса тыңайтқыш өнімдері арқылыда ауыр металдардың деңгейін қосымша азайтуға болады.

Қазіргі танда, өрекениеттің дамуы және өндіріс орындарының ашылуына байланысты, адамзаттың табиғи кешендеріне араласуын күшеттуде. Алуан түрлі қатты, сұйық және газ тәрізді қалдықтармен ластануы табиғи ландшафттардың зақымдалу салдарынан, қоршаған ортаның барлық бөлшектері үшін экологиялық қауіптілік деңгейін күшеттуде, сонын ішінде топырақ үшін тигізетін әсері орасан зор. Топырақ деградациясының күшті антропогендік факторы бұл олардың ауыр металдармен ластануы.

Дегенімен ауыр металдар алмасу процестерінде маңыздылығы орасан зор, бірақ олардың жоғары концентрациясы топырақтың ластануын тудырады. Осы орайда, зерттеу барысында зерттеу нысаны ретінде Қазығұрт ауданының автокөлік жолының бойындағы топырақтар алынды. Бұл аудандағы жалпы автокөлік жолының арақашықтығы 65 км құрайды, зерттеу жұмысында автокөлік жол бойынан әр 10 км сайын топырақ үлгілері сынапқа алынды. Сонымен қатар, Қазығұрт ауданының автокөлік жол бойынан топырақты, ауылды мекендерге дейін келесідей арақашықтықта алынған болатын: 2; 5; 10; 150; 200; 300 м аумақтардан 0-25 см терендіктен 36 топырақ үлгілері талдауға алынды (кесте 22 және сурет 27). Алынған топырақ сынамаларынан құрамындағы цинк, кадмий, қорғасын секілді ауыр металдардың концентрациясы зерттелді.

Кесте 22 – Қазығұрт ауданының автокөлік жол бойынан және ауылды мекендерге дейінгі алынған топырақ сынамаларындағы цинк концентрациясы, мг/кг

Автокөлік жол бойы	Тас жолдан қашықтығы, м					
	2	5	10	150	200	300
10	20,3	20,3	20	19,5	15,1	10,3
25	18,4	18	17,2	15,6	10,6	8,1
35	21,5	21,3	20,9	17,4	16,2	12,5
45	20,4	19,7	18,7	17,8	16,1	11,6
55	19,1	18,7	17,8	16,1	13,5	11,1
65	19,6	19,3	18,2	16,3	14,2	11,3
Орташа мәні	19,88±0,9 9	19,55±1,07	18,8±1,27	17,12±1,31	14,28±1,91 3	10,82±1,38



Сурет -27 Қазығұрт ауданының автокөлік жолынан әр 10, 25, 35, 45, 55, 65 км нүктелерінен алынған топырақ құрамындағы цинктің мөлшері


Зерттеу нәтижелерінен көрініп түрғандай, жол бойынан алынған топырақ үлгілерінде 2 және 10 м аралығында цинк ауыр металының мөлшері  $19,88 \pm 0,99$  -  $18,8 \pm 1,27$  мг/кг екенін көрсетті, дегенімен ШРК көрсеткіштерінен асып түрған жоқ. Жол бойына жақын алынған топырақ үлгілерінде цинк мөлшері жоғары болуы, автокөлік ағымының көп болуына байланысты. Ал жол бойынан алыстау алынған топырақ үлгілерінде, яғни 150-300 м аралығында, айтылып жатқан ауыр металдың мөлшері  $17,12 \pm 1,31$ -ден  $10,82 \pm 1,38$  мг/кг дейін төмендеген, демек, ауыр металдардың ауылды мекендердегі топырақ арқылы миграциялануы байқалып тұр.

Сонымен қатар, жоғарыда айтылған 36 сынама топырақ үлгілерінің құрамында кадмий ауыр металының мөлшері зерттелінді. Кадмий қоршаған ортаны ластауыштардың ең қауіптісі болып табылады. Автокөлік жол бойындағы топырақтардың кадмиймен ластануына айтарлықтай үлесті көліктердің шығарындылары ықпал етеді. Өйткені, кадмий дизельді жанармай құрамында болады және ол жанған кезде босап шығады. Сонымен қатар, топырақтың кадмиймен ластану себептерінің бірі, қолданып жатқан тыңайтқыштар болуы мүмкін.

Жүргізілген зерттеу бойынша топырақ құрамындағы кадмий ШРК нормасынан асып түрған жоқ (кесте 23, сурет 28).

Кесте 23 – Қазығұрт ауданының автокөлік жол бойынан және ауылды мекендерге дейінгі алынған топырақ сынамаларындағы кадмийдің концентрациясы, мг/кг

Автокөлік жол бойы	Тас жолдан қашықтығы, м					
	2	5	10	150	200	300
10	0,18	0,14	0,1	0,08	0,08	0,06
25	0,13	0,09	0,06	0,04	0,02	0,02
35	0,11	0,09	0,09	0,07	0,04	0,01
45	0,15	0,12	0,09	0,07	0,04	0,02
55	0,16	0,14	0,11	0,08	0,04	0,01
65	0,14	0,11	0,11	0,07	0,06	0,05
Орташа мәні	$0,16 \pm 0,008$	$0,13 \pm 0,0055$	$0,09 \pm 0,002$	$0,06 \pm 0,004$	$0,04 \pm 0,01$	$0,03 \pm 0,01$




Сурет -28 Қазығұт ауданының автокөлік жолынан әр 10, 25, 35, 45, 55, 65 км нүктелерінен алынған топырақ үлгілері, м

Зерттеу нәтижелерінен байқағанымыздай, сынамаға алынған топырақ үлгілерінде кадмий ауыр металының бар екені анықталды, 5-10 м аралықта алынған топырақ үлгілерінде бұл металдың мөлшері  $0,16 \pm 0,008 - 0,09 \pm 0,002$  мг/кг аралықта екені анықталды. Ал, 150-300 м аралықта алынған топырақ үлгілерінде кадмийдің мөлшері  $0,06 \pm 0,04 - 0,03 \pm 0,01$  мг/кг аралықта болатынын анықталды.

Автокөлік шығарындыларымен байланысты, қоршаған ортаны улы заттармен ластауыштардың бірі – қорғасын және оның қосылыстары болып табылады. Жанармайға антидетонацион қоспасы ретінде тетраэтилқорғасын қосады, сондықтан бензин арқылы оның қосылыстары атмосфераға келіп түседі.

Кесте 24 – Қазығұт ауданының автокөлік жол бойынан және ауылды мекендерге дейінгі алынған топырақ сынамаларындағы қорғасын концентрациясы, мг/кг

Автокөлік жол бойы	Тас жолдан қашықтығы, м					
	2	5	10	150	200	300
10	10,2	7,3	6,1	5,5	4,6	3,1
25	10,2	6,1	5,4	4,9	3	2,4
35	10,5	7,1	6,4	5,8	5	4,2
45	10,4	7,1	6,1	5,4	4,6	3,9
55	11,8	6,9	5,4	4,9	4,1	3,4
65	11,1	7,1	5,9	5,1	4,4	3,9
Орташа мәні	$10,7 \pm 0,58$	$6,93 \pm 0,39$	$5,88 \pm 0,37$	$5,26 \pm 0,33$	$4,28 \pm 0,63$	$3,48 \pm 0,6$



Сурет -29 Қазығұрт ауданының автокөлік жолынан әр 10, 25, 35, 45, 55, 65 км нүктелерінен алынған топырақ үлгілеріндегі қорғасын мөлшері

Зерттеу нәтижелерінен көрініп түрғандай, 2-5 м-ге дейінгі зерттеу аймақтарында қорғасын мөлшері жоғары  $10,7 \pm 0,58$ - $6,93 \pm 0,39$  мг/кг, дегенімен ШРК деңгейінен асып түрған жоқ. 10 -150 м аралықта, қорғасын мөлшері  $5,88 \pm 0,37$ - $5,26 \pm 0,33$  мг/кг, яғни автөлік жолына жақын алынған сынама топырақтарымен салыстырғанда қорғасын мөлшері екі есе азайды. Сонымен бірге, 200-300 м аралығында алынған топырақ үлгілеріндегі, аталып жатқан ауыр металдың мөлшері  $4,28 \pm 0,63$ - $3,48 \pm 0,6$  мг/кг-ға төмендеді. Осылайша, жүргізілген зерттеулер автокөлік шығарындыларының қоршаған ортаның ластауына айтарлықтай әсер ететінін көрсетіп тұр. Түркістан облысының аудандарында егіс алқаптары жол бойында орналасуына байланысты, автокөлік шығарындыларынан бөлінетін ауыр металдар топырақ арқылы, өсімдіктерге миграцияланып жатыр.

Қазығұрт ауданының жоғарыда айтылған ауыр металдардың үш жыл зерттеу аралығында мөлшерінің қалай өзгеретінің бақылау үшін, 2020-2022 жж, бақылаулар жүргізілді және автокөлік жол бойындағы ауыр металдардың өсу тенденциясы қарастырылды. Топырақ үлгілерін автокөлік жолынан 150 м аралықтан алынды.

Кесте 25 - 2020-2022 жылдар аралығындағы цинк, кадмий және қорғасынның қозғалмалы түрінің жинақталу динамикасы, мг/кг

Көрсеткіш	2020	2021	2022
Цинк			
ШРК мк/кг	23	23	23
Нәтижесі, мг/кг	$11,36 \pm 0,11$	$16,23 \pm 0,25$	$19,82 \pm 0,05$
Кадмий			
ШРК мк/кг	0,5	0,5	0,5
Нәтижесі, мг/кг	$0,11 \pm 0,01$	$0,12 \pm 0,005$	$0,16 \pm 0,01$
Қорғасын			
ШРК мк/кг	32	32	32
Нәтижесі, мг/кг	$6,67 \pm 0,15$	$9,1 \pm 0,1$	$10,7 \pm 0,1$

Сонымен қатар, зерттеу жүргізілген жылдар аралығында, үш ауыр металдарының мөлшері көбейіп жатқанын байқауға болады (кесте 25). Бақылау жүргізілген аралықта, яғни, 2020 жылғы зерттеу басталған жылмен, зерттеу аяқталған 2023 жылдармен салыстыра келе, атальп жатқан үш ауыр металдың мөлшерінің көбейіп жатқаны байқалады. Мысалы, 2020 жылы цинк мөлшері 11,3 мг/кг болса, 2023 әжылы 19,88 мг/кг-ға дейін өсті, кадмийдің мөлшері 0,11 мг/кг-нан 0,16 мг/кг-ға дейін жоғарлады, сондай-ақ, қорғасын мөлшері 6,7 мг/кг-нан 10,7 мг/кг-ға дейін жоғарлай тұсті. Бұл өз кезегінде, топырақ құрамындағы цинк, қорғасын және кадмий мөлшері ШРК мөлшеріне жету кезеңіне жақын, бұнын себебі, біздің көзқарас бойынша, автокөлік жүк ағынының жоғарлауы болып табылады. Антропогендік жүктеменің өсуінің нәтижесінде, топырақ құрамындағы ауыр металдардың жоғары мөлшері ластауыш рөлінде болуы мүмкін. Топырақтың ауыр металдармен ластануы өсімдіктердегі физиологиялық процестерге кері әсер етуі мүмкін, бұл оның артық мөлшерде жұтылуына физиологиялық кедергінің болмауымен байланысты.

### **3.5 Созақ ауданы бойынша ауыр металдардың миграциялық қасиеттерін зерттеу**

Созақ ауданы бойынша алынған сынамаларының құрам көрсеткіші жыл кезеңдерінің уақыт мерзімдеріне қарай екі кезеңге бөлінді. Бұл кезеңдер ылғалдылығы жоғары көктем айлары мен элементтердің эрозияға ұшырау уақыты күз айларындағы зерттеу нәтижелері [195].

Көктем айларында ылғалдылығы жоғары зерттеу жұмыстары барысында Созақ ауданында (Созақ ауданының шекарасы, Жарты төбе ауылы, Шолаққорған маңы, Таукент жотасы) алынған зерттеу сынамаларын талдау Varian 820-MS индуктивті плазмамен байланысқан масс-спектрометрде жасалды. Осы аумактардың топырағында және өсімдік тамырларында ауыр металдар мен микроэлементтердің жинақталу мөлшері салыстырмалы түрде зерттелді (кесте 26).

Зерттелетін топырақ пен өсімдік тамырлары арнайы талаптарға сәйкес физика-химиялық талдауға дайындалды жасалған талдаудың параметр көрсеткіштері төмендегі кестеде келтірілген.

Созақ ауданының зерттелген аумактарынан көктемде алынған топырақ сынамаларындағы ауыр металдардың сандық және сапалық көрсеткіштері бойынша химиялық элементтердің белсенді қатары Созақ ауданының шекарасынан бастау алып Таукент жотасына дейінгі қашықтықты қамтыды. Ең көп көлемдік көрсеткіш Fe мөлшері бірте бірте көбейеді, ал Mn, Ni, Zn, Pb керісінше азаяды. Cr салыстырмалы түрде Жарты төбеде ізі салыстырмалы түрде байқалғанымен, Таукентте ол бірден өскенін байқаймыз. Титанның шама мөлшері жақын, ал кадмий іздері Жарты төбе мен Таукентте көрінді. Жалпы топырақтың қызыл қоңыр түске жақын болуы осы темірдің басымдылығы мен Mn-тың басқа элементтермен салыстырғанда көптігінен. Топырақ түзудегі бұл екі элементтің ролі басқаларға қарағанда жоғары.

Профиль бойынша ауыр металдардың миграциясын қарастыратын болсақ, ластанушы заттардың негізгі массасының жиналуды негізінен топырақтың гумусты-аккумулятивті горизонт аймағында байқалады, онда олар әртүрлі өзара әрекеттесу реакцияларының әсерінен алюминий силикаттарымен, силикат емес минералдармен және органикалық заттармен байланысады. Топырақта жиналатын элементтердің құрамы мен саны гумустың құрамына, қышқыл-негіз және тотығутотықсыздану жағдайларына, сорбциялық қабілетіне, биологиялық сініру қарқындылығына байланысты.

Кейбір ауыр металдар осы компоненттерде берік сақталады және топырақ профилі бойынша миграцияға қатысып қана қоймайды, сонымен қатар тірі ағзаларға қауіп төндірмейді. Топырақтың ластануының қоршаған ортаға жағымсыз кері әсері жылжымалы металл қосылыстарымен байланысты. Бірқатар топырақ-геохимиялық кедергілер топырақ профиліндегі заттардың техногендік ағынына сәйкес келеді. Оларға карбонат, гипс, иллювиалды горизонттар (иллювиалды-ферругинді -гумус) жатады.

Күзде осы аймақтардан алынған топырақ сынамаларындағы ауыр металдар санының көрсеткіштеріне қарасақ, Жартытөбе аймағының топырағындағы ауыр металдар саны басқа аймақтарға қарағанда салыстырмалы түрде жоғары. Бұл аймақта ең көп мөлшер темір > мырыш > қорғасын > титан > марганец > кобальт > ал никельдің бұл аймақта болмағанын байқаймыз. Шолаққорғанда темір > қорғасын > титан > марганец > мырыш > кобальт, хром, никель, кадмий барлығы бірдей деңгейде. Таукент маңында ауыр металдардың мөлшері төмен болғанымен, барлық ауыр металдар табылды, яғни. темір > қорғасын > титан > мырыш > марганец > кобальт > никель > хром > кадмий.

Темір-литосферадағы ең көп таралған металдардың бірі. Оның жер қыртысындағы мөлшері 5,1% - ға жетеді, бұл оттегі (49,4%), кремний (28,6%) және алюминийден (8,32%) кейін төртінші орында. Топырақта темірдің жиналудың негізгі көзі бастапқы тау жыныстарының минералдары болып табылады. Олардың құрамында темір оксидтері, оксидтер және гидроксид қосылыстары бар. Топырақ генетикасы үшін темірдің маңызды сипаттамаларының бірі-оның валенттілігін өзгерту мүмкіндігі. Топырақта  $Fe^{3+}$  және  $Fe^{2+}$  түрінде темірдің болуы топырақ режимімен анықталады. Аэробты жағдайда ол үш валентті ( $Fe_2O_3$ -топырақ сүйнде іс жүзінде ерімейтін оксид), ал анаэробты жағдайда ол екі валентті ( $FeO$  ең еритін және қозғалмалы). Созақ топырағы темір миграциялық қасиеттері үнемі қозғалыста екенін байқауға болады. Бұған себеп, көктем айындағы жаңбыр суларымен шайылу процесі, ал күз айларындағы желмен эрозияға ұшырауы мен көшіп қонуының әсері темірдің қозғалмалы қасиетін көрсетеді (сурет 30).

Химиялық ластануға Созақ топырағы айтарлықтай бейімді келеді. Өйткені, Созақтың климатының жиі өзгерісі, жазық таулы аудандардағы элементтердің миграциясына, топырақтың эрозиясына әсерін үнемі есте ұстауды қажет етеді. Топыраққа түсетін химиялық элементтері бар қосылыстардың жиналуды, олардың бөлшектерінің таралуды, pH ортасына, топырақтың қышқылдығы мен сілтілігіне, топырақтың қарашірік қабатына, тұздардың (карбонаттардың) құрамына,

химиялық элементтердің сіңіру қабілетіне және су режиміне байланысты [195, 6.267].

Зерттеу нәтижесіндегі тағы бір маңызды Pb мен Cd элементтерінің топырақта жиналуды мен таралуды орын алды (сурет 31). Өнеркәсіптік кәсіпорындардың, жылу электр станцияларының және көлік құралдарының қоршаған ортага ауыр металдарды шығаруына байланысты егістік алқаптар айтарлықтай антропогендік қысымға ұшырайды.

Кесте 26— Созақ ауданы бойынша алынған топырақ сынамаларының уақыт кезеңдеріне қарай алынған құрам көрсеткіші, мг/кг

№	Сынама атаулары	Ауыр металдардың және микроэлементтердің мөлшері, мг/кг								
		Ti	Cr	Mn	Fe	Ni	Co	Zn	Pb	Cd
1	Созақ ауданы шекарасы	0,4 1	0 2	2,1 6	7,0 6	1,3 0	0,4 4	0,9 2	0,6 0	0,0 2
2	Жарты тәбе	0,4 3	0,0 8	0,2 1	8,0 8	1,1 1	1,2 5	0,7 4	0,4 5	0,0 8
3	Таукент жотасы	0,3 3	1,7 5	0,3 5	9,6 0	1,1 9	1,3 2	0,7 5	0,5 3	0,0 5

№	Сынама атаулары	Ауыр металдардың және микроэлементтердің мөлшері, мг/кг								
		Ti	Cr	Mn	Fe	Ni	Co	Zn	Pb	Cd
1	Жарты тәбе аймағы	0,42	0	0,2 6	8, 85	0	0,0 7	1,1 2	0,6 2	0,0 7
2	Шолаққорған аймағы	0,25	0,0 3	0,0 9	5,43	0,0 2	0,0 2	0,1 5	0,3 0	0,0 2
3	Таукент бағыты	0,20	0,0 3	0,1 1	6,60	0,0 6	0,0 9	0,1 6	0,4 6	0,0 5


			Ti	Cr	Mn	Fe	Ni	Co	Zn
Созақ ауданы шекарасы	0,4	0	2,1	7,0	1,3	0,4	0,9	0,6	0,0
с.Жарты тәбе	0,3	0,0	0,2	8,0	1,1	1,2	0,7	0,4	0,0
Таукент жотасы	0,2	0,0	0,3	9,6	1,1	1,3	0,7	0,5	0,0

			Ti	Cr	Mn	Fe	Ni	Co	Zn
с.Жарты тәбе аймағы	0,42	0	0,2 6	8, 85	0	0,0 7	1,1 2	0,6 2	0,0 7
Шолаққорған аймағы	0,25	0,0 3	0,0 9	5,43	0,0 2	0,0 2	0,1 5	0,3 0	0,0 2
Таукент бағыты	0,20	0,0 3	0,1 1	6,60	0,0 6	0,0 9	0,1 6	0,4 6	0,0 5


Бұлғалдылығы жоғары көктем айларындағы зерттеу	металдардың эрозияға ұшырау уақыты күз айларындағы зерттеу
------------------------------------------------	------------------------------------------------------------



Көктем айы

Күз айы

Сурет 30 – Созак ауданы бойынша алынған топырақ сынамаларының құрамындағы темірдің мөлшерлік көрсеткіші, мг/кг



Сурет 31 - Созак ауданы бойынша алынған топырақ сынамаларындағы қорғасын мен кадмий құрамының көрсеткіші, мг/кг

Биогеохимиялық циклдерге енгізілген ауыр металдар (қорғасын мен кадмий анализі жағдайында) топырақты ластайды және жануарлар мен адам ағзасына өсімдіктер арқылы енеді - әртүрлі органдар мен тіндерде жиналып, әртүрлі патологияларды тудырады.

Қорғасын қоршаған ортаны ластаушы басымдылық ретінде қызығушылықты арттырды. Бұл металл микроорганизмдерге, өсімдіктерге, жануарларға және адамдарға улы. Алайда бірқатар зерттеушілер қорғасынның жануарлар үшін өмірлік маңызы бар екеніне дәлелдер келтіреді. Оның жемдегі концентрациясы 0,05-0,5 мг/кг-нан аз болса, егеуқүйрықтар бұл элементтің жетіспеушілігін сезінеді. Өсімдіктерге де аз мөлшерде қажет. Оның құрамы өсімдіктердің жер үсті белгінде 2-ден 6 мг/кг-ға дейін болса, қорғасын

тапшылығы болуы мүмкін. Кестедегі қорғасын мөлшерінің 0,44 - 0,60 мг/кг шамасы қоршаған ортаға кері әсерін тигізбейді, керісінше оның жетіспеушілігі сезіледі [195, б.269].


Кадмий жануарлар организмдері үшін тіпті аз концентрацияда улы болып саналады. Созақ топырағындағы шаруашылық өсімдіктеріндегі кадмидің 0,04-0,06 мг/кг мөлшері ШРК (0,5-2,0) аспағанымен оның топырақта болуының өзі ойландыратын жағдай (сурет 32). Ол кейбір өсімдіктерінде өсуіне тұрткі болатын микроэлементтер тобына жатады, бірақ өсімдіктерге әсері әлі анықталған жоқ десекте болады. Дегенімен, ғылыми әдебиеттерде кадмийдің өсімдіктерге уыттылығы туралы мәліметтер бар, олар ферменттер белсенділігінің бұзылуымен, фотосинтезін тежелуі, транспирацияның бұзылуымен - өсімдіктерде, өсудің тежелуінде, тамыр жүйесінің зақымдануында және хлорозда көрінеді, оны жапырақтарынан байқауға болады (кесте 27).

Кадмий тірі организмдердің метаболизм циклына кедергі келтіретін және адамдар мен жануарлардың бірқатар ауруларын тудыратын, құрамында өте улы қосылыстар жинауға және тұзуге қабілетті екенін көрсетеді. Сондықтан, қазіргі уақытта топырақта да, өсімдік материалдарындағы (жемде де) кадмий мөлшерінің проблемасы өзекті болып отыр.

Кесте 27– Созақ ауданы бойынша алынған өсімдіктердің тамырларының сынамаларының құрам көрсеткіші (Pb, Cd), мг/кг

№	Сынама атаулары	Қорғасын мен кадмийдің мөлшері, мг/кг	
		Pb	Cd
1	Арпа	0,51	0,05
2	Бидай	0,43	0,07
3	Жоңышқа	0,52	0,07
4	Жүгері	0,60	0,05
5	ШРК	32	0,5-2,0

Сондықтан да бұл жұмыстың негізгі мақсаты ретінде, топырақтағы қорғасын мен кадмийдің құрамына экологиялық баға беру. Созақтың даala алқаптарының бір жылдық азықтық дақылдарының құрғақ заттары және вегетациялық кезеңінде негізгі кезеңдеріндегі олардың құрамына мониторинг жүргізу арқылы Созақ ауданынан келетін өсімдік өнімдерінің сапалық көрсеткіштері арқылы, топырақ құрамының сапасын бағалай отыра, адам өміріне және қоршаған ортаға келтіретін әсерлері арқылы әртүрлі аурулардың алдын алу шараларына назар аудару керек [195, б.269].



Сурет 32— Созақ ауданы бойынша алынған топырақ сынамаларының құрамындағы ауыр металдардың (Ni, Co, Mn) мөлшері, мг/кг

Кейбір өте улы элементтердің өсімдіктерге қол жетімділігі қын қосылыстарға айналуы мүмкін; басқа топырақ-геохимиялық ортада жылжымалы элементтер топырақ қабатында қоныс аударады және биотаға қауіп төндіреді. Элементтердің қозғалғыштығы көбінесе топырақтағы қышқыл-негіздік және тотығу-тотықсыздану режиміне байланысты. Ағзалар үшін, ерекше қауіпті элементтердің жылжымалы қосылыстарының жинақталуы топырақтың су және ауа жағдайларына байланысты: олардың ең аз жинақталуы сілтілеу режиміндегі су өткізгіш топырақтарда байқалады, жуу режимі жоқ топырақтарда көбейеді және эффузия режимі бар топырақтарда максимумға жетеді.

Дегенмен, сілтілеу режимі жағдайында металдардың потенциалды қозғалғыштығы жүзеге асатындығын және оларды жер асты суларының қайталама ластану көзі бола отырып, топырақ профилінен алғып тастауға болатынын есте ұстаған жөн. Қышқыл топырақтарда тотығу жағдайлары басым (подзолиялық топырақтар, жақсы құрғатылған), Cd және Hg сияқты ауыр металдар тез қозғалмалы формалар құрайды. Керісінше, Pb, As, Se аз жылжымалы қосылыстар түзеді, олар гумустың және иллювиалды горизонттарда жинақталып, топырақ биотасының күйіне теріс етеді.

Түркістан облысында кейбір аудандарының жол бойындағы және егіс алқаптарындағы топырақтардың ауыр металдардың жинақталуы бойынша картографиясы 33-ші суретте және 29-ші кестеде көрсетілген.


Жалпы Түркістан облысындағы ауыр металдармен ластану бойынша картографияны құру үшін жалпы сынама ретінде алынған топырақ үлгілері мен мөлшері 28-ші кестеде келтірілген.

Кесте 28- Жалпы картография құру үшін алынған топырақ үлгілері

Үлгі алынған аудандардың атауы	Топырақ алынған терендік, см	Автокөлік жол бойынан алынған топырақ үлгілер саны	Егіс алқаптарынан алынған топырақ үлгілер саны	Жалпы саны
Мақтаарап ауданы (Жетісай қаласы)	0-25	18	3	21
Арыс ауданы	0-25	-	3	3
Қазығұрт ауданы	0-25	36	-	36
Созақ ауданы	0-25	-	8	8
<b>Жалпы саны</b>				<b>68</b>

Тотықсыздану жағдайында қоспаларда күкірт (S) болған кезде екінші күкіртті сутегі ортасы пайда болады және көптеген металдар ерімейтін немесе нашар еритін сульфидтер түзеді. Батпақты топырақтарда Mo, V, As, Se отырықшы түрінде болады. Қышқыл батпақты топырақтардағы элементтердің едәуір бөлігі салыстырмалы түрде қозғалмалы және тірі заттар үшін қауіпті; мысалы, Pb, Cr, Ni, Co, Cu, Zn, Cd және Hg қосылыстары.

Нашар еритін Pb қосылыстары аздал қышқыл және бейтарап топырақтарда жақсы аэрациямен түзіледі, әсіресе кальцинация кезінде. Zn, V, As, Se қосылыстары бейтарап топырақта қозғалмалы, ал Cd және Hg гумус пен иллювиалды горизонттарда ұсталуы мүмкін. Сілтілік жоғарылаған сайын топырақтың осы элементтермен ластану қаупі артады [195, б.270].



Сурет 33–Түркістан облысы бойынша бейорганикалық заттармен топырақтың ластану деңгейінің картографиясы

Кесте 29 - Түркістан облысы бойынша бейорганикалық заттармен топырақтың ластану критериясы [178].

Топырақтағы мөлшері, (мг/кг)	Топырақтың ластану категориясы		
Қауіптілік класы	1 класс	2 класс	3 класс
$\geq K_{max}$	Өте күшті	Өте күшті	Күшті
ШРК-дан $K_{max}$ -не дейін	Өте күшті	Күшті	Орташа
Фондық мәнінен ШРК-не дейін	Әлсіз	Әлсіз	Әлсіз

Жоғарыда келтірілген Арыс, Созақ, Қазығұрт аудандарының және Мақтаарал ауданының Жетісай қаласының жалпы автокөлік тас жол бойынан, сонымен қатар егіс алқаптарынан алынған топырақтарының құрамындағы ауыр металдардың мөлшерін зерттей келе, 29-ші кесте критериясына байланысты, топырақтың ластану категориясы- әлсіз ластану болып табылады.

### **3 бөлім бойынша қорытынды**

Ауыр металдардың топырақтағы және ауыл шаруашылық дақылдарындағы трансформациялану көрсеткіштері негізгі ионалмасу үрдістеріне тәуелді болады. Дегенмен, ионалмасу үрдісі күрделі болып табылады. Түркістан облысы территорияларындағы «топырақ-өсімдік» жүйесіндегі химиялық элементтердің миграциялануы антропогендік ластау көзінен қашықтаған сайын тәмендейтіні анықталды. Түрлі туыстыққа жататын көкөніс түрлерінің түрлі ауыр металдарды сініру қабілеттері өзара ерекшеленетіні зерттеулермен дәлелденді. Көкөніс түрлерінің басым көпшілігіне сіңімді келетін ауыр металдар мыс және мырыш екені анықталды.

Көкөніс түрлерінің ішінде пияз, картоп, шабдалы, қызанақ, қияр, қарбызы және қауында мырыштың шоғыры жоғары болса, мыстың шоғыры сәбіз, құлпынай, қияр мен қауында жоғары, жүзімде кадмий көп.

Жылыштай топырақтары мен көкөнісіндегі жүргізілген зерттеулер ең көп таралған ауыр металдар қорғасын, мырыш, кадмий, мыс және хром екенін көрсетті. Аталған металдардың арасында қорғасынмен кадмий тәменгі шоғырларында уытты қасиеттерін көрсетеді. Қызанақ және оның өнімдік жемістерінде ауыр металдарды биологиялық жинақтау коэффициенті анықталды.

Арыс қаласы, Ақдала, Дермене аймақтарының топырақ үлгілерін жүргізілген элементтік талдаулар марганецтің тізбектеле кеңінен таралғанын көрсетті.

Созақ ауданы бойынша Шолаққорған, Таукент және Жуантөбе аймақтарынан алынған топырақ үлгілеріне зерттеулер жүргізілді. Аймақтағы мырыштың шоғыры 0,74-0,92 мг/кг; қорғасын 0,45-0,60 мг/кг; кадмий 0,02-0,08 мг/кг; марганец 2 мг/кг дейін және темір 7-9 мг/кг аралығында орын алды.

Шымкент – Сарыагаш автомагистралынің бойынан түрлі қашықтықтардан алынған топырақ және өсімдік сынамлары зерттелді. Жалпы сынамалардан анықталған ауыр металдар қорғасын, мырыш, кадмий, мыс, никель, кобальт, хром және марганец.

## **4 ТОПЫРАҚ-ӨСІМДІК ЖҮЙЕСІНДЕГІ АУЫР МЕТАЛДАРДЫҢ КӨКӨНІС ДАҚЫЛДАРЫНА ЫҚПАЛЫН ТЫҢАЙТҚЫШТАРМЕН РЕТТЕУ**

### **4.1 Көкөніс дақылдарындағы ауыр металдарды биотестілеу**

$\text{CuSO}_4$ ,  $\text{CoCl}_2$  және  $\text{ZnSO}_4$  ауыр металдарының өсімдіктердің тіршілік қабілетін өсерін зерттеу үшін тест-нысандары ретінде қиярдың, қызанақтың және бұрыштың тұқымдары қолданылды. Тұқымдарды Петри табақшаларында концентрациясы  $10^{-3}$ - $10^{-5}$  моль/л аралығындағы сәйкес тұз ерітіндісімен ылғалдандырылған сұзгілеу қағаздарынды өсірді [196, 197]. Бақылау үлгісі – дистилденген су (сурет 34).



a



б

Сурет 34– Сынамаларды тәжірибе жүргізуғе дайындау: а) Петри табақшалары; б) қызанақ тұқымдары

Үлгілер жарық түсіру арқылы климаттық камерада өсірілді. Өсірудің орташа температурасы  $21\text{-}23^{\circ}\text{C}$ . Ауыр металдардың улылығын бағалау параметрлері:

- өсу энергиясы ( $\Theta\Theta$ );
- тұқымдардың зертханада өнуі ( $3\Theta$ );
- морфометриялық көрсеткіштері: сабагы мен тамырының ұзындығы, жер үсті және жер асты биомассасының жиналуды.

Фактордың уыттылық индексі (ФУИ) бағалау үшін қиярдың, қызанақтың және бұрыштың өскіндері әр түрлі параметрлер бойынша есептелді. Концентрацияның фитоулылығының дәрежесін 6 кластан тұратын уыттылық шкаласы бойынша [198, 199] бақылауға қарағанда эксперименттегі сынақ функциясының мәні қаншалықты төмен екендігі анықталды:

1) VI ( $> 1,10$ ) – фактор тест-нысанына ынталандырушы өсер етеді. Тәжірибедегі тест-функцияның шамасы бақылау мәнінен асып туседі;

2) V ( $0,91\text{--}1,10$ ) – фактор тест-нысанына айтарлықтай өсер етпейді. Тәжірибедегі тест-функцияның шамасы бақылау мәнінде жатыр;

3) IV ( $0,71\text{--}0,90$ ) – бақылаумен салыстырғанда эксперименттегі тест-функциясы мәнінің төмендеуінің дәрежелері әртүрлі;

4) III ( $0,50\text{--}0,70$ ) – фактордың улылығы орташа;

5) II (< 0,50) – фактордың улылығы жоғары;

6) I (улылығы өте жоғары) – тест-нысанның өліміне әкеледі;

Сынақ нәтижелеріне негізделген салыстырмалы нәтижелерді алу үшін әрбір тест-функциясы үшін фактордың уыттылық индексі формула бойынша есептелді:

$$\text{ФУИ} = \frac{\text{T}\Phi_0}{\text{T}\Phi_k}, \quad (14)$$

мұндағы  $\text{T}\Phi_0$  – экспериментте тіркелген сынақ жауабының мәні;  $\text{T}\Phi_k$  – тәжірибедегі тіркелген бақылау жауабының мәні. Әрбір концентрация үшін орташа уыттылық индексінің мәні мына формула бойынша есептелді:

$$\text{ФУИ}_{\text{опт.}} = (\text{ФУИ}_1 + \text{ФУИ}_2 + \text{ФУИ}_3 + \dots) / n, \quad (15)$$

мұндағы  $\text{ФУИ}_1, \text{ФУИ}_2, \text{ФУИ}_3$  – әрбір тест-функция үшін есептелген улылық индекстері;

$n$  – ортадағы  $\text{CuSO}_4, \text{CdCl}_2, \text{ZnSO}_4$  нақты деңгейі үшін тәжірибеле әсер ететін тест-тіркеулердің деңгейі.

Алынған статистика мәліметтерінің барлығы Microsoft Excel бағдарламасында өндөлді.

Ауыр металдардың тірі организмдер үшін қауіптілігі олардың жинақталу қабілетіне ие болуымен және организмнің физиологиялық функциялары мен метаболизмінің бұзылуына әкеліп соқтырады, бұл өсуге, дамуға және өнімділікке теріс әсер етеді, нәтижесінде экожүйелер құрылымының өзгеруіне әкеледі. Сонымен қатар, ауыр металдардың көпшілігі, соның ішінде мыс, мырыш және кадмий өсімдіктердің қалыпты метаболизмі үшін микромөлшерлерде қажет [197, б.205].

Зерттелген дақылдардың ішінде биомассаның өсу параметрлері бойынша қияр өскіндері ең тұрақты болып шықты. Сонымен,  $10^{-3}$  M  $\text{CuSO}_4, \text{ZnSO}_4$  және  $\text{CdCl}_2$  ерітінділеріндегі тамырлар биомассасының өсуі бақылауға қарағанда 18; 45 және 38% құрады, ал өскіндер сәйкесінше 39; 86 және 92%.  $10^{-5}$  M ерітінділерде тамырдың өсуі – 125; 118 және 143 %, өскіндер сәйкесінше -102; 112 және 103%. Бұл параметрлерге ең сезімтал қызанақ пен бұрыш көшеттері болды (сурет 35).



a



b

Сурет 35 – Бұрыш, қызанақ және қияр биомассаларының жиналудына металдардың әсері, 1 бет



В



Г



Д



Е



Ж



З



И



К

Сурет 35 – Бұрыш, қызанақ және қияр биомассаларының жиналудына металдардың әсері, 2 бет



Л



М

Сурет 35 – Бұрыш, қызанақ және қияр биомассаларының жиналудына металдардың әсері, 3 бет

Өсімдіктегі стресс факторларына сынақ реакциясына **полярлық коэффициенті (ПК)** – жер үсті бөлігі биомассасының тамыр биомассасына арақатынасы. Сонымен, қиярдағы  $10^{-4}$  М  $\text{CuSO}_4$  ерітіндісіндегі ПК 6,1 құрады; қызанақта-6,9; бұрышта-2,5, ал бақылауда сәйкесінше – 2,9; 2,7 және 1,9 [192, 6.207]. Тәмен концентрациядағы ерітінділерде ( $10^{-5}$  М) ПК жоғарыда аталған сынақ объектілері үшін сәйкесінше 2,5; 3,1 және 2,9 құрады. Қиярда ПК  $\text{ZnSO}_4$  және  $\text{CdCl}_2$   $10^{-3}$ ,  $10^{-4}$ ,  $10^{-5}$  М ерітінділерде 5,9; 5,5; 2,5 және 7,9; 6,1; 2,1 көрсеткіштеріне сәйкес келді, бұл осы ерітінділер уыттылығының тәмен әсерін көрсетеді. ПК тәмен мәндері өскіндердің тепе-тендігін білдіреді. Әртүрлі әдістемелік тәсілдер арқылы алынған өзара салыстырылатын нәтижелерді алу үшін біз барлық тіркелген тест-реакциялар негізінде **уыттылық индексін (УИ)** және барлық параметрлер бойынша орташа УИ есептелінді. Өскін ұзындығы мен тамырының өзгеру көрсеткіштеріне негізделген биотестілеу әдісінің сезімталдығы жоғары болып шықты. Сонымен,  $10^{-3}$  М  $\text{CuSO}_4$  ерітіндісінде УИ өскіндер мен тамырдың ұзындығының өзгеруі бойынша қиярда 0,05 және 0,07, қызанақта – 0,04 және 0,35, бұрышта – 0,55 және 0,9 құрады. Уыттылық шкаласы бойынша бұл I классқа сәйкес келеді ( $< 0,50$ ) – сынақ объектісінің өлүіне әкелетін ультра жоғары уыттылық, ал  $10^{-5}$  М – де бұл көрсеткіштер қиярда-0,83 және 1,19; қызанақта – 1,02 және 0,7; қырыққабатта-0,77 және 0,9, бұл V классқа (0,91-1,10) – нормаға және IV класс (0,71–0,90) фактордың тәмен уыттылығына сәйкес келеді. УИ биомассаның өсу параметрлері бойынша тест объектілері, концентрациясы және ауыр металдар түрлеріне байланысты да ерекшеленеді. Мыс иондарының жоғары және мырыш иондарының тәмен уыттылығын  $\text{CuSO}_4$   $10^{-3}$  М ерітінділерінде, яғни қиярда 0,04 және 0,31; қызанақта 0,33 және 0,11; бұрышта 0,77 және 0,53, ал  $\text{ZnSO}_4$  – те – қиярда 0,85 және 0,45; қызанақта 0,76 және 0,56; бұрышта 1,04 және 0,60, көрсеткіштеріне ие екендігін көрсетеді. Өнү энергиясының сынақ реакциясы бойынша бірдей заңдылық белгіленеді. УИ  $\text{CuSO}_4$   $10^{-3}$  М ерітіндісінде қиярда 0,44; қызанақта 0,49 және бұрышта 0,49, ал  $\text{CuSO}_4$   $10^{-5}$  М – қиярда 1,29; қызанақта 1,10; бұрышта 0,71 УИ көрсетіп, V классқа (0,91–1,10) сәйкес келді – норма және VI класс

(>1,10) – тест-объектке фактордың ынталандыруши әсері бар екендігі анықталды. УИ сынақ объектісіне, концентрациясына және ауыр металдар түріне байланысты әртүрлі сынақ реакциялары бойынша ерекшеленетінін көруге болады. Соңдықтан ортаның уыттылық дәрежесі туралы толық суретті жасау үшін тест-реакциялар индикаторларының кешенін пайдалану керек.  $\text{CuSO}_4$ ,  $\text{ZnSO}_4$  және  $\text{CdCl}_2 10^{-5}$  М тәмен концентрациясы бар нұсқалардағы қиярдың барлық сынақ реакциялары бойынша УИ орташа мәні – 1,11; 1,16; 0,9 сәйкес келеді. Уыттылық шкаласы бойынша бұл көрсеткіштер сынақ объектісіне ынталандыруши әсер ететін фактор – VI класс (> 1,10) шегінде болды. Сол нұсқалардағы қызанақ өсімдіктері үшін-1,04; 1,0; 1,0, бұл V классқа сәйкес келеді (0,91–1,10) – норма. Бұрыш үшін де солай. Ең ақпараттысы  $\text{CuSO}_4$ ,  $\text{ZnSO}_4$  және  $\text{CdCl}_2 10^{-4}$  М концентрациясы болды. Сонымен, УИ қияр үшін- 0,74; 0,76; 0,73; қызанақ үшін – 0,51; 0,79; 0,84 және бұрыш үшін – 0,76; 0,9; 0,87 көрсеткіштеріне сәйкес келеді. Бұл көрсеткіштер IV класс (0,71–0,90) – тәмен уыттылық және III класс (0,50–0,70) – фактордың орташа уыттылығы шегінде жатыр. УИ орташа көрсеткіштері бойынша бұрыш → қызанақ → қияр ауыр метал тұздарының әсеріне ең төзімді болып шықты [197, б.208].

Ауыр металдардың қияр, қызанақ және бұрыш дақылдары тұқымдардың себу сапасына және өскіндерінің биометриялық сипаттамаларына әсерін зертханалық жағдайда бағалау нәтижелері бойынша олардың жоғары мөлшерлерінің теріс әсерін және тәмен концентрациясы ынталандыруши әсер ететіндігі анықталды. Көкөніс дақылдарының тұқымдары мен өскіндері  $\text{CuSO}_4$ ,  $\text{ZnSO}_4$  және  $\text{CdCl}_2$  әсеріне шекті сезімталдығы әртүрлі болды. Тұқымның өну процесі ауыр металл тұздарының әсеріне төзімді. Алайда, концентрацияның жоғарылауы оны да тәмендетеді. Тұқымның ауыр металдарға төзімділігі олардың тұқым қабығындағы жинақталуымен байланысты, бұл эмбрионға улы әсер етудің алдын алады. Көкөніс дақылдары көптеген көрсеткіштер бойынша ауыр металл тұздарына әр түрлі төзімділікке ие болды. Сонымен, шалғам (редиска) мен қырыққабат көшеттерімен салыстырғанда қияр көшеттері металдың жоғары концентрациясына ең сезімтал болды, ал тәмен концентрацияда барлық сынақ объектілерінде әртүрлі сынақ реакциялары бойынша бақылау нұсқасынан біршама асып түсті. Қияр, шалғам, қырыққабат өскіндерінің ауыр металл тұздарының әртүрлі түрлеріне реакциясы әрқалай екендігі байқалды: мыс - ең улы әсер көрсетсе, мырышпен жүргізілген нұсқаларда ең аз сезімталдық көрсеткіштер көрсетті. Өсімдіктің жеке мүшелерінің зерттелетін тұздардың әсеріне реакциясы да ерекшеленеді. Тамыр жүйесі (негізгі тамыр және бүйірлік) иондарды өсімдіктерге тасымалдау жолындағы бастапқы кедергі ретінде ең үлкен тежелуге ұшырады. Өркендердің өсуі, тіпті жоғары концентрация нұсқаларында да айтарлықтай тежеле қоймады. Осылайша, жүргізілген зерттеулер ауыр металл тұздарының қырыққабат, шалғам және қияр өсімдіктеріне әсерінің айтарлықтай өзгергіштігі бар екенін көрсетті. Дегенмен, қолданылған әдістер ауыр металл тұздарының теріс немесе оң әсерінің толық бейнесін береді және берілген сынақ

параметрлерінің сезімталдығын бағалау үшін де, өсімдіктердің төзімді түрлері мен сорттарын тандау үшін де қолданыла алады [197, б.208].

Ксенобиотиктер ақжелкен, аскек, салат сияқты жасыл көкөніс дақылдарын ең көп сініреді және шоғырландырады. Себебі, ауыр металдар, радионуклидтер сияқты, вегетативті органдарда жиналуға бейім. Сонымен қатар, іс жүзінде жемістер қауіпті элементтерден таза болып қалады. Сондықтан ауыр металдар ШРК-дан асып кеткен топырақта жасыл көкөніс дақылдары өсірілмейді. Кадмий мен қорғасын концентрациясы минималды болатын топыраққа терең енетін қуатты тамыр жүйесі бар дақылдар да төзімді деп танылады. Оларға цуккини, қызанақ, қырыққабат, асқабақ және қызылша жатады. Пияз, шалғам және сарымсақты ластанған топырақта өсіру мүмкін емес.

Суару дәрежесінің өсімдіктердің ауыр металдарды сініруіне әсері туралы ақпарат бар. Үзіліссіз суару тамыр жүйесін жерге тереңірек енуге мәжбүр етеді, бұл өсімдікке ксенобиотиктердің тұсуін азайтады. Жиі мол суару тамырлардың үстірт орналасуына және көкөніс өнімдерінің сапасының жоғалуына әкеледі.

Ерте пісетін сорттарда зиянды заттарды аз жинақталатындығы тәжірибе жүзінде дәлелденді. Ластанған жерлерде қауіпсіз өнім алу үшін тез пісетін сорттарды өсіруге болады, ал кеш пісетін сорттарды көкөніс ауыспалы егістерінен алып тастаған жөн.

Өнеркәсіп пен көлік коммуникацияларының қарқынды дамуы, пайдалы қазбаларды игерудің қарқындылығы, ауыл шаруашылығын белсенді химияландыру жағдайынан табиғи ортаның, яғни ең алдымен топырақ пен өсімдіктердің ластану денгейін күрт жоғарылатты. Антропогендік көздерден келетін әртүрлі химиялық заттардың арасында улылығы жоғары ауыр металдар ерекше орын алады. Ауыр металдар заттардың биологиялық айналымына еніп, адам ағзасында жинақталуы мүмкін. Олардың шамадан тыс жинақталуы табиғи кешениң тұтастырын бұзудың себепшісі болуы мүмкін. Ең улы ауыр металдарға канцерогендік қасиеті бар кадмий, қорғасын, мырыш, никель, мыс, кобальт тұздары жатады. Экожүйенің құрамдас бөліктерінде олардың миграциясы және қайта таралуы табиғи факторлардың бүкіл кешеніне де, техногенездің қарқындылығы мен сипатына да байланысты [200-204].

Әдетте, ауыр металдардың жоғары концентрациясында өркендер өсуінің тежелуі, тамырларға қарағанда айқын байқалады. Осының нәтижесінде өркендердің биіктігі мен жапырақ тақталарының көлемі кішірейеді, жер үсті мүшелерінің биомассасы азаяды, ал дәнді дақылдарда түйін аралық ұзындығы да азаяды. Металдардың әсерінен гүлшоктарының мөлшері, сондай-ақ жемістер мен тұқымдар массасының төмендеуі аз мөлшерде байқалады, себебі, олардың бұл мүшелердегі мөлшері әдетте аз болады, ал генеративті мүшелерге теріс әсері негізінен жанама түрде өтеді. Фотосинтездің негізгі, мамандандырылған органы болып табылатын жапырақтың өсуіне ауыр металдардың әсерін бөлек атап өту керек. Қоршаган ортадағы барлық зерттелетін металдар концентрациясының жоғарылауы фотосинтез және транспирация қарқындылығы төмендеуінің себепшілерінің бірі болып табылатын жапырақ тақтайшасының айтарлықтай төмендеуіне әкеледі [205].

Сынақ нысаны ретінде  $\text{CuSO}_4$ ,  $\text{CdCl}_2$  және  $\text{ZnSO}_4$  ауыр металдарының өсімдіктің тіршілік қабілеттілігіне әсерін зерттеу үшін қияр («Бабушкин внучок» сорты), қызанақ («Новичок» сорты), бұрыш («Атлант F1» гибриды) тұқымдары алынды [206].

Тұқымның өну энергиясы мен өнгіштігін анықтау. Тұқым  $10^{-3}$ ,  $10^{-4}$  және  $10^{-5}$  моль/л концентрациясының диапазонында сәйкес тұз ерітінділерімен суланған сұзгі қағазында Петри табақшаларында өсірдік. Бақылау – тазартылған су. Үлгілерді күндізгі жарық арақатынасы 16:8 болатын климаттық камерада (SANYO) өсірілді. Орташа өсіру температурасы  $23^{\circ}\text{C}$ . Ауыр металдардың уыттылық дәрежесін бағалауға арналған параметрлер: өну энергиясы, зертханалық тұқым өнгіштігі, морфометриялық параметрлер: өркен мен тамыр ұзындығы, жер үсті және астындағы бөліктердің биомассасының жинақталуы. Өсімдіктің өнгіштігі мен өну энергиясы бір уақытта анықталып, пайызben көрсетілді. Ол үшін 25 тұқымды төрт қайталап (барлығы 100 тұқым) санап алдық, оларды тұқымның астынан ылғалдандырылған сұзгі қағазын қойып, Петри табақшаларына біркелкі жайып. Табақшаларды ылғалдандыру күн сайын жүргізілді.

Қызанақтың өну энергиясы - 6, қияр - 3, бұрыш - 7; өнгіштік тиісінше 10; 7 және 15 күнді құрайды.

Зерттеу нәтижелері ауыр металдар ерітінділерінің уыттылық дәрежесі әртүрлі тұқымдастарға жататын өсімдіктер мен сынақ параметрін таңдауға байланысты екенін көрсетті. Тұқымның өнгіштігі мен өсу энергия ауыр металдардың әсер ету реакциясы бойынша айтартықтай ерекшеленеді. Сонымен, бақылауға қарағанда  $10^{-5}$ ,  $10^{-4}$  және  $10^{-3}$  М концентрациясы бар мыс, мырыш және кадмий концентрациясының жоғарылауынан барлық зерттеуге алынған дақылдардың өну энергиясы мен тұқым өнгіштігі төмендеді. Төмен концентрация, керісінше, ынталандыруышы әсер етті.

Зертханалық жағдайда қияр, қызанақ, бұрыш тұқымдарының өнгіштігіне, өсу энергиясына, өсуіне және биомассасының жинақталуына ауыр металл тұздарының әсерін анықтау бойынша зерттеулер жүргізілді. Қияр тұқымдары бойынша нәтижелер 30-ші кестеде берілген.

Кесте 30 – Зертханалық жағдайда қияр тұқымының өнгіштігіне және өсу энергиясына ауыр метал тұздарының әсері

Нұсқалар	Қияр, %		Қызанақ, %		Бұрыш, %	
	3Ә	ӨӘ	3Ә	ӨӘ	3Ә	ӨӘ
$\text{CuSO}_4$	$10^{-3}$	58	25	49	18	32
	$10^{-4}$	87	68	66	25	63
	$10^{-5}$	93	81	93	60	86
$\text{ZnSO}_4$	$10^{-3}$	78	36	33	20	52
	$10^{-4}$	81	65	41	42	75
	$10^{-5}$	91	70	68	49	92
$\text{CoCl}_2$	$10^{-3}$	72	33	30	18	45
	$10^{-4}$	93	41	56	39	76
	$10^{-5}$	95	56	61	37	90
$\text{H}_2\text{O}$ (бақылау)		94	83	91	69	96
						72

30-ші кестеден көріп отырғанымыздай, ең улы әсерді  $10^{-3}$  М  $\text{CuSO}_4$  ерітіндісі көрсеткен, бұл кезде қияр тұқымдарының өсу энергиясы 25%, ал өсу жылдамдығы не бәрі 58% құрады. Сонымен қатар концентрацияның  $10^{-4}$  және  $10^{-5}$  тәмендеуі өсу энергиясы сәйкесінше 87 және 93%, ал өнгіштігі сәйкесінше 68 және 81% құрады [206, б.129].

$\text{ZnSO}_4$  бойынша зертханалық өнгіштігі - 78, 81 және 91%, өну энергиясы - 36, 65 және 70% сәйкес келеді. Үқас нәтижелер  $\text{CoCl}_2$  тұздарының концентрациясында да алынды. Сонымен, жоғары концентрацияда қияр тұқымының зертханалық өнгіштігі 72% болса, тәмендетілген концентрацияда өнгіштігі 93 және 94% дейін жоғарылады. Өну энергиясы концентрацияға байланысты 33-тен 56-ға дейін өзгерді. Бақылау нұсқасында өнгіштік 94%, өну энергиясы 83% құрады. Қызанақтар үшін  $\text{CoCl}_2$  ерітіндісі ең улы болып шықты, ейткені зертханалық өнгіштік және өну энергиясы, тіпті талданатын концентрациялардың ең тәменгі деңгейінде де, бақылау диапазонының мәндерінен тәмен болды, ал ерітінді концентрациясы  $10^{-3}$  болғанда, сәйкесінше 30% және 18% болды.  $\text{CuSO}_4$  ерітіндісі улылығы аз болып шықты, ал ең тәменгі концентрацияда зертханалық өнгіштік пен өну энергиясының мәні сәйкесінше 93% және 60% болды, бұл бақылау деңгейімен пара-пар болды.

Бұрыш тұқымдары үшін  $\text{CuSO}_4$  тұздарының концентрациясы ең улы болып шықты.

Зертханалық жағдайда тұздардың әсерінен өскіндердің өну энергиясы, өнгіштігімен, қатар өміршендігі және биомассаның жинақталуыда (кесте 31) бағаланды.

### Кесте 31 – Қияр көшеттерінің өміршендігіне тұздардың әсері

Нұсқалар		Өскін, см	Тамыр, см
$\text{CuSO}_4$	$10^{-3}$	$1,2 \pm 2,3$	$0,7 \pm 0,8$
	$10^{-4}$	$4,2 \pm 1,1$	$3,9 \pm 1,2$
	$10^{-5}$	$5,9 \pm 1,5$	$6,2 \pm 1,1$
$\text{ZnSO}_4$	$10^{-3}$	$2,3 \pm 1,2$	$1,4 \pm 1,1$
	$10^{-4}$	$3,5 \pm 0,9$	$2,6 \pm 1,0$
	$10^{-5}$	$6,1 \pm 1,3$	$3,9 \pm 1,2$
$\text{CoCl}_2$	$10^{-3}$	$1,7 \pm 3,2$	$1,3 \pm 1,0$
	$10^{-4}$	$2,3 \pm 1,7$	$1,9 \pm 1,5$
	$10^{-5}$	$3,9 \pm 1,1$	$2,9 \pm 1,4$
$\text{H}_2\text{O}$ (бақылау)		$5,7 \pm 1,6$	$6,8 \pm 1,3$

Өскіндер мен тамырлардың өсуіне  $10^{-3}$  М нұсқаларында мыс иондарының жағымсыз әсер етті. Осылайша, қиярдағы өскін мен тамыр ұзындығының үлғауы 1,2 және 0,7 см, бақылауда тиісінше - 5,7 және 6,8 см болды.  $\text{ZnSO}_4$  және  $\text{CoCl}_2$  ерітінділеріндегі өскіндер мен тамырлар ұзындығының үлғауы сәл жоғары тиісінше 2,3; 1,4 мм және 1,7; 1,3 см құрады.

Концентрацияның тәмендеуімен қиярдың өскіндері мен тамырларының өсуінде жоғарылау үрдісі байқалды. Сонымен, мырыш қосылған ерітіндідегі  $10^{-3}$

<sup>4</sup> концентрацияда өркен 3,5, тамыр 2,6 см болды. Концентрацияны  $10^{-5}$ -ке дейін төмендеткен кезде бұл көрсеткіштер сәйкесінше 6,1 және 3,9 см болды [206, 6.130].

Қызанақ көшеттері үшін де ауыр металдардың концентрациясының жоғарылауымен өскіндер мен тамырлардың ұзындығының қысқару үрдісі байқалды (кесте 32).

Қызанақ тұқымдарының өнуі ауыр металдардың әсеріне айтарлықтай төзімді болып шықты. Қызанақтың тамыры мен өскін өлшеу кезінде, мыс тұздарының ерітіндісінде ең айқын тежелу байқалды, ал мырыш және кадмий тұздарының ерітінділерінде өсіру кезінде бұл әсер төмен дәрежеде байқалғаны анықталды. Металл тұздарының қоспалары бар ерітіндідегі тұқымның өнуіне жасалған тәжірибе  $\text{CuSO}_4$  ерітіндісі ең төменгі концентрацияларда улы болып шыққанын көрсөтті. Сонымен, қатар тұқымның өнуі кезінде улы әсер оның  $10^{-5}$  концентрациясында басталды. Ең жоғары тежелу  $10^{-3}$  максималды дозада бақылаумен салыстырғанда барлық нұсқаларда байқалады.

Кесте 32— Қызанақ көшеттерінің өміршендігін анықтау

Нұсқалар		Өскін, см	Тамыр, см
$\text{CuSO}_4$	$10^{-3}$	$0,5 \pm 0,9$	$1,1 \pm 1,0$
	$10^{-4}$	$1,9 \pm 1,3$	$1,8 \pm 1,04$
	$10^{-5}$	$2,1 \pm 0,6$	$2,5 \pm 1,9$
$\text{ZnSO}_4$	$10^{-3}$	$1,9 \pm 0,6$	$1,6 \pm 0,6$
	$10^{-4}$	$2,3 \pm 0,5$	$2,0 \pm 0,4$
	$10^{-5}$	$3,5 \pm 0,6$	$3,2 \pm 2,2$
$\text{CoCl}_2$	$10^{-3}$	$1,3 \pm 1,1$	$1,6 \pm 0,6$
	$10^{-4}$	$1,9 \pm 0,9$	$2,5 \pm 1,1$
	$10^{-5}$	$2,3 \pm 0,4$	$3,2 \pm 0,8$
$\text{H}_2\text{O}$ (бақылау)		$3,2 \pm 0,9$	$3,6 \pm 1,1$

Бұрыш көшеттерінің өміршендігін анықтау нәтижелері 33-ші кестеде келтірілген.

Кесте 33— Бұрыш көшеттерінің өміршендігін анықтау


Нұсқалар		Өскін, см	Тамыр, см
$\text{CuSO}_4$	$10^{-3}$	$1,5 \pm 0,5$	$1,1 \pm 1,0$
	$10^{-4}$	$1,5 \pm 1,1$	$1,8 \pm 1,4$
	$10^{-5}$	$2,3 \pm 0,8$	$2,0 \pm 0,9$
$\text{ZnSO}_4$	$10^{-3}$	$2,5 \pm 0,5$	$1,0 \pm 0,7$
	$10^{-4}$	$3,1 \pm 0,9$	$1,4 \pm 0,8$
	$10^{-5}$	$4,2 \pm 0,7$	$3,1 \pm 1,2$
$\text{CoCl}_2$	$10^{-3}$	$2,1 \pm 1,1$	$1,4 \pm 0,8$
	$10^{-4}$	$2,3 \pm 0,4$	$1,8 \pm 1,2$
	$10^{-5}$	$3,6 \pm 0,7$	$2,2 \pm 0,8$
$\text{H}_2\text{O}$ (бақылау)		$4,1 \pm 1,3$	$2,3 \pm 1,0$

Сонымен,  $10^{-3}$  M CuSO<sub>4</sub> ерітінділерінде өскін мен тамырдың өсуі сәйкесінше 1,5 және 1,1 см,  $10^{-4}$  M - 1,5 және 1,8 см және  $10^{-5}$  M - 2,3 және 2,0 см болды. ZnSO<sub>4</sub> бар нұсқаларда бұл көрсеткіштер жоғары болды. Тамыр түзілу процесі ауыр металдардың әрекетіне ең сезімтал болып шықты. Сонымен, бақылау өсімдіктерінің тамыр ұзындығы 2,3 см, өскін ұзындығы 4,1 см, ZnSO<sub>4</sub> ерітінділерінде бұл көрсеткіштер  $10^{-4}$ -және  $10^{-5}$ -те 1,4-ке сәйкес келді; 4,2 см және тиісінше 3,1 және 3,9. Дәл осында үрдіс кобальт тұздары бар нұсқаларда сақталған [206, б.131].

Тамырлардың ауыр металдардың концентрациясының жоғарылауына реакциясын әмбебап деп санауга болады. Мыс, мырыш және кобальт иондарының төмен концентрациясы ( $10^{-5}$  M) өскіндердің морфометриялық параметрлеріне ынталандыруышы әсер етті. Дегенмен, зерттелген сынақ объектілерінің реакциясы бір жақты болмады. Осылайша, CuSO<sub>4</sub> ерітінділерінде барлық тексерілген дақылдардың өскіндерінің өсуі бақылау нұсқаларынан асып түсті. ZnSO<sub>4</sub> ерітіндісі ең қолайлы болып шықты, онда барлық сынақ объектілері бақылауға қарағанда жоғары өсу көрсеткіштеріне ие болды.


Өсімдіктер мен оның мүшелерінің өсуін сипаттайтын маңызды көрсеткіш биомассаның жинақталуы болып табылады (36-38 суреттер).

Нұсқалар бойынша ауыр металдардың жоғары концентрациясында ерітінділерінде өркендер мен тамырлар биомассасының жоғарылауы тежеледі. Ауыр металдар тамырдың өсуіне ең тежегіш әсер етеді. Сонымен, қызанақ көшетінде  $10^{-3}$  M мыс, мырыш, кобальт ерітінділерінде ол - 0,9 болды; 1,9 және 1,8 см. Бірдей нұсқаларда ерітіндіде  $10^{-5}$  M- $10^{-4}$  2,7 3,0; 2,1 және 1,8 - тиісінше 2,3 және 0,9.  $10^{-3}$  M CuSO<sub>4</sub>, ZnSO<sub>4</sub> және CoCl<sub>2</sub>-де өскін биомассасының ұлғаюы 1,3; 2,1 және 2,1 см,  $10^{-5}$  M-де -  $10^{-4}$  2,4; 3,7 және 2,9 - 2,3; тиісінше 2,8 және 1,5. Бақылауда тамыр биомассасының ұлғаюы 3,8; өскіндердің өсуі - 3,6 см болды.



Сурет 36 – Қызанақ биомаммасының жинақталуы


Қияр көшеттері биомасса өсу параметрлері бойынша зерттелген дақылдардың ең тұрақтысы болып шыкты. Осылайша,  $10^{-3}$  M CuSO<sub>4</sub>, ZnSO<sub>4</sub> және CoCl<sub>2</sub> ерітінділеріндегі тамыр биомассасының ұлғауы бақылаумен салыстырғанда 17; 47 және 36%, ал өркендер тиісінше 40; 88 және 94% болды.  $10^{-5}$  M ерітінділерде тамырдың өсуі 134; 138 және 153%, өркендер тиісінше 112; 122 және 113% құрады [206, б.132].



Сурет 37 – Қияр биомассасының жинақталуы

$10^{-3}$  M мыс, мырыш, кобальт ерітінділеріндегі қияр тамырының көшетінде ол 2,3 болды; 2,1 және 1,8 см  $10^{-5}$  M –  $10^{-4}$  ерітіндісінде бірдей нұсқаларда - 6,3; 8,0 және 5,9 - 4,1; тиісінше 5,1 және 2,5.  $10^{-3}$  M CuSO<sub>4</sub>, ZnSO<sub>4</sub> және CoCl<sub>2</sub>-де өркен биомассасының ұлғауы 2,3; 2,6 және 2,2 см,  $10^{-5}$  M-де -  $10^{-4}$  тиісінше 6,2; 8,4; 6,3 және 4,3; 5,3; 2,9. Бақылауда тамыр биомассасының ұлғауы 8,3; өркендер - 8,1 см [206, б.132].

Бұрыш көшеттерінің биомассасының жинақталуы бойынша нәтижелер 36-шы суретте көрсетілген.



Сурет 38 – Бұрыш биомассасының жинақталуы

Басқа нұсқалардағы сияқты, бақылау нұсқасымен салыстырғанда бұрышта да тамыр жүйесінің өсуінің тежелуі байқалды. Мәселен, мыс, мырыш, кобальт  $10^{-3}$  M ерітінділерінде бұрыш көшетінде ол - 1,1 болды; 1,3 және 1,6 см. Бірдей нұсқаларда  $10^{-5}$ M- $10^{-4}$  ерітінділерінде тиісінше 2,7; 3,9; 2,8 және 0,5 - 0,5; 1,6 және 2,1.  $10^{-3}$ M  $\text{CuSO}_4$ ,  $\text{ZnSO}_4$  және  $\text{CoCl}_2$ -де өркен биомассасының ұлғауы  $10^{-5}$  M 1,7; 2,6 және 2,3 см; ал  $10^{-4}$  концентрациясында тиісінше 2,5; 4,6 және 3,7 - 2,1; 3,3 және 2,8. Бақылауда тамыр биомассасының ұлғауы 4,3; өркендер - 4,5 см.

Сонымен, барлық зерттелетін көрсеткіштерге (зертханалық өнгіштікке, өсу энергиясы мен өскіндердің өміршендігіне)  $10^{-3}$  ауыр металдардың ( $\text{CuSO}_4$ ,  $\text{ZnSO}_4$ ,  $\text{CoCl}_2$ ) жоғары концентрациясы қатты өсер етеді.

Биомассасың ұлғауы сынаққа алынған объектілерде, концентрацияларда және ауыр металдар түрлері бойынша да ерекшеленеді.

Қияр, қызанақ және бұрыш көшеттерінің тұқымдарының егістік сапасына және биометриялық сипаттамаларына ауыр металдардың өсерін зертханалық бағалау олардың жоғары дозада теріс өсерін және тәмен концентрацияда ынталандыруши өсерін көрсетті. Көкөніс дақылдарының тұқымдары мен көшеттерінің  $\text{CuSO}_4$ ,  $\text{ZnSO}_4$  және  $\text{CoCl}_2$  өсеріне шекті сезімталдығы әртүрлі. Тұқымның өну процесі ауыр металдар тұздарының өсеріне тәзімдірек болып шықты. Алайда, жоғары концентрацияларда оның тәзімділігі тәменdedі. Тұқымның ауыр металдарға тәзімді болуы олардың ұрық қабығында жиналуымен байланысты, бұл эмбрионға улы өсер етпейді. Көкөніс дақылдары көптеген көрсеткіштер бойынша ауыр металдардың тұздарына әртүрлі дәрежеде тәзімді болып келеді. Осылайша, қияр көшеттері қызанақ және бұрыш өсімдіктерімен салыстырғанда жоғары металл концентрациясына ең сезімтал болды, ал тәмен концентрацияларда әртүрлі сынақ реакцияларына сәйкес барлық сынақ объектілеріндегі мәндер бақылау мәндерінен сәл асып кетті.

Қияр, шалғам, қырыққабат көшеттерінің ауыр металл тұздарының әртүрлі түрлеріне реакциясы тең еместігі атап өту керек: ең улы өсер мыс және ең азы мөлшері мырыш қосылған нұсқаларда көрсетілген. Зерттелетін тұздардың өсеріне өсімдіктің жеке мүшелерінің реакциясы да әртүрлі болды. Тамыр жүйесі (негізгі тамыр және бүйірлік) өсімдіктерге иондарды тасымалдау жолында негізгі кедергі ретінде ең үлкен тежелуге ұшырады. Өскіннің өсуін басу соншалықты маңызды емес, тіпті жоғары концентрация нұсқаларында.

Осылайша, жүргізілген зерттеулер қызанақ, бұрыш және қияр өсімдіктеріне ауыр металл тұздарының өсер етуінде айтарлықтай өзгергіштік бар екенін көрсетті. Соған қарамастан бірге қолданылатын әдістер ауыр металл тұздарының теріс немесе оң өсерінің кескінін береді және берілген сынақ параметрлерінің сезімталдығын бағалау үшін де, тәзімді өсімдік түрлері мен сорттарын таңдау үшін де пайдаланылуы мүмкін [206, б.134].

## 4.2 Құрғақ массаның жинақталу динамикасы және топырақтағы ауыр металдар шоғырына тәуелді картоптың өнімділігі

Тәжірибеде топыраққа NPK(азот, фосфор, калий) және Zn, Pb ауыр металдарының әр түрлі концентрациядағы тұздарын енгіздік [207].

Тәжірибелің сұлбасы келесі нұсқалардан тұрады:

1. NPK
2. NPK+Zn<sub>75</sub>
3. NPK+Zn<sub>150</sub>
4. NPK+Zn<sub>300</sub>
5. NPK+Zn<sub>500</sub>
6. NPK+Pb<sub>50</sub>
7. NPK+Pb<sub>100</sub>
8. NPK+Pb<sub>200</sub>
9. NPK+Pb<sub>500</sub>

Біздің егістік жағдайында картоп дақылымен жүргізілген зерттеулеріміз «ТЕНИЛ» шаруа қожалығында жүргізілді.

34- ші кестеден топырақты жасанды жолмен ластандыру орташа деңгейге дейінгі нұсқаларда Zn және Pb теріс әсер етпегенін көруге болады. Топырақтағы мырыш мөлшерінің жоғарылауымен оның түйнектер мен тамыр дақылдарындағы мөлшері 2,0 есе өсті. Топырақтың қорғасынмен ластануы оның картоп түйнектеріндегі құрамына әсер етпеді. Қорғасынның әсерінен Zn мөлшері жоғарылаған. Мырыштың әсерінен тамыр дақылдарында pH мөлшері артты. Zn ластануының орташа деңгейінде де тамырлы дақылдар ШРК-ға сәйкес келеді.

Кесте 34 – Картоп өсімдіктерінің егістік жағдайда N, P<sub>2</sub>O<sub>5</sub>, K<sub>2</sub>O ығыстыру динамикасы

№	Тәжірибе нұсқалары	Түйнектерде, мг/кг			Пәлектерде, мг/кг		
		N	P <sub>2</sub> O <sub>5</sub>	K <sub>2</sub> O	N	P <sub>2</sub> O <sub>5</sub>	K <sub>2</sub> O
1	NPK	15,1±1,2	82±13,5	350±21,5	325±16,5	75±1,6	540±20,36
2	NPK+Zn <sub>75</sub>	165±11,3	90±4,8	351±32,5	435±14,9	100±14,6	728±26,87
3	NPK+Zn <sub>150</sub>	125±7,8	67±5,6	281±31,9	300±17,6	82±7,9	495±21,6
